Бұлардың әрқайсысының жасалу жолдарын композициялық мағыналық қарым-қатынасын айқындап көрсетіп береді. Т.Р.Қордабаевтың осы жіктеуі кейін көп өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Бұл оқулық қазақ тілін оқып зерттеудің әлі де болса, рухани қажетін өтей беретін еңбек деп бағалауға болады. Т.Р.Қордабаев бұл еңбегін кейін де құрмалас сөйлем синтаксисіне байланысты мәселелерге мезгіл-мезгіл үн қосып отырды. Көз көргендердің айтуынша, Т.Р.Қордабаев құрмалас сөйлем синтаксисі туралы ойларын толықтырып, өңдеп, жаңа тың пікірлер қосып, «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем синтаксисі» атты еңбегін баспаға тапсырған. Алайда әлі жарияланған жоқ. Т.Р.Қордабаев сіңірген ерекше еңбегі — «Қазақ тілі синтаксистік құрлысының тарихы». Бұл еңбегінде айрықша атап көрсетерлік жайт, ғалымның нақты тілдік материалдар арқылы синтаксистік құрлыстың, синтаксистік бірліктердің өзгеріп, даму жолын көрсетеді, паратаксистің гипотаксиске бұрын болғанына нақты тілдік материалдар арқылы көз жеткізуі.

Т.Р.Қордабаев синтаксиске байланысты пікір айтқан бір саласы — синтаксистік құрлыстардың әр түрлі стильдегі қолданысы. Бұған байланысты біз ғалымның «Поэзиялық шығармалардың синтаксистік құрылысы», «Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі», «Мақал-мәтел синтаксисі» еңбектерін аламыз. Қазақ тіл білімінде жаңа ғана қолға алына бастаған күрделі синтаксистік тұтастық мәселесін зерттеуді алғаш күн тәртібіне қойған ғалым Т.Р.Қордабаев.

Өлең тармағының синтаксистік құрылысы туралы Т.Р.Қордабаев былай дейді: «Егер шумақты басқаларға тәуелсіз өз алдына бір бүтін деп қарасак, тармақты сол бүтіннің бөлшегі деп қарау керек». Мейлі салалас сөйлем болсын, мейлі сабақтас сөйлем болсын бір тармақ ішіне сыйып келген жағдайда олардың компоненттері арасында айрықша интонация, пауза дегендер болмайды. Өйткені белгілі бір интонацияға, паузаға ие болатын тармақ қана. Ал тармақ ішіне сыйып келген құрмалас сөйлем компоненттері өлең жолының бір бунағы тәрізді болып тұрады. Бұдан поэзиядағы интонация, пауза сөз тіркесінің синтаксистік сипатына, яғни сөйлем болу, болмауына ғана байланысты емес, одан гөрі өлең ырғағына байланысты, соған тәуелді деген қорытынды жасауға болады [1; 181].

Синтаксистік негізгі единица болып табылатын жай сөйлем мақал-мәтелде де қазіргі әдеби тіліміздегі тәріздес құрамда кездеседі. Мысалы: *Шабан үйрек бұрын ұшар*.

Мақал-мәтел синтаксисінде етістік екі-үш формалық құбылыстарда ғана қолданылады және негізінде екінші, үшінші жақта, келер шақта айтылады.

Мақал-мәтел синтаксисінің ерекшелігі — сөйлемдегі сөздер санының мейлінше аз, сөйлемнің өте ықшамды болатындығында.

Т.Р.Қордабаев мақалда кездесетін салалас құрмалас сөйлем компоненттері бір-бірімен берік, тығыз байланыста болмайды. Олар өзара нашар байланысады да, әрқайсысы өз дербестіктерін сақтап, қай жағынан болса да бір-бірінен тәуелсіз тұрады деп атап көрсетеді [1; 231].

Мақал синтаксисінің өзіндік тағы бір ерекшелігі мұнда екі жай сөйлем ғана емес, сонымен бірге екі түрлі құрмалас сөйлем де бір-бірімен құрмаласып келе береді. Мысалы: *Қаз келсе, жаз келер*. Мақалда кездесетін сабақтас сөйлемнің негізгі түрі шартты рай арқылы жасалатын қарсы мәнді сабақтастар мен салыстырма бағыныңқылы сабақтастар кездеседі, ал мезгіл бағыныңқылы түрі мақалда кездеспейді деуге боларлық [1; 237]. Мақалда есімше арқылы жасалатын сабақтас құрмалас сөйлем мынадай формаларда көрінеді.

1. Бағыныңқылы компонент баяндауышы *ша*, *-ше* жұрнақты өткен шақтық есімшеден болады да, екі компоненттегі әрекет бір-біріне қарама-қарсы қойыла салыстырылады.

2. Бағыныңқы компонент баяндауышы жатыс жалғаулы келер шактық есімшеден болады да, бағыныңқылы компонент басыңқымен мезгілдік қатынаста тұрады. Мысалы: *Ешкіні тәңір атарда, қойшының таяғына душар болады.*

Қорыта келгенде, Т.Р.Қордабаев қазақ тіл білімінің дамуында өзіндік орны бар, осы ғылымға айрықша көп еңбек сіңірген ғалым екеніне көзіміз жеткенін айтуға тиіспіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тілтанудағы тұлға: Профессор Т.Р.Қордабаевтың 90 жылдығына арнал. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Қарағанды, 2005. — 335 б.
- 2 Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. — Алматы: ҚазССР Ғылым академиясы, 1967. — 83-б.
- 3 Құрышжанов Ә. Төлеубай Рахымжанович Кордабаев (70-летию) // Советская тюркология. — 1985. — № 6. — С. 25–36.
- 4 Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі: Оқу құралы. — 2-бас. — Алматы: Санат, 1995. — 10-б.

С.А.Кенжеғалиев, С.Б.Иманбаева

Вклад Т.Р.Кордабаева в языкознание

В статье рассматриваются лингвистическое наследие Т.Р.Кордабаева и вклад, внесенный им в общее языкознание, а также то, что он впервые систематизировал историю казахского языкознания и определил уровень исследования каждой отрасли. Авторами отмечается особая роль Т.Р.Кордабаева в формировании и развитии казахского языкознания, сделан системный анализ актуальных проблем, приведенных в труде ученого «Общее языкознание».

The article considers the contribution and linguistic heritage of T.R.Kordabayev which in its turn is mentioned in the general linguistics; it is about his first systematized work on the history of Kazakh linguistics where he determined the research level in each field; he also invested his efforts to the formation and the development Kazakh linguistics.

ӘОЖ 81

С.А.Кенжеғалиев¹, Қ.Қ.Нұржанова²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²КТТИ–Лингва Орталық Қазақстан университеті, Қарағанды

Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары

Мақалада қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарындағы ерекшеліктері мен ұқсастықтары, сабақтас құрмалас сөйлемнің басқа түрлерін салыстыра отырып зерттелуі қарастырылды. Қосымша, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас зерттелу тарихы мен жалпы сипаты көрсетілген. Осы синтаксистік құбылыстың зерттелу тарихына көз жүгірте отырып, олардың қолданылу аясы ерекшеліктерінің қазіргі таңда да біржақты зерттелмегені айқындалып отыр.

Кілтті сөздер: құрмалас сөйлем, шартты рай, компонент, грамматикалық мағына, ақпарат, интонация, субъект-предикат, көсемше тұлғалы, мысал, жатыс септігі.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемге жай сөйлемдері мағыналық жағынан бір-біріне қайшы келетін сабақтас құрмалас сөйлемдер жатады [1]. Мұндай сөйлемдердің синтаксистік компоненттері арасындағы мағыналық байланыс бағыныңқылардың басқа түрлеріндегідей бірін-бірі толықтап, бірін-бірі сипаттап тұрмайды, керісінше, бір-біріне қарама-қарсы айтылады. Біріншіден, біз қар-

сылықты бағыныңқылы сабақтастарды жасаудағы шартты райлы етістіктерге тоқталамыз. Бұл жолдың өзі екіге бөлінеді.

1. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы етістіктің шартты рай тұлғасында (*-ca, -ce*) тұрады.
2. Шартты райлы етістікке да (*de, ta, te*) дәнекерлігі қосылады.

Енді осының бірінші жолына сөйлемдер келтіре отырып талдаймыз. Мысалы: *Бірі табылса, бірі жоқ* (С.Жүнісов). *Ілгері аттайын десең, алдыңғы жағың тар қойнауға кептеліп қалған* (Ә.Кекілбаев). *Айғайлайын десе, үні шықпайды* (С.Жүнісов). *Түн қараңғысында жасырынып келіп қорқытпақшы болып қылжақбастау жігіт қасына таянса, қойшы түк сезбейді* (С.Жүнісов). *Сенің шаруаң болмаса, біздің шаруамыз бар қызыл комиссарларда* (Х.Есенжанов).

Мысалдағы бірінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (бірінші табылуына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (бірінші жоқтығы) қарсылықты мәнде қолданылса, екінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (ілгері аттағысы келуіне) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (алдыңғы жағының кептеліп қалуы) қарсы мәнде қолданылған. Сол сияқты, үшінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекетке (оның айғайлағысы келуіне) басыңқы компоненттегі іс-әрекет (үнінің шықпауы) қарсылықты мәнде жұмсалған. Дәл осындай төртінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекетке (жігіттің қорқытпақшы болуына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет (қойшының түк сезбеуі) қарсылықты мәнде жұмсалса, бесінші сөйлемнің де бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (оның шаруасы болмауына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (шаруасының болуы) қарсылықты мәнде жұмсалған. Осы бес сөйлемнің барлығына да ортақ грамматикалық мағына — қарсылықтық. Бағыныңқы компонент баяндауышының жасалу жолдары да бірдей (табылса, айтайын десең, айғайлайын десе, қасына таянса, болмаса), етістікке шартты рай тұлғасы жалғану арқылы жасалған. Бұл сөйлемдердің барлығында да екі толық субъект-предикаттық қатынас, екі ой-информация, екі интонация (тиянақты, тиянақсыз) бар. Ендеше, бұл сөйлемдер де — өзіндік грамматикалық белгілері бойынан табылған қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер.

Енді шартты райлы етістікке да (*de, ta, te*) дәнекерлігі қосылу арқылы жасалған қарсылықты бағыныңқылы сабақтастарды талдап көрейік. Мысалы: *Мал өрістен қайтатын кез болса да, мөңіреген сиыр, кісінеген жылқы даусы естілмейді* (С.Жүнісов). *Жалмұқан шірік болса да, мен алдыма шығара алмадым* (С.Жүнісов). *Ол қазір көкжиектен көтеріліп түн ортасы жақындағанын көрсетсе де, Текештің қонақтары жататын емес* (Ә.Әбішев). *Уезімде болып жатқан сорақылықтарды сізден басқалар жасырса да, мен жасыра алмаймын, тақсыр* (Ә.Әбішев). *Есеңгіреп қалса да, атқа үйренген тақымдары құлатпады* (Ғ.Мүсірепов).

Мысалдағы бірінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (малдың өрістен қайтатын кездің болуына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (мөңіреген сиыр мен кісінеген жылқы даусының естілмеуі) қарсылықты мәнде жұмсалса, екінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (Жалмұқанның шірік болуына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (оның алдына шығара алмауы) қарсылықты мәнде жұмсалған. Сол сияқты, үшінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (оның түн ортасы жақындағанын көрсетуіне) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (Текеш қонақтарының жатпауы) қарсылықты мәнде тұр. Дәл осындай төртінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (сорақылықтарды басқаларының жасыруына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (оның жасыра алмайтындығы) қарсылықты мәнде тұрса, бесінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (оның есеңгіреп қалуына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй де (атқа үйренген тақымдарының құлатпауы) қарсылықты мәнде тұр. Осы келтірілген бес сөйлемнің барлығына да ортақ грамматикалық мағына — қарсылықтық. Бағыныңқы компонент баяндауышының да жасалу жолдары бірдей (болса да, шірік болса да, көрсетсе де, жасырса да, есеңгіреп қалса да), етістікке шартты рай тұлғасы жалғанып, оған да (*de, ta, te*) шылауының тіркесуі арқылы жасалған. Бұл сөйлемдердің барлығында да екі толық субъект-предикаттық қатынас, екі ой-ақпарат, екі интонация (тиянақты, тиянақсыз) бар. Ендеше бұл сөйлемдер де — өзіндік грамматикалық белгілері бойынан табылған қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер.

Сөйтіп, біз бірнеше сөйлемдерді талдай отырып, қарсылықты бағыныңқыларды жасауда *-ca* шартты рай тұлғасының маңыздылығына көз жеткіздік. Жоғарыда көрсеткеніміздей, *-ca* шартты рай тұлғасы түбір етістікке немесе болымсыз мәндегі етістікке тікелей жалғануымен де, да дәнекерлігімен тіркесуімен де қарсылықты бағыныңқылы сабақтастарды жасай береді. Мұның бірінші жолын мектеп бағдарламасына алған енгізген ғалым М.Балақаев екендігі Қ.Есеновтің еңбегінен белгілі

[2; 146]. Ал екінші жолына ғалым: «Шартты райлы етістікке да дәнекерлігі қосылу арқылы жасалған бұл жол — ең көне, әріден келе жатқан жол» [3], — деп түсінік береді. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас туралы ғалым Т.Қордабаев: «Қарсылықты бағыныңқыда қарсы мағынада айтылып, қарсылықты мағынаны білдіретін бағыныңқы компонент емес, басыңқы компонент. Бағыныңқы компонентте белгілі бір істі істеу немесе істемеу үшін жасалған әрекет баяндалса, басыңқыда оның керісінше болғандығы баяндалады» [4; 118], — дейді.

Көсемше арқылы жасалған қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер жиі түрде болмаса да, тілімізден орын алады. Бұл ретте бағыныңқы сөйлем баяндауышы әрдайым күрделі болып келеді де, көсемше формасы оларға бірдей жалғанады. Қарсылықты бағыныңқы сөйлем жасауға көбінесе көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғалары бейім келеді. Сонымен қатар, жоғарыда талданған жолдардай, мұнда да екі жақ компонент баяндауыш сөздерінің болымды, болымсыз түрде келіп отырулары да сөйлемнің қарсылық мәнін айқындай түседі.

Әкесінің рұқсаты бола тұра, Гүлнәр Байжанды осы Марфуганың сөзіне қарап үйіне түсірмеді. Кейбір сұраулары бола тұра, Сырбайдың Масақбай туралы айтқан сөздерін Естай бөлген жоқ (С.Мұқанов, ТШ, V-т.). Күн көрісі біреуге байланысты бола тұра, ол жақсы ат мінуді, жақсы киім киуді ұнатады. Дәулеті мол бола тұра, мұншама жасақсыз, мұншама салақ үйді көрген емен (С.Мұқанов, ММ). Секретарь Анатолий Кондраткевичтің қызына Байжанның жуырда үйленетінін біле тұра, бұл жөнінде ресми кеңес үстінде ыңғайсызданды. Гүлнәр Марфуганы сыйлай тұра, көңіліне қарай тұра, шын сүйген Байжанмен бос уақыттарын бірге өткізбей тұра алмады. Осыныша әзірлігі бола тұра, ол тойын жасамай кетті (С.Мұқанов). Көсемше арқылы жасалған қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер түркі тілдерінде де кездеседі.

Қырғыз тілінен: *Өзү жаши, тажрыйбасыз боло туруп, Данко бизди қайсы жаққа алып келип таштады* (М.Горький).

Өзбек тілінен: *План тулиб, биз ишни тухтатиб куймадик.*

Көсемше тұлғалы мұндай сөйлемдердің қарсылықтығы оларды бұрыннан айқындалған жолдарымен алмастырып айтқанда, айқын байқалады.

Бағыныңқы жақ

Түпкі ниеті

Байжанды

ұната тұра

ұната тұрса да

ұната тұрғанмен

ұнатқанына

карамастан

Басыңқы жақ

оған қазір берер

уәдесі жоқ

Көсемшенің *-а, -е* тұлғасында келген қарсылықты бағыныңқыны осы тұлғалас мезгіл, амал бағыныңқы сөйлемдерден ажырата алуымыз қажет. Төмендегі кестедегі сөйлемдерді салыстырыңыз.

К е с т е

-а, -е тұлғалы көсемшелі бағыныңқы сөйлемдер

Қарсылықты бағыныңқы	Мезгіл бағыныңқы	Амал бағыныңқы
Түпкі ниеті Байжанды <i>ұната тұра</i> , оған қазір берер уәдесі жоқ (С.Мұқанов, ТШ, V-т.)	Шай <i>жиыла бере</i> , жастыққа құлай түсті (М.Әуезов, ТШ, I-т.)	Қалжыңы, күлкісі <i>араласа</i> , шай өте көңілді ішілді (С.Мұқанов, ТШ, V-т.)

Есімшелі қарсылықты бағыныңқы сөйлем баяндауышы етістіктің *-ған* тұлғалы есімше түрімен беріледі де, ол көмектес септік формасында (*-ған + -мен*) тұрады. Бұл жол да, *-са* да түріндегідей, тілімізде өте жиі қолданылады. *-ған + мен* формасын қарсылықты бағыныңқының өзіндік төл жолы деп атауға болады. Өйткені бұл жол, жоғарыда талданған басқа амалдардай (*-са, ма + й, -ған + да, -ғанша*), кейде мағыналық жақтан басқа бағыныңқыларды жасай алмайды. *-ған + мен* түріндегі есімше тек қарсылықты бағыныңқы сөйлемдерді жасауға ғана қатынасады. Сондықтан да мұны қарсылықты бағыныңқының меншікті көрсеткіші деп те қарауға болады [2; 55].

Өтебайға сыртым жылтырағанмен, іште жатқан мұз (Б.Майлин). *Арыстан айға шауып мерт болғанмен, артында жортқан баласы арыстандық етпей қоймас. Ақ сұңқар ауға шырмалғанмен, ұясынан ұшқан балапаны сұңқарлық етпей қоймас!* — деген қазақ неткен дана (М.Әуезов). *Қыстың басы тақау болғанмен, әлі қар түсе қойған жоқ* (М.Әуезов). *Немістер о жар қимылдап ілгері басып келе жатқанымен, артына қарайлауы да аз емес еді* (Ғ.Мұстафин).

Мұндай тұлғада келген қарсылықты бағыныңқыны осындай құрылыстағы ескертпе (оқшау) сөйлемнен ажырата алуымыз керек. Атқаны мүлт кетпейтін, Дәулеттің оғы құсқа тие қалса, *сырты қуанған болғанмен*, асыранды құсын атқандай іші ұнатпай күндей қалады. Енді Ташкенттен қозғалса, әрине, майданға беттеуін, *оган жүрегі шымырлай қалғанмен*, Айбарша ақылға жеңгізді де, бір көруін дүниеге балады (С.Мұқанов).

Мұндағы курсивпен терілген тізбектер сырт қарағанда бағыныңқы сөйлем тәрізді болғанмен, олар — ескертпе сөйлемдер. Өйткені мұнда автор белгілі бір құбылыстарды баяндау үстінде оқиға мазмұнынан тысқары өз тарапынан ескерту жасай кетіп тұр.

Мектептерге арналған қазақ тілі оқулықтарында бертінге дейін қарсылықты бағыныңқының жоғарыда сөз болғандарының ішінен тек *-са да*, *-ған + мен* жолдары көрсетіліп келді. Тек қазақ тілі грамматикасының (II-бөлім, синтаксис) өңделіп қайта жазылуына байланысты, 1951 жылдың алтыншы басылуынан бастап басқа жолдары да мектеп оқушыларына оқытыла бастады.

Есімшелі қарсылықты бағыныңқыға байланысты мына бір жайды да аңғарта кеткіміз келеді. Жатыс септік формасындағы есімше *да* дәнекерлігімен қабаттаса айтылғанда да, сөйлем бойында қарсылық мән байқалады. Мұндай мәннің орын алуына, сонымен қатар бағыныңқы, басыңқы компонент баяндауыштарының болымды, болымсыз түрде алмасып келіп отыруы да себеп болады. Бағыныңқы сөйлем баяндауышы аталған формада болымды түрмен берілсе, басыңқыныкі — болымсыз формада, немесе екі жақ баяндауыштары керісінше қолданыста келеді. Қарсылықты бағыныңқының бұл жолы әдеби тілімізден онша көп орын ала қоймайды, ол — ауызекі тілге тән заңдылық. Сондықтан да болу керек, бұл жол қазақ тіл білімінде еленбейді.

Ал түркі тілдерінің қайсыбірлерінде бұл жол қарсылықты бағыныңқының арнаулы бір көрсеткіші болып саналады.

Қырғыз тілінен: Асылбек кат *жазғанда да*, Болатбек катка жооп кайтармакчы емес.

Өзбек тілінен: Бухгалтеримиз столи устида энди асаларилар хам учмас, *учғанда да*, бухгалтер уларга қаралас әди.

Мұндай құрылыстағы қарсы мәнді сөйлемдер қазақ тілінде де (ауызекі тілде) кездесіп қалады: Сен арнайы *келгенде де*, ол бармайтын еді. Сен мұны *айтпағанда да*, оның өзі түсінуші еді.

Бағыныңқының қарамағындағы *да* дәнекері сөйлемге күшейтпелік мән беріп, қарсылықты мазмұндағы ойды бекіте түседі.

Құрмалас сөйлем синтаксисіне арналған зерттеулерде қарсы бағыныңқылы құрмалас сөйлем сабақтастың бір түрі ретінде кейде қаралса, кейде атаусыз қалып отырған. Мұның ең алғаш ауызға ілігуі 20 жылдардан А.Байтұрсынұлы еңбегінен басталады. Онда мұны «ереуіл бағыныңқы» деп атаған да, шартты рай формалы етістіктің *да-де* шылауына тіркесіп айтылуы арқылы жасалатын бір ғана түрі (*Бәрі жабыла тартса да, жүк орнынан қозғалмады*) келтірілген. Қ.Жұбанов жасаған 1936 жылғы оқу бағдарламасында да, 1938 жылы жарияланған Н.Сауранбаев мақаласында да қарсы бағыныңқылы сабақтас деген сөйлем жоқ. 20 жылдан кейін мұның ауызға ілігуі 1939 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты оқулықта. Оқулық сабақтастың бұл түрін «қарсылықты сабақтас» деп атаған да, оның жасалуының екі жолын көрсеткен: бірінші *да-де* шылаулы шартты рай арқылы, екінші көмектес жалғаулы өткен шақтық есімше арқылы Н.Сауранбаевтың педучилищеге арналып 1944 жылы шыққан оқулығында қарсылықты бағыныңқылы деп атап, оның жасалуының үшінші түрін, өткен шақтық есімшенің *ша-ше* жұрнақты түрі арқылы да құрмаласатынын көрсетсе, 1948 жылы жарияланған «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі» атты еңбегінде оны «қайшы сабақтас құрмалас» деп атаған да, алдыңғы еңбегінде қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасаудың бір тәсілі ретінде алынған *ша-ше* жұрнақты есімшенің дәнекерлігі арқылы жасалатын түрін қолданудан шығарып, оның орнына үшінші тәсіл етіп, «бол, ал, бер» етістіктерінің шартты райдың болымсыз түрлерінде айтылуы арқылы жасалатын сабақтастарды жатқызған [5]. Оған: *Әкеңнің өзі айтып бермесе, Абай аналардың қуанышпен қарсы алған көңілдерін мұңайтқысы келмейді* деген мысал береді.

Келтірілген шолудан да байқалатындай, сабақтастың бұл түрі де әр автор ғана емес, бір автордың әр кездегі еңбегінде әр түрлі баяндалып келген. Сол ала-құлалықтардың жойылып, мәселенің бір ізді шешілуі 1961 жылы баспадан шыққан «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулықтан басталады. Терминдік және жасалу жақтарын сөз еткенде бірізділік болмағанына қарамастан, сөйлемге анықтама беруде оны зерттеушілердің барлығы да «қарсы бағыныңқылы сабақтас деп компоненттері мағыналық жақтан бір-біріне қайшы мәнде айтылатын сабақтас құрмалас сөйлемді айтады» деген анықтаманы қолдайды. Бұл анықтама дұрыс.

Компоненттерінің мағыналық қатынастары жағынан алғанда, қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем қарсылықты салалас сөйлемге ұқсас: екеуінің компоненттері де мағыналары бір-біріне қайшы келетін оқиғаларды баяндайды, өзгешеліктері тек құрмаласу тәсілдерінде ғана: бірінші салаласа, екіншісінің сабақтаса байланысатынында. Мысалы: *Ол келді, бірақ мен жолыға алмадым. Ол келгенмен (келсе де), мен жолыға алмадым.*

Компоненттер мағыналарындағы қарама-қарсылықтың түрлері де, олардың көріну тәсілдері де алуан-алуан. Мысалы: *Буржуйлар советтің үнін өшіреміз деп жанталасса да, жұмысшы мен шаруаның еркін тұншықтыра алмайтынына бұл жиналыс айғақ (Х.Есенжанов). Оның «хайуаны да, найсыбы да» мен түсінбейтін сөздер болғанмен, зілді екенін молданың кескінінен байқап отырмын (С.Мұқанов). Жақсы аттың жалы сақталғаныша, жақсы жігіттің ары сақталсын.*

Келтірілген мысалдың біріншісінде бағыныңқы компонентте істелмекші болған әрекет сөз болса, басыңқы компонентте ол әрекеттің жүзеге аспайтындығы баяндалған. Ал мысалдың екінші сөйлемінде ондай екі түрлі субъектінің бір-біріне тікелей қарама-қарсы қойылған әрекеттері жоқ. Мысалдың соңғы сөйлеміндегі компоненттердің мағына қайшылығы алдыңғылардың бірде-біріне ұқсамайды. Мұндағы қайшылық екі түрлі затты (жан мен арды), әрекеті салыстыру, салыстырғанда оларды теңдестіру мәнінде емес, біріне-бірі қарсы қоя салыстыру негізінен келіп туған қайшылық.

Қарсылықты бағыныңқы да қарсы мағынада айтылатын, қарсылық мағынаны білдіретін бағыныңқы компонент емес, басыңқы компонент. Бағыныңқы компонентте белгілі бір істі істеу немесе істемеу үшін жасалған әрекет баяндалса, басыңқыда оның керісінше болғандығы баяндалады. Мысалы: *Келер күндер көз алдына осыныша-ақ айқын елес берсе де, Ушаков ашық алысуға кете алмайтынын сезді. Екі көзі алдында жатқан балада болғанмен, төр жақта айтылып жатқан сөздерге Көпейдің сергек зейін салып отырғаны байқалады (Ғ.Мүсірепов). Күндізгі ыстық, жүріс, кешкі отырыс денені салқытырса да, қиял әлемі талар емес (Х.Есенжанов). Қодардың жазығы жоқ болса да, құн деген үн болмады (М.Әуезов).*

Бағыныңқы компоненттегі белгілі бір іс-әрекеттің, жағдайлардың логикалық нәтижесі болуға тиісті табиғи қорытындысы ретінде күтілген жайлар басыңқы компонентте олай болмай шығады. Мысалы: *Дәркембай екі мықты мырзаның қыспағында отырса да, Құнанбайдың сыртынан соңғы өзін қатты айғайлап айтып қалды. Абайдың құбылысы орасан болғанмен, енді Ербол бұны түсіне бастады (М.Әуезов). Әйелдің аузынан тарыққан сөздер шыққанмен, үнінде жасығандық болмаса бас ұрып құлдық ету сарыны естілген жоқ (Х.Есенжанов). Болыстың биылғы салып отырған шығыны жылдағыдан көп болса да, Оспан аулына жиналған ел ағалары көп керіспей тез келіскен (М.Әуезов).*

Екі компонент арасындағы қарама-қарсылық мағына бағыныңқы компоненттің белгілі баяндауыш формада айтылуы арқылы жасалады. Ондай баяндауыш формасына мыналарды жатқызуға болады [4; 25–36].

1. Бағыныңқы компонент *-да -де* шылауына тіркескен шартты рай формалы етістікке аяқталады. Мысалы: *Анау жанжал уақытында, сол жылдары Күнту басқа жаққа шығып кетсе де, Оразбай оны бір аяғынан іліп қалды. Дәрмен мен Мағаш, Кәкітайлар өздері сүйсінген ойларын аша алмаса да, Абай айтқан жайларға соншалық ынтыға қызығып тыңдайды (М.Әуезов). Жалпы ел малдан безіп, бас қайрысына түскен тәрізді болса да, бай ағайындар кедей туысқаннан малын артық көреді (С.Сейфуллин). Салт аттылары мен ат шана өтіп кетсе де, Әбдірахман терезеге сүйеніп ұзақ тұрды. Хакім қаншама тырысып түрлі болжалға салса да, ойы ешқандай дәлелді пікір тауып бере алмады (Х.Есенжанов). Қатыны шайын дәмдеп құйып берсе де, Егеубай бұрынғыдай жадырап іше алмай, бірер кеседен кейін төңкерді (Б.Майлин).*

2. Бағыныңқы компонент көмектес жалғаулы есімшеге аяқталады. Мысалы: *Қыс қыстаулары басқа болғанмен, жаз көбіне бірігіп отырады (Б.Майлин). Барлығы сол Байтасқа жүрісін бастатқанмен, ән-сәнін Әмір мен Үмітейге бағынтады. Әбіш скрипка тартып тұрғанмен, көңілі де, көзі де, көбініше, Мағрипа жаққа жиі ауғандай болатын (М.Әуезов). Бет пердесі бұзылмағанмен, аяқ басуы ауырлап кеткен әкесінің хал-жайы оған енді түсінікті болды. Ол ақылдарға Масақбай қарсы болғанмен, басқарманың өзге мүшелері көбін қабылдады (С.Мұқанов).*

3. Бағыныңқы компонент шартты рай формалы етістікке аяқталады да, әр компонент құрамында мағына жағынан бір-біріне қайшы келетін сөздер болады. Ондай сөздер антоним сөздер болуы да, етістіктің бірі болымды, екіншісі болымсыз түрі болуы да мүмкін. Мысалы: *Зұлымдық жалғыз ғана қалада екен десем, ел іші де шылқыған әділсіздік екен. Өтірікші-бала екен десем, мұның шешесінің де көз жұмбайы екен ғой (Х.Есенжанов). Сақал-мұрты бар демесең, түптеп келгенде, осы Омардың өзі де жетім (Ғ.Мүсірепов). Бір адамның бір күнгі міндеті алты кубометр жер қазу болса, кейбір ал-*

дыңғы қатардағы жас әйелдер мен жасамыс кейбір еркектер күніне он бес–жиырма кубометр шығарады екен (С.Мұқанов). Әзір бір шұбардың өзі қатарға ілініп келе жатқаны болмаса, мынау отырған үш туыстың алдында оның әлсіз екені рас (М.Әуезов). Төлеубекті мұғалімдердің көбі жек көрсе, Жанат оны жақсы көреді (Ғ.Мұстафин).

4. Бағыныңқы компонент көсемше формалы етістікке аяқталады да, басыңқы компонентте бағыныңқы компоненттегі негізгі пікірге қайшы мәнде айтылған сөз болады. Мысалы: *Секретарь Анатолий Кондраткевичтің қызына Байжанның жуырда үйленетінін біле тұра, бұл жөнінде ресми кеңес үстінде ыңғайсызданды. Гулнәр Марфуганы сыйлай тұра, көңіліне қарай тұра, шын сүйген Байжанмен бос уақыттарын бірге өткізбей тұра алмады. Осыныша әзірлігі бола тұра, ол тойын жасамай кетті* (С.Мұқанов).

5. Бағыныңқы компонент *-ша, -ше* қосымшалы есімшеге аяқталады да, сөйлем бағыныңқы компоненттегі іс-әрекеттің, жай-күйдің болғанынан басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің артықтығын көрсетеді. Бірақ ондай артықшылық екі түрлі іс-әрекетті теңдестіру түрінде емес, біріншідегі іс-әрекетке қарсы бола отырып, екіншідегі іс-әрекетті қолдау түрінде болады. Мысалы:

*Қарағайға қарсы, бұтақ біткенше,
Еменге иір бұтақ бітсейші,
Қыранға тұғыр қыларға,
Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір-ақ тусайшы,
Халықтық кегін қусайшы.*

(М.Өтемісұлы)

Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас. Сыртың сайлы болғанша, ішің майлы болсын. Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл (Мақал). Білемін, ол бүгін Құнанбай баласының жолы болғанша, Қауменнің қанқұйлысының жолы болсын деп отыр (М.Әуезов).

Қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасауда жоғарыда талданған тәсілдердің атқаратын қызметтері бірдей емес. Олардың ішінде қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасауда жиі қолданылатыны да және сөйлемнің мұндай түрін құрмаластыру ең негізгі функциясы болып есептелетіні де көмектес жалғаулы есімше мен *-да, -де* шылаулы шартты рай формалы сөздер. Бұлардың солай екендігі қазақ лингвистикасында құрмалас сөйлем синтаксисінің алғаш зерттеле бастаған күнінен-ақ танылған. Ал кейінгі екі тәсілдің, яғни шартты рай формалы етістік пен *-ша, -ше* жұрнақты есімшенің қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасаудағы рөлі алдыңғылардан біраз өзгеше. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы келетін жай сөйлемдерді құрмаластыру, бұл екеуінің бірде-бір функциясы деуге болмайды. Бұлар басқа мағыналық қатынастардағы компоненттерді бір-бірімен құрмаластыру үшін де қолданылады. Мысалы: *Тәкежанның ұрлатқаны шын болса, ол малдың жоқтаушысы өзі болатынын ескертіп отыр* (М.Әуезов). *Бүкіл жұмысшы көтерілсе, оған қаланың ұсақ қолөнершілері мен оқушылары дем беріп бас көтерер еді* (Х.Есенжанов). *Біз өткел басына келсек, ұзақ-шұбақ табын-табын малдар өтіп жатыр екен* (Ғ.Мүсірепов). *Мен келсем, менен әлдеқашан бұрын жұрт жиналып қалған екен* (Б.Майлин). *Қарсы келген топ қашан үйге кіріп болғанша, қызығына, ойын күлкісіне қарап аңырайсың да тұрасың* (Б.Майлин). *Қоқыш судиямен келіскенше, бұлар бой таса қып сонда жата тұрмақ* (С.Мұқанов).

Келтірілген мысалдың алдыңғы төрт сөйлемінде бағыныңқы компоненті шартты райлы етістікке аяқталған. Бірақ компоненттерінің мағыналық қатынастары жағынан алдыңғы екеуі шарттық қатынасты білдірсе, кейінгі екеуі мезгілдік қатынасты меңзейді. Ал енді, *-ша, -ше* жұрнақты есімше арқылы құрмаласқан кейінгі екі сөйлем компоненттері өзара мезгілдік қатынаста тұр.

Қарсы бағыныңқылы сабақтастың өзіндік бір ерекшелігі сол, оның бағыныңқы компоненті мағыналық жағынан басыңқыға меңгерілмейді, оның белгілі бір мүшесіне жетектеліп, белгілі бір сұрауға жауап болып, тұрлаусыз мүшелер атқаратындар тәріздес қызмет атқармайды. Мұндағы бағыныштылық компонент баяндауышының тек формалық жағынан тиянақсыздығында ғана, ал компоненттердің мағыналық қатынастары жағынан алғанда қалыпты қарсылықты салалас сөйлеммен бірдей.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 270-б.
- 2 Есенов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер. — Алматы: Ғылым, 1969. — 193 б.

- 3 Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. — Алматы: Ғылым, 1974. — 148-б.
- 4 Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі: Оқу құралы. — 2-бас. — Алматы: Санат, 1995. — 176 б.
- 5 Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. — Алматы: Ғылым, 1989. — 56–75-б.

С.А.Кенжеғалиев, К.Нуржанова

Особенности образования сложных придаточных уступительных предложений

В статье рассматриваются особенности приемов образования придаточных уступительных предложений, идентичность и различия в их образовании по сравнению с другими видами сложноподчиненных предложений. Предлагается описание истории исследования этого типа предложений, а также развитие уступительного сложноподчиненного придаточного предложения в целом. Так, обращение автора к истории изучения уступительных придаточных предложений, связанной с особенностями их употребления, показывает, что даже на сегодняшний день встречаются окончательно не выявленные стороны этого явления синтаксиса.

The article deals with the peculiar characteristics of the complex formation of the concessive subordinate sentence, there are considered identity and distinctions in their formation in comparison with other kinds of compound sentences. Also there is offered the description of history of research of this type of compound sentences, and the development of a concessive compound subordinate sentence as well. So, the reference to history of studying of the concessive subordinate sentences, connected with features of their use, shows what even for today there are finally not revealed parties of this phenomenon of syntax.

ӘОЖ 81

Г.Қ.Сағатова

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Психолингвистикадағы уәждеме мәселесі

Мақалада психолингвистикадағы лексиконның зерттелу мәселесі қарастырылды. Халықтың тарихи-мәдени құбылысының тілмен байланысы жеке тұлғаның психологиялық көзқарасымен түсіндірілді. А.Құнанбайұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы көзқарастары негізінде қазақ тіл біліміндегі психологиялық парадигманың пайда болуы мысалдар арқылы дәлелденді. Сонымен қатар сөз мотивациясының адам психикасы мен ойлау қабілетінің байланысы жайында сөз етілді.

Кілтті сөздер: антрополингвистика, когнитивтік лингвистика, психолингвистика, тілаларлық теориялар, құрылымдық принциптер, философиялық, логикалық, номинация, мотивация, этимологиялық құрылым, ми қабаты, ономонология, интерпретация, лексикон, инсан, эмоция.

Адамзат баласының болашақ үшін қоғамдық, мәдени-әлеуметтік, экономикалық, тағы басқа күресі, сан ғасырлық тарихы, рухани жаңғырулары ұрпақтан ұрпаққа сол ұлттың тілінде сақталуы арқылы жетеді. Ана тілінің өміршендік қызметінің қуаты мен күдіреті, негізінде, жаңа ұрпақтың ұлтымыздың көне тарихы мен мәдениетін дұрыс танып-білуінен бастау алады. Осы бастаулар кешенді тіл ғылымының көкжиегінде тағылымдық мәні зор ұлт тілінің өн бойынан ұлттық мәдениеттің көзі ретінде табылады. Осымен байланысты тіл табиғатының қыр-сыры өзге ғылым салаларымен (психология, антропология, этнография, мәдениеттану т.б.) тығыз қарым-қатынастың негізінде танылып, зерделеніп отыр. Өйткені ұлттық тілдің болмысын шынайы тану үшін тілдің өзіндік ішкі заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың ғасырлар бойғы тарихымен, ділімен, дінімен, тұрмыс-салтымен, мәдениетімен тікелей байланысты екені сөзсіз. Сондықтан ұлттық тілді сол этностың ділімен, мәдениетімен, танымымен, тарихымен біріктіре қарау мәселесі тіл ғылымында өзіндік өріс алып келе жатқан антрополингвистика, психолингвистика, когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика сияқты жаңа бағыттардың тууына себепші болды.

Осыған орай, тілді дамытуға және тануға жан-жақты мән беріліп отырған қазіргі кезеңде тіл антропоэзектік бағытында қарастырылумен сипатталады. Демек, бұл — тілді зерттеудің мүддесін нысаннан инсанға аудару, яғни адамды тіл арқылы және, керісінше, тілді адам арқылы анықтау. Сондықтан жаңа ғылыми парадигмаға сәйкес тілді зерттеуде негізгі назар тілдік жеке тұлғаға аударылады, сонымен байланысты тілді зерттеудің жаңа мақсаттары, маңызды ұғымдар мен тәсілдер, тілаларлық теориялық негіздері қалыптаса бастады. Атап айтқанда, антропоэзектік парадигма бірінші орынға адамды шығарады да, тіл адам психикасын құрастырушы сипатта қарастырылады. Адамның сөзді қабылдауы, сөз талғауы, бірдейлестіруі, олардың қыр-сырын ой елегінен өткізе пайымдауы, соның салдарынан жинақталар ақпараттар мен мәліметтерді жадыда сақталар қор ретінде жүйелеу — барлығы тілдік бірліктердің болмысын ішкі және сыртқы әсерлер тұрғысынан талдауға жол ашады, ал құрылымдық принциптер психологиялық, философиялық, логикалық, танымдық қағидаларға ұласып, тіл білімі ғылымының өрісін кеңейте түсуге ықпал етеді.

Тіл біліміндегі ат қою, ғылымыландырып атасақ, номинация теориясының да адамзат психикасымен, ойлауымен, таңбатануымен байланысы баршылық. Осы түйісте сөздің уәждемесі (мотивациясы) туралы мәселе келіп шығады.

Уәждеме құбылысына тіл білімі ғылымында тоқтамды, тұрақталып қалыптасқан анықтама берілмеді десе де болады. Бұған айқын дәлелдің бірегейі сол, бұл құбылыстың өзін әр түрлі терминдермен береді: мотивировка, мотивация, сөздің ішкі формасы, семантикалық форма, сөз образдылығы, сөздің мағыналық белгісі, сөздің этимологиялық құрылымы, негіздеме, уәждеме т.б.

Тіл — адам танымының айнасы болғандықтан, тілді таңбалық жүйе аясында қарасақ, уәждеме арқылы зат пен құбылыс атауының табиғатына бойлауға, қажеттілігін түсінуге, атаудың негізін түйсінуге, зат пен құбылыс және олардың атауларының арасындағы әлдебір байланысты айқын сезінуге, пайымдап байқауға болады. Қазақ тілінде уәждемеге берілген екі қысқаша анықтама қолымызда бар: «Мотивация, уәждену (фр. *motif* — сылтау, дәйектеме; ағыл. *motivation* — уәждеме, дәлелдеме) — тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың белгілерін бейнелеу әктісі [1]. Әдетте, мотивация мәні диахрониялық тұрғыдан ашылады. Мысалы, тіліміздегі *қабырғасымен кеңесу* деген фразеологиялық тіркестің «үйдегі әйелімен, отбасымен кеңесу, ақылдасу» мәнінде қолданылатыны бәрімізге белгілі. Ал осы тіркестің шығу төркінін христиан дінінің қасиетті кітабы «Таураттан» іздеуге болады. «Жаратылыстың басталуы» тарауында құдай көк пен жерді жаратқан соң топырақтан еркек адамды жасап, оған жан бітіріп, «адамның жалғыз болғаны жараспас» деп, оның бір қабырғасынан әйел жасап берді. Осындай мотивация негізінде фразеологизм пайда болған.

Екінші бір «Лингвистикалық түсіндірме сөздікте» уәждемені «туынды және күрделі сөз мағыналарының, оларды құрайтын сөздердің мағыналарына тәуелді болуы» деп көрсетеді [2].

Көріп отырғанымыздай, назар күрделі сөздің, тіркестің мағыналық құрамына, таза экстралингвистикалық оқиғаларға аударылады екен. Ал жеке сөз мағынасының уәжіне бойлай қойған жоқпыз. Ал мұның адам психикасының даму үдерісімен қалай да бір байланыста екеніне күмәндануға болмайды.

Сөзжасам барысында сөз жасаушы бірліктер уәждемені тудыруға себепші болады да, ал оның нәтижесінде туған жаңа атау уәждемеленген таңба болып саналады. Демек, уәждеме номинациямен (затты сөзбен атаумен) байланысты қарастырылуы қажет.

Күнделікті тұрмыста уәждемеленген сөздер ішкі тұрпаты айқын сөздер сияқты белгілі бір заттың атауы қызметін атқарады. Дей тұрсақ та, мұндай уәждемеленген сөздермен салыстырғанда, уәждемеленген сөздер қолданылу аясы, таңбалық қасиеті тез қабылданып, санада, есте берік сақталады. Уәждемеленген байланысы — сөздік құрамдағы жүйелі қатынастардың маңызды түрі сөздік құрам болады.

Құбылыс немесе зат атауының түп-төркініндегі бастапқы негіз оның субъектіге қалай әсер етуін де жатады. Әрбір зат пен құбылыс табиғи және табиғи емес қасиеттерден, белгілерден тұрады. Олардың бәрі бірдей бір мезгілде адам психикасында, санасында орнығуы қиын. Сондықтан солардың ішіндегі біреуі я бірнешеуі ғана іріктеліп, екшеліп шығады да, адам жадынан ерекше орын алады. Нысанды бейнелеу үшін тілдік жүйе іске қосылады да, түйсікпен қабылданған алғашқы белгі (қасиет, сипат) кеңейіп, өрістей түседі. Осылайша таңдап алынған қасиет барлық физиологиялық қатынастарға тәуелді емес. Әсер етуші қозғаушы күштің қайсысы неғұрлым басым болса, адам санасына тек сол ғана ерекше әсер етеді деген түсінік тумаса керек. Себебі осының нәтижесінде ұғынылмақ мағынасы бар сөздің я басқа тілдік таңбаның бәрі бірдей қалыпты нормаға айналып кете бермейді. Ми қабатының қызметі арқылы заттың немесе құбылыстың тек бір ғана қасиеті сүзіліп шығып, оны субъект берік қабылдайды. Сүзуден өткен санадағы осындай құбылыс тілде дұрыс әрі жиі пайдаланылады. Мы-

салы, *сағақ* деген сөздің жалпы қасиеті (мағынасы) бір нәрсенің төменгі жіңішке, қылта жағын таңбалайды. Алайда қазақ әдеби тілінде бұл малдың мойыны мен иегінің арасын білдірсе, оңтүстік өңірде оның «төменгі жақ» мағынасы басым болып қабылданудың нәтижесінде және тұрмыс-тіршіліктің ерекшелігіне орай «ағаштың ең төменгі бұтағын» таңбалайды.

Құбылыстың не заттың белгілі бір бастапқы қасиет, сипатын белгілеуге арналған сөздің тілдік даму жолында алғашқы мағынасының көмескі тартып кетуі де тіл тарихына белгілі үдеріс. Мәселен, «тон» сөзі алғашқыда киім атаулыны белгілеуге бағытталса, қазір ол жалпы тектік сипаттан айырылып, киімнің бір ғана түрін таңбалайды. Кейбір сөздің аталуы сол құбылыстың я заттың адам психикасында қалай қабылданып, оған қай жағынан әсер еткендігімен байланысты болады.

Сондықтан кез келген сөз белгілі бір нысан арқылы уәжделеді. Тілдік таңбаның таңбаланушымен арасындағы байланыстың еркін болуы нәтижесінде келе-келе сөз бен оның түпкі уәжі арасындағы байланыс алшақ тартады, сөз өзінің «тегін жатсынады». Осының нәтижесінде лексикалық бірлік деэтимологияланып, уәжі күңгірттенеді. Тілдік таңбалау еркін құбылыс болып шыға келеді. Сонымен қатар адам психикасының табиғаты, қызметінің икемділігі сондай, түсініксіз деген сөздерді қайта өңдеп, оның тағы бір жаңа баламасын тауып, соған қайтадан уәждеме жасай алады.

«... мотивацияның көптеген біржақты анықтамалары зат атауының тек экстралингвистикалық немесе тілдің ішкі ерекшелігіне көңіл бөлумен шектеледі. Ойдың мазмұнын жеткізу жолы бір ғана тіл арқылы іске асқанымен, оның өзі түрлі физикалық жақтан қабылданып, түрлі физикалық жағынан беріледі» [3].

Себебі әрбір құбылыс адамның сезім ағзаларының бәріне бірдей әсер етпейді, біреуін ерекше қабылдайды. Мысалы, көзбен көру арқылы қабылданған сезімді адамның дыбыстық тілі тек сол көрініс ұғымында ғана, тыңдау арқылы қабылданған сезімді тек сол дыбыс күйінде жеткізе алады. Бастапқы атауға негіз болатын алғашқы импульсті беретін тіл емес, керісінше, адам сол құбылысты таныту үшін тілдік құралды талап ететін заттың өзі психикаға әсер ету арқылы нұсқау береді.

Сөздің уәжделуі уәждеменің ең өзекті, басты теориясының бірі ретінде саналады. Бұл ұғымға берілетін анықтамалардың түрлі варианттары қолданылып жүр. Мысалы, заттың атау алу заңдылығы принциптеріне сүйенетін тілдегі ономонология ғылымы уәжделуді былайша түсіндіреді: Уәжделу үдерісі — тілді ономонологиялық жағынан ыңғайластыратын, атаудың негізінде себеп болатын, белгілі бір уәждің барысында шығатын атаудың формасы. Уәжделудің анықтамасын іздегенде басты рөлді тілдік қатынастар атқаратынын ұмытпаған жөн. Себебі әрбір ой, әрбір лексикалық бірлік әр ұғымда әр түрлі болып қалыптасады.

Уәжделуді қарастырғанда лексикалық материалды лексикологияның аспектісінен іздестіру жиі кездеседі: сөз мағынасының уәжделуі оның құрылымы мен тілдік жүйедегі сөйлеу элементтерінің тірі санамен болатын семантикалық қарым-қатынасынан көрінеді.

Уәжделу — күрделі бүтіннің мағынасынан сол бүтіннің бөлшектерінің мағынасын алып шығу, сөздің семантикасы мен айтылуының, дыбысталу мен мағынаның арасындағы байланыстың негізгі себепкері.

Уәждемелік мағына синхронды түрдегі сөз өндіру факторы ретінде психолингвистикалық тұрғыдан егжей-тегжейлі, өте ұқыпты зерттеуді қажет етеді.

Психолингвистиканың пәнін айқындауда даулы мәселелер баршылық, қазіргі психолингвистикадағы бірқатар қағидалар нақты емес, зерттеуге алынған мәселелерде айқын меже жоқ десе де болады. Бұл жайттан психолингвистика осы күнге дейін арыла алмай отыр. Себебі оның қамтып отырған проблемалар аясы өте кең, әр алуан, әр текті. Басқа сала өрістеріне жиі жайылып кетеді. Мұның өзі біздің зерттеуімізді бұлдыр шексіздікке апарып соғардай әсер етеді. Сондықтан тілдік лексиконға қатысты айқын деген құбылыстарды негізгі нысанаға алуға тура келеді.

Психолингвистика аясында тіл білімінің философиялық аспектісі мен психологияға арналған зерттеулер баршылық. Бұлардың қатарына тіл мен ойлау, тіл мен сананың өзара ықпалы мәселесіне арналған, онтогенездік және филогенездік тұрғыдан адам санасының қалыптасуына бағытталған еңбектер жатады. Ойлаудың таңбалық сипаты проблемасы да осы тұрғыдан зерттеліп жүр. Мәселен, неогумбольдтіш Лео Вайсгербердің «Ана тілі және рухтың қалыптасуы» атты еңбегі тіл философиясы тұрғысынан жазылған. Солай бола тұра бұл ғалымның осы еңбектегі пікірлеріне психолингвистер дәйек ретінде жиі назар аударып отырады. Вайсгербердің психолингвистикаға сүйеніш болып жүрген кең тараған бір пікірі мынадай [4]. Ғалым таңбаның мүмкіндігін саралай келе, таңбаның мынадай қызметтерін көрсетеді:

1) оқиғалар легіндегі бір сәтті белгілейді, ол сәтті басқа сәттерден өзгешелейді де сол арқылы оған жаңа айқындық, анықтық қосады;

2) тәжірибе арқылы сезінуді еркін түрде қайта қайталауға мүмкіндік береді және оны жеңілдетеді;

3) түрлі сезім толқыныстарының арасын байланыстыруға көмектеседі де, соның арқасында нақты бір сезім толқынысынан көптеген басқа құбылыстарды жалпылап ойлап қорытып шығаруға болады.

Ділдік лексиконның түзілуінде бұл қызметтер белсенді әрекеттерге жатады.

Мәтінді ұғыну-ұғындыру туралы ғылым ретінде герменевтика да психолингвистикамен жақын, шектес. Герменевтикада сөз (сөйлеу іс-әрекеті) мәтіннің өзі мен оның қабылдануы, болмысты адамның түсіндіруі мен түсінуінің тұрғысынан қарастырылады. Герменевтикада да, психолингвистикадағы сияқты, мәтінді интерпретациялаудың көп түрлілігі, көп нұсқалы болатыны туралы қағида бар. Бұл жайт ділдік лексикондағы сөз ұғыным үдерісінде де кездеседі.

Психолингвистикада мәдениеттану мен ұлттық психологияға, ұлттық танымға шектесетін бірқатар ортақ проблемалар бар. Атап айтсақ, тіл-тілдегі әлем бейнелерінің арасында айырмашылықтың болуы тілдердің құрылымымен ғана емес, сол тілде сөйлеушілердің дүниені өзінше, сол тілдің «көзімен» көруімен де байланысты екендігі туралы ойлар. Дәйек ретінде мына бір қағидаларға ой жіберіп көріңіз. Данышпан қазақ шығарған мақал: *«Сөзіне қарай кісіні ал, — Кісіге қарап сөз алма»*. В. фон Гумбольдт: *«Тіл — халықтың рухы, мәні»*. Л.Вайсгербер: *«Тілде халықтың тәжірибесі, сол тілдің өкілдеріне маңызды дегеннің бәрі сақталады»*. Ділдік лексиконның түзіліп, қалыптасуындағы ұлттық факторлар үлкен-үлкен зерттеулерді күтіп тұр.

Қазақ тіл білімінде психолингвистика дербес сала болып қалыптасқан жоқ. Жоспарлы түрде зерттеу мен оқытудың өзі санаулы ғана уақыттың еншісінде. Оның бір айқын дәлелі — қазақ тілінде атап көрсетерліктей іргелі арнайы зерттеу еңбегі немесе оқулықтың қолда жоқтығы. Бізде тіл құбылыстарының психикамен байланысы модальділік шеңбері көбіне мағынадағы эмоционалдық-экспрессивтілік аясынан аспайды десек, асырып айтқан бола қоймайды. Себебі қазақ тіл білімінде сөйлеу үдерісі емес, тіл зерттеледі. Көп тұста тіл мен сөйлеудің ара жігі ажыратылмай талданады. Бір дәйек келтірейік: «Психолингвистикалық құбылыстар (түйсік, қабылдау, сезім т.б.) сөйлеу үдерісіне тікелей қатысады. Адам ауызекі немесе жазба тіл арқылы қатынас жасағанда, белгілі бір ұғымды білдірумен бірге, сол ұғымға деген өзінің көзқарасын да қоса аңғартады. Демек, тіл ойды ғана емес, сонымен қатар адамның сезімін, жан дүниесін де білдіреді. Мысалы, *оңбаған, қаныпезер, жауыз* немесе *сұлу, әдемі, көрікті, керім* сияқты синонимдік қатардың құрамындағы сөздер бір-бірінен тек лексикалық мағынасымен ғана емес, сонымен қатар эмоциялық бояу-реңкімен де ажыратылады. Айтылу мақсатына қарай хабарлы, лепті, бұйрықты, сұраулы болып келетін сөйлемдерде адам психологиясына, ішкі дүниесіне әр түрлі әсер етеді». Бұл «Қазақ тілі» энциклопедиясының алынған дәйексөз қазақ сөйлеуінің психологиялық қыры тың жатқанын көрсетеді [5].

Әрине, бұл — қазақ тіл біліміндегі психологизмді тақыр жерге орнату деген сөз емес. Оның нышандарын сөзтануға қатысты әдебиеттерден кездестіруге болады. Тіптен, Абайдың өзінің: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар»:

- әуелі, көкірегі байлаулы берік болмақ керек;
- екінші, сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек;
- үшінші, сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек;
- төртінші, сол кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек.

Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік я бір қайғыға салынып, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе — күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер», ал «Он тоғызыншы қара сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе,... білгені, көргені көп болған адам білімді болады» [6], — деген сөздерін психолингвистикалық санаттар тұрғысынан қарастыруға әбден болады. Сөз арасында айырықша атайтын бір тарихи идея бар. Өкінішке қарай, идеологиялық субъективизм кесірінен жанданып, дамытылмай қалды. Ол — Ахмет Байтұрсынұлының: «... ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады», — деп сөйлемге тауып белгілеген талабы. Психология мен тіл білімінен хабардар адам мұндағы «ауыздан шыққан сөз», «айтушы», «ой», «тыңдаушы», «ұғарлық», «түсінікті болып айтылған» деген ұғымдарды сөйлеу іс-әрекетінің психологиясынан да кезіктірер еді. Бірақ қазақ кеңес тіл білімі мұны «жылы жауып» қойды да, «сөйлем дегеніміз — аяқталған ойды білдіретін синтаксистік тіркес» деген анықтаманы дәлелдеуді, өзгертуді қажет етпейтін қасаң қағидаға (аксиомаға) айналдырды [7; 264].

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде әдебиетті сөзді іске жарату тұрғысынан қарайды. Сол себепті де оның пікірлері психолингвистиканың, оның келелі мәселесі ділдік лексиконның қазақ филологиясындағы бағдарламасындай әсер етеді:

«Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге.

Ақыл ісі — аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі — меңзеу, яғни ондағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — тую, талғау.

Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің туюын түйгенінше айтуға жарау». Мұнан соң ғалым ділдік лексиконның тұғырлы нысандарын айқындайды: «... жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадірінша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады... Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар, әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білу қажет.

... Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару — сөз шығару болады» [8; 10–17]. Көріп отырғанымыздай, жеке адамның тілді жаратуы психолингвистиканың бір саласы сөз саптау (производство речи) мәселесімен ұласып жатады.

А.Байтұрсынұлы мұрасында ділдік лексиконның нақты негіздерін көрсетіп беретін пайымдамалар баршылық. Мына бір пайымдаманы ділдік лексиконның қазақ тіл біліміндегі алғашқы ғылыми түсіндірмесі деуге әбден болады: «Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді тандап ала білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Сол сияқты, әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздерді әрқайсысы әр түрлі қолданады. Қысқасынан айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өз оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөздер сол адамның тілі болады» [8; 18–19].

Ғалым ділдік лексикондағы сөзді тану үдерісінің жалпы сипатын беруде айтушының айтатын нәрсені жетік білуі керектігін, себебі адамның мұндайда «ашық» сөйлейтінін, ал толық таныс емес сөзді «көмескі, күңгірт» баяндайтынын басшылыққа алады [8; 20].

А.Байтұрсынұлы сөзді қолданудағы инсанның психикасында болатын объективті үдеріс өзектендіруді анық байқаған: «Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде, сөзі толық түсінікті болу үшін, дерексіз заттарды деректі затша, пернесіз заттарды пернелі затша қалыптайды. Жансыз затты жанды заттай ғамалдайды» [8; 23].

Ойды сөзбен хабарлаудың алгоритмдік өңделуі туралы алғашқы бастау пікірді де А.Байтұрсынұлынан табуға болады. Бір дәлел: «Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін керек:

- 1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
- 2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;
- 3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру» [8; 19].

Сондай-ақ психолингвистикадағы гештальт мәселесінің алғашқы ұшқындары А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінен орын алған [7; 335–336, 364–366].

Инсанның сөзді танып-білу үдерісінде сөзді көру, есту арқылы графикалық-фонемалық деңгейде танудың маңызы зор екені — қазіргі психолингвистика теориясында дәлелденген жайт. Мұның маңы-

зын А.Байтұрсынұлы да тілді оқыту әдістемесіне арналған еңбектерінде айырықша атап көрсетеді [7; 324, 357–363, 368–372].

Қазіргі этнопсихолінгвистикадағы өзекті мәселенің бірі белгілі бір тіл әлеміне еңбек инсанның мәдени-психологиялық толқыныстарының себебін А.Байтұрсынұлы мынадай жайттардан көреді: «Современная культура не есть создание одной какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества. В культуре каждой нации, кроме собственного творения, имеются заимствования, и на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной наций другой, и при мирном общении народов друг с другом. При этом сходные формы религии, обычаев, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчают процесс заимствований и смешения культур» [7; 419–420].

Сөйтіп, қазақ ғылымында психолінгвистиканың аты аталып, арнайы зерттелмегенмен, сөйлеу мен психиканың ықпалдастығы туралы, жеке инсанның сөз саптауы туралы зерттеуге азық болар пайымдар бар екеніне көз жеткізуге болады. Әрине, зерттеуімізде бұларды тұғырламасақ та, тұрғы ретінде ескеріп отырамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тіл білімі сөздігі / Жалпы ред. басқ. Э.Д.Сүлейменова. — Алматы: Ғылым, 1998. — 232-б.
- 2 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. — Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. — 151-б.
- 3 Гинатулин М.М. К исследованию лексических единиц. — Алматы: Наука, 1973. — С. 32.
- 4 Белянин В.П. Психолінгвистика. — М.: Флинта, 2003. — С. 14.
- 5 Арын Е.М. Қазақ тілі: Энциклопедия. — Алматы: ІДК-ТІРО, 1998. — 321-б.
- 6 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. — II-т. — Алматы: Ғылым, 1977. — 173-б.
- 7 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 264 б.
- 8 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208 б.

Г.К.Сағатова

Проблема мотивировки в психолінгвистике

В статье рассматривается проблема исследования лексикона в психолінгвистике. Связь языка как историко-культурного явления с народом, отдельной личностью объясняется с психологической точки зрения. Приводятся примеры возникновения психологической парадигмы в казахском языкознании в сочетании со взглядами А.Кунанбайұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытулы. Также автор исследует связь мотивации слова с человеческой психикой, мышлением.

The article is devoted to the problem of research of lexicon in psycholinguistics. The combination of language like a historic-cultural thing is understood by psychologic position. There are examples of appearing of psycholinguistic paradigms in combination according to the opinion of A.Kunanbayuly, A.Baytursynuly, Zh.Aymaulyuly.

Ж.М.Алтынбекова

*Дарынды балаларға арналған мектеп, Қарағанды***Лексикондағы білім көріністері**

Мақалада лексикондағы білім көріністерінің ғылыми тұжырымдары сөз болды. Сонымен қатар автор сөз қабылдаудағы лексикон мәселелері мен құрылымына, ұйымдастырылу рөліне назар аударып, ментальді лексиконның негізгі критерийлерін эквивалентті бірлік ретінде қарастырып, тілдегі лексиконның импликация, пресуппозиция категорияларының тұлға санасының білімімен байланысын анықтады.

Кілтті сөздер: инсан, коммуникация, психолингвистика, прагматика, уәжділік, мінез-құлық, сана, интеллект, психолог, интерпретация, семантика, салт-сана, логикалық импликация, пресуппозиция, паратілдік.

Жеке инсанның сөзінен (бізше, лексиконынан) оның не білетінін, қанша білетінін, қалай білетінін байқап отыруға болады. Адамның сөйлегенінен ойының жүйесін, білігінің өресін айқындау, тіпті, ғылыми «микроскоппен» үңілуді де қажет етпейтіндей. Алайда тілді дұрыс жұмсау, прагматикалық пайдалы құрал ретінде пайдалану жолдарын білу, соны аккумуляциялау тіл білімінің қоғам болашағын қамдайтын бір парызы деп санауға болады.

Инсан басқалардан сөйлеу арқылы коммуникация жасау үдерісін іске асырумен ерекшеленеді. Қазіргі кездегі қазақ тіл біліміндегі маңызды мәселелердің қатарына сол тілдік қарым-қатынастың танымдық, психолингвистикалық, прагматикалық т.б. сипаты мен ерекшелігін қарастыру жатады. Жалпы қарым-қатынастың ойдағыдай орнауына инсанның білімі, ақпараттың дұрыс берілуі, уәжділік сияқты мәселелер ықпал етеді. Инсанның білім қоры адам мінез-құлқын реттеуші тетік пен қатысым жасау кілті екендігі анық. Сонымен қатар білім түрлері қабылдау, сөз саптау, сөз өндіру үдерістері кезінде оқығанымыз бен естігігенімізді, көргеніміз бен жазғанымызды талқылай алуға және оны жақсы түсінуімізге мүмкіндік тудырады.

Соңғы кезде жалпы тіл білімінде білім түрлері (қорытынды, аялық, кәсіби, процедуралық), тағы басқа әр қырынан зерттеліп, оның бірқатар мәселелері қазақ тіл білімінде де қарастырылып жүргендігі белгілі. Дегенмен білім түрлері мен олардың қызметі толық шамада лингвистикалық зерттеу пәні болып қалыптаса қойған жоқ.

Кез келген сөйлеу әрекетіндегі мәтінді қорытынды білімге (тілдік және энциклопедиялық) сүйеніп отырып, өзектендіруге және саналы түрде іске қосу арқылы түсінуге болады. Қорытынды білімнің әр инсанда әр түрлі болуы, сол инсанның тәжірибесімен, білімімен, ділімен байланысты. Себебі тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында емес, инсанның өмірден көрген-білгені, оқығаны-тоқығаны, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Зерттеушілер арасында қорытынды білім туралы түрлі пікірлер бар. Бұларға ортақ жайт — ділдік лексикон арқылы сөз мағынасын түсінудегі, мәтін жобасын жасаудағы қорытынды білімнің рөлін, оның қандай ерекшеліктері мәтін жобасының айтарман және тыңдарман талғауындағы инварианттылықты қамтамасыз ететіндігін, оған негіз болатын қандай тірек элементтер бар екендігін айқындап алу мақсаты.

Білім инсанның санасында туыла салысымен дайын тілдік формада болмайды. Оның қалыптасуы өте күрделі құбылыс. Уақыт өте келе өмірлік іс-тәжірибесімен жинақтала береді. Бірақ осы айттып отырғанымыз белгілі бір уақыттарда ұзақ мерзімді жадыда жатталып қалған дайын тілдік құрылымдарға қатыссыз.

Соңғы жылдары лингвистер, психологтер, психолингвистер, жасанды интеллект зерттеушілері қорытынды білім ұғымына көңіл бөліп келеді. Зерттеу мақсатына сәйкес, олардың әрбірі қорытынды білім ерекшеліктеріне, оның қолданысында айрықша рөл атқаратын әр түрлі тіректерге назар аударады.

А.А.Залевская мәтінді түсіну теориясы үшін негізгі тірек деп саналатын қорытынды білімнің үш түрін көрсетеді. Біріншіден, қорытынды білім сөздің мағынасына ғана тәуелді болатын логикалық қорытындыдан бастап дүниенің тілдік бейнесі туралы егжей-тегжейленген білімдерді қолдануға дейін қамтиды. Екіншіден, кейбір жағдайларда қорытынды білім мәтіндегі оқиғаларды байланыстыру үшін аса қажет (қорытынды білім мұндайда аса маңызды көпір рөлін атқарады). Үшіншіден, мәтінде сипатталған жағдаят туралы қорытынды білім автордың ниеті туралы қорытынды білімге, яғни, мәтін-

нің прагматикалық интерпретациясымен қарсы қойыла салғастырылуы мүмкін [1; 268]. Бұл білімнің ділдік лексикон түзілісімен байланысы мәтінді оқу кезінде білімнің жұмсалыуынан, мәтін мазмұнының санаға сіңіп кодталуынан көрінеді.

Айталық, қазақ халқында жиі жұмсалатын «қатын алма, қайын ал» деген қолданыс инсанның Н.Ю.Караулов көрсеткен үш деңгейіне тән қорытынды білімдердің ерекшеліктерін байқатады. Ол бойынша, нөлдік, яғни вербалды-семантикалық деңгейдегі инсанның, қазақ халқының мәдениеті мен ділі жөнінде хабары жоқ болғандықтан, бұл қолданыстың уәжділігінен мүлдем алшақтайтыны дау тудырмаса керек. Себебі бар: бұл деңгейдегі адам қайын жұрттың жігітке жар алғаннан кейін ғана барып қосылатын жұрт екендігін бағамдап, «әуелі жар алмаса, онан бұрын қайын жұрт қайдан болсын» деген тәрізді екіұшты түсінікте болады немесе тіпті пайымдай да алмайды. Рас, осылай қабылдау, көп жағдайда, біздің халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігі мен салт-санасы жайлы түйгені аз тұлғаларға тән. Сондай-ақ халқымыздың тілі мен ділі жөнінде дерегі бар когнитивтік деңгейдегі инсан сол белгілі болған аялық білімінің негізінде бұл қолданысты қабылдағанда салқынқанды пікірде қалуы мүмкін, анығында, ол (инсан) үшін өзінің ата-бабалары қалдырған өсиет сөзі «шешесін көріп, қызын ал» қолданысымен сайма-сай есептеледі де, негізгі мәселені тәлім-тәрбие, отбасы бірлігіне тірейді, нақты айтқанда, онда уәжділікті шындыққа біршама жақындату мүмкіндігі бар. Ал прагматикалық деңгейдегі инсан мұның уәжділігін толық игеруге құзыретті, атап айтқанда, отбасылық жағдайға қатысты бұл қолданыстың баба тіршілігінде, ең бастысы, «сүйек асылдандыру» мақсатын көздейтіндігін айқындау арқылы тек тәлім-тәрбие ғана емес, осы тұста сонымен қатар тектілік мәселесіне ден қойылғандығын және ескереді. Мысалы, ұлтымыздағы сөз қаймағын қалқыған жыраулар поэзиясының соңғы өкілі Бұқар баба ділгір прагматик ретінде «қатын алма, қайын ал» қолданысындағы уәжділікті былайша сипаттаған:

*Жал, құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз!
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Жаман қатын алсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас.*

Сонда аталған осы үш деңгейдегі инсан үшін ортақ мәселеге деген көзқарас, пікір нәтижесінде олардың қорытынды білім дәрежесі көрініс беретіні анықталады.

Ескере кетерлік бір жайт — қорытынды білімнен әр уақытта да 100 пайыз деңгейінде дұрыстық байқалады деуден аулақпыз. Себебі қорытынды білімнің екі сипаты бар: бірі болжамға, екіншісі айқындыққа негізделеді. Айталық, когнитивтік деңгейдегі инсан пікірі сөз болған қолданыс турасында «отбасы ұйытқысы — тәрбиелілік». Қорытынды білімнің айқындыққа негізделуі өз ішінен екі жақты сипатта: ол — нөлдік және прагматикалық деңгейге де тән. Нөлдік деңгейге қатысты айқындық деп оның (инсанның) ұлт ділінен мүлде бейхабар болуының салдарынан туындайтын біржақтылығын атауға болатындай, сондай-ақ прагматикалық деңгейдегі айқындылықты инсанның, керісінше, ұлт ділі жайлы толыққанды мағлұматының болуынан түйген пікірінен танымыз. Бұл тұста екі деңгей үшін де өз ұстанымдары — одан әрі дәлелдеуді қажет етпейтін айқындық.

Осыған орай, Дж.Кестің осы бағыттағы кейінгі жылдар зерттеулерін жинақтау арқылы қорытынды білімнің екі типін басшылыққа алуын орынды санаймыз. Олар: «шүбәсіз ақиқат қорытынды» («наверняка истинное») және «ықтимал ақиқат қорытынды» («возможно истинное»). Бұл — қорытынды білімге қол жеткізудің дедуктивті және индуктивті тәсілдерімен байланысты [1; 269].

Дегенмен сөз етілген үш деңгейлік инсандар да өз мамандығына қатысты кәсіби білім, күнделікті тұрмыс жағдайында естіген-көрген тәжірибесі негізінде қалыптасатын аялық білімдеріне (сөз етілмек тақырып аясы тұрғысынан) сүйенетіні анық. Осы аталған косымша білімдері негізінде онда (инсанда) қорытынды білім қалыптасады да, қандай да бір құбылысты, мәтінді қабылдауда қашан да сол қалыптасқан қорытынды білімге сүйену арқылы қабылдайды, сонысына қарай ой түйеді, субъективті пікір білдіре алады. Мұнан қорытынды білімнің де жеке тұлғаның хабарды өзінше интерпретациялауы негізінде қалыптасатын ой-түйіні арқылы көрініс беретіндігі аңғарылады. Сонда қорытынды білімнің белгілі бір дәрежеде импликация, пресуппозиция, мәтін, аялық білім ұғымдарымен байланысып жататыны келіп шығады.

Қорытынды білім жадыдағы тілдік емес деңгейге тән. Ол мағыналық бөлшектер мен сөз тіркестері түрінде емес, пресуппозициялар мен логикалық импликациялар түрінде өмір сүреді. Пресуппозиция сөйлемнің шын мәніндегі нағыз компоненті болса, имплицитті дегеніміз «жасырын», «көмескіленген» дегенді білдірсе, ондай болғанда «логикалық импликация», «логикалық жасырын бөлшектер» болады. Қорытынды білім — бұл инсанның материалдық және рухани байлықтарды игеруінің нәтижесі. Оның шындық өмірге қатысы айтылыстардан көрініп, оған жан-жақтылық сипатын береді.

Аталған терминдердің (импликация мен пресуппозиция) лингвистикаға логикадан енгендігі белгілі. Импликация мен пресуппозицияның тіл біліміндегі түсіндірмесі кейбір пайымдаулардың ақиқаттығы немесе жалғандығы ұғымдарымен тікелей ұштасып жатыр. Мысалы, қос пікірден логикалық байланыстыру арқылы бір күрделі пікірді құрап шығаратын «ұластыру амалы» логикада импликация терминімен аталады. Тілде ұшырасатын имплициттік логикалық байланысқа «егер..., онда...» шарттылық формалары сәйкес келеді. Бір сөзбен айтқанда, сол күйінше декодталуға тиіс «А» формасының мазмұны қабылдауда «В» түріне ауысады, яғни қандай да бір мазмұн айтылуда өзгеше форманы таңдайды [2; 168]. Осыдан болуы керек, қазақ тіл білімі зерттеулерінде ұшырасатын пікірлерде де мұны «ойды астарлап, тұспалдап жеткізу» тәсілі деп қарайды [3].

Логикада имплициттік шарттылық ретінде түсіріліп тастаған, жария емес, көмескі, алайда белгілі бір ой-тұжырым арқылы жобаланып өз-өзінен түсінілетін шартты, ал имплицитті деп бір нәрсенің бойында болатын, бірақ айқын көрінбейтін нәрсе аталады [2; 171].

Ділдік лексиконның даму, құрамының, сапасының өзгеруіне импликация жолымен жобалап түсіну қатты ықпал етеді, лексиконда жаңа түзілістердің пайда болуына итермелейді. Ал имплициттілік, басқаша айтсақ, көмескілеп ұсыну лексиконды қозғалысқа келтіру мүддесін туғызады, өйткені танықтықтан анықтыққа қарай ұмтылыстың болуы адамның психикалық ойлауына тән, еріксіз құбылыс екендігін әр жеке тұлға біледі. А.Н.Баранов импликацияны «айқын көрсетілмеген нәрсе» деп анықтайды [4; 288]. Кейбір лингвистердің еңбектерінде импликация тек біржақты түсіндіріледі. Мұндай импликацияларды логикалық байланыстардан айыру үшін Г.Грайс оларды коммуникативтік имплицатуралар деп атайды [5].

А.Н.Баранов сөздігі бойынша, имплицатура — сөйленім мағынасының бір бөлігі. Ол айтылған нәрсенің сөзбе-сөз мағынасынан бөлініп шығарылады, мұнда бейконвенционалды имплицатуралар жағдайында қорытынды — жағдаяттар туралы білімге негізделеді, ал конвенционалды имплицатуралар жағдайында қорытынды әлем туралы жалпы білімге негізделеді [4; 288]. Дж.Томас «қорытынды білім» және «импликация» ұғымдарының арасындағы айырмашылықтарды лингвистикалық прагматика тұрғысынан талқылайды. Дж. Остиннің адамдардың нені ашық айтатынын және ол кезде ойларында не тұратынын ажырату туралы пікірін қарастыра отырып, Дж. Томас, Г.Грайс теориясы туралы былай дейді: «Бұл теорияны тыңдаушының айтылған нәрсенің ішінен, ойда болған, айтылуға тиісті нәрсені қалай бөліп алатындығын түсіндіруге талпыныс деуге болады» [1; 270].

Г.Грайс түсіндірген жалпылаушы имплицатуралар (олар универсалды, үнемі ескерілетін болады) мен дискурс имплицатураларының (бұлар белгілі бір ситуативтік контексте ғана қолданылады) ерекшеліктерін айқындай отырып, Дж.Томас имплицатура және қорытынды білім, астарлы ұғыну (подразумевание) және бөліп алу (выведение) ұғымдарының ара-жігін ашу қажеттігінің екі себебін атайды: біріншіден, интерпретацияның осы екі деңгейін араластыру Г.Грайс теориясын дұрыс түсінбеуге негіз болады, екіншіден, ағылшын тілді елдерде кеңінен таралған осы екі терминнің өзін араластырып жіберу болып шығады. Имплициттеу дегеніміз — тұспалдау, бір нәрсені тілдік құралдар арқылы тікелей емес, жанамалай көрсету, меңзеу. Мысалы, оқытушы дәрісханаға кіріп келіп: «Ертең сынақ-емтихан аптасы басталады» дегенде, ол «сабаққа дайындалындар» дегенді меңзейді. Мұндай тұспал-ишараны студенттер дұрыс түсінуі де мүмкін немесе оған мән бермеуі де ықтимал. Осыдан барып имплициттілікті «айтылмайтын», алайда «тұспалданатын» деп анықтайтын тұжырымның көңілге қонымдылығы байқалады.

Қорытынды білімге сүйене отырып, тыңдаушы тілдік, паратілдік (ым, ишара) немесе бейтілдік сипатта көрініп тұрған айқындықтан бір тұжырым, қорытынды жасайды. Дж.Томас сөйлеуші (автор) тұспалдаған нәрсе туралы тыңдаушылар (оқырмандар) әр алуан қорытындылар жасайтынын мысалдармен дәлелдейді.

Пресуппозициялар сөйлемнің имплицитті семантикалық компоненттерінің үлкен тобына жатады. Пресуппозиция дегеніміз — «семантикалық нәтиже-салдардың әдеттегі логикалық нәтиже-салдарға сәйкеспейтін ерекше түрі» [6]. Логикада «пресуппозиция» ұғымы шындық, ақиқаттық мағыналар терминдерінде қолданылады.

А.Н.Баранов сөздігінде сөйлем мағынасының (мәнінің) — осы сөйлем қалыпты жағдайда қолданылғанда ақиқат, шын болатын және, сөйлеушінің пікірінше, тыңдаушыға таныс болатын бөлігі — пресуппозиция ретінде көрінетіндігі аталады. Мұндай жағдайлар прагматикалық пресуппозициялар деп анықталады [4; 464]. Мұны (прагматикалық пресуппозицияны) отандық зерттеуші Б.Жақыпбеков «бір мазмұнның түрлі формаларда, құрылымда жеткізілуімен» қатысты қарастырады [7].

Ф.Кифер пресуппозиция түрлерін толық, жан-жақты талдайды [8], А.А.Залевская: «Пресуппозициялар сөйлем болғандықтан, олардың өз пресуппозициялары болуы мүмкін», — дейді [1; 271], яғни әңгіме бірінші, екінші т.б. қатардағы пресуппозициялар туралы болып отыр. И.Беллерт: «Кез келген сөйленімнің семантикалық интерпретациясы дегеніміз — сол сөйленім негізінде жасалатын қорытындылардың немесе нәтиже-салдарлардың жиынтығы. Мұнда тіл жүйесін білу, ситуация және әлем туралы білім тірек ретінде алынады, бұл тілдік және энциклопедиялық білімдер негізінде импликациялар мен жалған импликация (квазиимпликациялар) алуға мүмкіндік береді», — дейді [9]. Осы сөйленімнің өз семантикалық функциясын атқаруына қажетті ситуативтік жағдайларға қатысты пресуппозициялар болады.

Қазақ тіл біліміндегі прагмалингвистикалық бағытта жазылған тұңғыш еңбектің авторы З.Ш.Ерназарова «сөйлесім мазмұнын анықтайтын шарттарды» пресуппозиция деп атап, оның экзистенционалды, семантикалық және прагматикалық түрлерін көрсетеді [10].

Көріп отырғанымыздай, импликация, пресуппозиция санаттарын талқылағанда, оның инсан санасындағы білім қорымен байланысы назарға ілінбейді. Дей тұрсақ та, бұл санаттардың жоғарыда көрсетілген үдерістері ділдік лексикон көлемінде болатын қозғалыс, құбылыстарға әсер ететіні сезіледі. Мәселен, бұған имплицитті мағынаны түсіну инсанның аялық білім деңгейіне қатысты екендігі жайлы пікірге [11] сүйенер болсақ, бұлардың ділдік лексиконға байланыстылығы айқындала түседі. Сондай-ақ ділдік лексиконмен пресуппозицияның байланысатын түп себептерін былайша түсіндіруге болады: адамның жария болған сөзі оның ой-санасының ақиқат, шындық болмыспен қатысқа түскенін білдіреді. Ой-сананың болмысқа, болмыстың ой-санаға қатысынан білім келіп қалыптасады. Ал оның өмірдегі, қарым-қатынастағы көрінісін сөзден табамыз. Пресуппозиция «менталитет» ұғымының құрамына кіретін «ой қыртысы» компонентіне сәйкес келеді. Инсанда қатысымның жалған не шынайылығын анықтайтын білім қоры болады. Сонымен қоса «пресуппозиция» ұғымы ділдік лексиконда тілдің әр деңгейлі бірліктерінің қолданысқа түсуін, сонымен байланысты мағыналарда болатын өзгерістерді, жадыдағы жасырын мәннің қалыптасуын анықтауға, негіздеуге көмектеседі. Осылардан мынаны байқауға болады: қорытынды білімнің қабылдаудағы пайдаға асуына жағдай туғызатын микробөлшектері — пресуппозиция және имплициттілік. Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болады. Белгілердің өздерін жеке емес, оларды сөз өндіру және сөзтүсінілім барысындағы қолданылу стратегияларымен тығыз байланыста зерттеу керек. Мұнда сондай-ақ бірегейлену (идентификация) үдерістерінің ерекшеліктеріне қарай қорытынды білімнің түрлеріне жете көңіл бөлінуге тиіс. Сөз бірегейленуінің спираль тәрізді үлгісі мен сөзді жеке лексикондағы бірқатар психологиялық үдерістердің (ұғымдық-логикалық, эмоционалды-бағалау) жемісі ретінде және осы үдерістердегі байланыстар қиылысындағы түйін ретінде түсіндірілуі — сөздің тікелей хабарланып, қабылданып отырған ақпарат шегінен асып шығуға қабілеттілігін көрсетеді, сондай-ақ ол (сөз) ішкі контекст (вербалды және бейвербалды, саналы ұғынудың әр түрлі деңгейлерінде қолданылады) арқылы алуан сипатты қорытынды білімдерге қол жеткізу үшін тірек болады. Сонымен, естілетін немесе оқылатын мәтінді түсіну және айту үдерістерінде адамның біртұтас ақпараттық базасына ену құралы ретіндегі сөздің рөлі зор. Ол базада перцептивтік, когнитивтік және аффективтік тәжірибелердің нәтижелері сақталады. Ол тәжірибе жеке ділдік лексикон бірлігі ретіндегі сөзді ішкі контекстке қосқанда өзектенеді, соның нәтижесінде жадта әлемнің әуел бастан ұласпалы және ауқымды бейнесі, ондағы байланыстар мен қатынастар, бағалар мен әсерленулер түгелдей «сәуле береді».

Адам сөзді қолдану немесе идентификациялау (бірдейлестіру, ұқсастыру, түсіну) кезінде әр түрлі белгілерге сүйенеді. Онда тура және көп сатылы қорытынды білімдер (тілдік және энциклопедиялық, декларативтік және процедуралық) ескеріледі. Сөз өндіру мен сөз қабылдау барысында адамдар арасында білім де ауысады, бір инсаннан келесі инсанға тасымалданады, нәтижесінде ділдік лексиконға қол жеткізіледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Залевская А.А. Введение в психолингвистику. — М.: РГГУ, 2000. — 382 с.
- 2 Кондаков Н.И. Логический словарь-справочник. — М.: Наука, 1975. — 720 с.
- 3 Матжанова Г.Ж. Іскерлік сөйлеу тіліндегі сендіру категориясының ерекшеліктері (АҚШ-тың іскерлік мәтіндері негізінде): Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2006. — 6-б.
- 4 Баранов А.Н., Добровольский Д.О. Англо-русский словарь по лингвистике и семиотике. — М., 1996. — 647 с.
- 5 Грайс Г.П. Логика и речевое общение // Новое в зарубежной лингвистике. Лингвистическая прагматика. — М., 1985. — Вып. 16. — С. 217–237.
- 6 Арутюнова Н.Д., Падучева Е.В. Истоки, проблемы и категории прагматики // Новое в зарубежной лингвистике. Лингвистическая прагматика. — М., 1985. — Вып. 16. — С. 32.
- 7 Жақыпбеков Б.Ә. Бұйрықты сөйлемдер және олардың көркем әдебиетте қолданылуы: филол. ғыл. канд. ... автореф. — Астана, 2002. — 7-б.
- 8 Кифер Ф. О пресуппозициях // Новое в зарубежной лингвистике. Лингвистика текста. — М., 1978. — Вып. 8. — С. 337–369.
- 9 Беллерт И. Об одном условии связности текста // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 8. Лингвистика текста. — М., 1978. — С. 172–207.
- 10 Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық аспектісі. — Алматы, 2001. — 70-б.
- 11 Дина Б.Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі: Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2002. — 28 б.

Ж.М.Алтынбекова

Отражение знаний в лексиконе личности

В данной статье приводятся научные суждения об отражении знаний в лексиконе личности. Наряду с этим уделяется внимание постановке проблемы лексикона, его структуры и организации, его роли в процессе речевосприятия, а также определению основных критериев единиц как эквивалентов ментального лексикона. Автор рассматривает связь категорий импликации, пресуппозиции в языковом лексиконе с запасом знания в сознании личности.

The article is devoted to the problem of scientific opinion about structural especially of language and thinking, language functions, language and speaking acts. The attention is put to the problem of lexicon, its structure and organization, speech process regulations, showing basic criteria of members like equivalents of mentality.

ӘОЖ 003.07:323(574)

Г.С.Амангелдиева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**Әбіш Кекілбайұлының тарихи-рухани тақырыпты
көтерудегі көркемдік күдіреті**

Мақала авторы танымал жазушы, талантты редактор және қоғам қайраткері Н.Назарбаевтың шығармашылығының негізгі ерекшеліктерін талдайды. Мақалада Н.Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» және «Тарих толқынында» атты кітаптарын негізге ала отырып, ұлт мәселесінің көтерілуі мен кітап авторының шығармашылық-идеялық принциптері қарастырылған. Сонымен қатар танымал жазушы Н.Назарбаевтың шығармашылығындағы ерекшеліктер, публицистикасының стилі мен шеберлігі көрсетілген. Автор ұлттық идея кітап авторының негізгі идеологиялық ұстанымы болғандығын көрсетті.

Кілтті сөздер: суреткер туындылары, көркемдік фон, көркемдік декорация, роман-диалогия, халықтық қаһармандық драмалық дастан, монументалды роман, философиялық проза, философиялық драма, тоталитарлық үрдіс, ұлттық сезім.

Тарих та, бүгінгі күн де — тіршіліктің тартыс майданы. Мұның өзі — суреткер туындылары арқылы көрініс табатын адамдар тағдырлары үшін тиек болған көркемдік фон — көркемдік декорация болып табылады. Ал, Әбіш Кекілбаевтың шығармаларының басты өзегі — тарих пен тағдырлар философиясын алуан-алуан тұрғыдан мейлінше саралап, мейлінше даралап көрсетеді. Мұның бір шырқау көріністеріне «Үркер» мен «Елең-алаң» роман-диалогиясын, «Абылай хан» халықтық қаһармандық драмалық дастанын, ұлы ақын Махамбет туралы «Шандоз» тарихи баянын жатқызар едік. Көркем ой тұрғысынан алып қарағанда монументалды роман мен драмалық дастанды, тарихи баянды қазіргі қазақ әдебиетінің даму өрісіндегі кезеңдік ірі туындылар десек жарасымды. Өйткені философиялық прозаның, философиялық драманың, философиялық тарихи баянның қай-қайсысы болмасын мазмұндық-түрлік орасан зор қуатымен, орасан зор ізденісімен, орасан зор көркемдік жетістігімен мүлде жаңа, мүлде тың, мүлде соны, мүлде тосын, мүлде кесек, мүлде ірі, мүлде ойлы, мүлде сындарлы шығармалар болып табылады. Сондықтанда біз бұларды саяси-әлеуметтік, тарихи-философиялық сипаттағы соқталы дүниелер деп білеміз. Солайша қабылдаймыз. Солайша сүйсінеміз. Әрбір туындыдан бір-бірден мысал келтірсек артық та болмас еді. Біздің шектелуіміздің басты себебі — жоғарыда аталынған, жанры әрқилы шығармалардың баршасы ойға, әсіресе ойдағы тартысқа, небір тағдыр шырғаландарының тартысына құрылған көшелі де өрісті туындыларды еріксіз тұтас келтірер болар едік.

Роман-диалогиясының, халықтық қаһармандық дастанның, тарихи баянның ең басты көркемдік табысы мен ең басты көркемдік күдіреті — тарих пен тарихи тұлғаларды, сол кезең, сол қоғамды суреткер Әбіштің ұстанымымен, дербес те көркем трактовкасымен оқырмандардың етене табысып, етене қауышуында. Сөйтіп, сіздер мен біздердің тарих пен тарихи тұлғаларға деген саяси-философиялық көзқарастарымыздың әділдігін, шыншылдығын қалыптастыруға, дамытуға, өрістете түсуге түбегейлі түрде, жаңаша түрде орнығып, беки-шыңдала түсуіне зор ықпал ете білуінде, өзінің көркемдік міндеттеріне қол жеткізе алғанында деп білеміз.

Ә.Кекілбаев шығармаларындағы неше алуан тартыстар мен қақтығыстар белгілі бір сюжеттер немесе оқиғалар аясында тікелей алынбайды, қайта, керісінше, сол сюжеттер мен оқиғалар санадағы ой ағымына бағындырылады, сол арқылы өрбіп, өріс тауып жатады. Соның нәтижесінде ой ағымы-

ның түбінде, образды түрде айтсақ, еңсеп қазған құдықтың түбінде шөгіп жатып-ақ, шығарманың көркемдік бітім-сүйегіне, дем-тынысына өзгеше шырай дарытатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Бұған оның жоғарыда аталынған күллі туындыларының кез келгені нақты дәлел бола алады.

Тәуелсіздігімізге дейін жарық көрген тарихи дүниелер арасында «Үркер» мен «Елең-алаң» роман-диалогиясына шейін халқымыздың ұлттық психологиясындағы небір тамаша қасиеттер мен небір жиренішті кемшіліктер жайында дәл осындағыдай әрі сүйсіне, әрі ашына терең айтылған ойлар мен көркемдік тың жинақтаулар мүлдем сирек ұшырасатын. Мәселен, әрбір фактіні не деректі, әрбір іс-әрекетке негізделген оқиғаны келтіру бар да, оны көркемдік трактовкалау және бар. Бұл орайда Ә.Кекілбаев шығармашылығындағы тарихи фактілер мен деректердің, іс-әрекетке негізделген оқиғалардың қай-қайсысы болмасын әрқашан белгілі бір көркемдік мақсатқа жұмыла қызмет етеді, соған жұмыла қол жеткізеді. Әсіресе әрбір фактілер мен деректердің бәрі-баршасы шығармалардың тарихилық сипатын деректерінде түскеннен гөрі, сол романның, сол драманың, сол тарихи баянның көркемдік мазмұнын философиялық тұрғыдан байытуға, тереңдетуге, құнарландыра түсуге, сөйтіп, мейлінше дербестендіре, ерекшелендіре түсуге, авторлық жаңа концепцияның дараланып, шоктығы арта түсуіне айырықша қызмет етеді.

Әбілхайыр хан, Абылай хан, Төле би, Шақшақ, Жәнібек, Исатай мен Махамбет батырлар тәрізді әр алуан тарихи тұлғалар-тарихи кейіпкерлердің соны болмыстары, соны іс-әрекеттері жазушы қаламы арқылы әрқайсысы өзіне лайық сырқау көркемдік биіктеріне көтерілген.

Жазушының кез келген көлемді шығармаларындағы қазақ жері мен кеңістігінің бір уыс топырағы, бір шөкім бұлты, шалқар даласы, ұбақ-шұбақ таулары, бұлақтары мен дариялары, құмдары мен үстірттері, көлдері мен шөлдері, жайлаулары мен қыстаулары және тағы басқа әр алуан материалдық бөлшектері белгілі бір дәрежеде, өмірлік өзек болумен қатар, сол туындылардың көркемдік болмысын, парасатын, табиғатын құлпытта түсетін шешуші көркемдік факторларға да шынайы айнала білген. Сондықтан болса керек, қарапайым нәрселердің күрделі болмысы немесе күрделі жайттардың қарапайым табиғаты Әбіш қаламынан туған кемел туындыларының бәріне тән болып келеді.

Әбіш Кекілбайұлының публицистикалық әр мақаласынан осыны көруге болады.

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, газет бетінде ұлттық, тарихи дүниелер жазыла бастаған кезде Әбіш Кекілбаев та бұл тақырыптан тыс қалған жоқ. 1993 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде ұлттық намыс туралы «Арға тартпай — арман тұл, намыс кұмай — мақсат тұл» деген мақаласы жарық көрді. Ол мақалада нәсілдік дамуға тарихи географиялық жайлар әсер ететіндігін айтады. Бірнеше тұжырымдар жасап адамзаттың жаратылысты бірден игеріп кетпегенін айтады. Мақала тарихи-географиялық зерттеу ретінде жазылған, құдды бір географ-ғалымның зерттеуі ма дерсін. «Жер бетіндегі өркениеттің әр алуандығы, әр ұлттық мәдениеттің өзіндік сипаты, әрбір ұлттардың санасында айта қаларлықтай айырмашылықтардың болуы... біреулердің еңбекшіл болғандықтан, ерте дамып кетті, екіншілері жалқау болғандықтан, кейін қалып қойды деп түсінуге бола ма?» деп сауал тастайды да, оған өз жауабын береді: «Жоқ, болмайды. Белгілі бір биологиялық түр ретінде адамның дамуы өзін қоршаған ортаға тікелей байланысты екенін айттық. Өзін қоршаған ортада оның тіршілігіне қажетті барлық жағдай туып тұрса, ол өзінің жаратылыстық жағдайын көп өзгерте қоймайды. Жасамыстық жолға да дендеп көше бермейді. Мінекей, көптеген ұлттардың жиырмасыншы ғасырға дейін вегетативтік кеңістікпен қарым-қатынас тұтқынында қалып келгенінің сыры да осында» [1].

Әбіш Кекілбайұлының мақала барысында қазақ халқы молшылық, кеңшілік дәуренде жүрген кезде адамзаттың қалған бөлігі өз төңірегінде табиғи тіршілік ресурстарының сарқылып бара жатқандығын байқап, оны қолдан толықтыратын жолдарға көше бастағандығын, ал қазақтың аңғалдығын ашына айтады. Мемлекет ұлт санасымен ғана басқарылатынын айтады. Экологиялық, ядролық қару, саяси-экономикалық тұрақсыздықтың әсерінен ұлт жоқ боп кетуі мүмкіндігін айта келе, тәуелсіздікке қол жеткізген осы шақта оны қастерлей білу керектігін көрсеткен. Бұл мақаланың жалғасы сол жылдың 1-ші желтоқсанында сол басылым бетінде жарық көреді.

Қазақ қоғамына жан-жақтан енген діндер, мәдениетті шарқ айналдыра қоршап алғандығын, салт-дәстүрдің өзгеруі рухани бетбұрысқа алып келгенін ашына жазып, бүгінгі қалпымыздан айырылып қалмаудың жолын қарастырған Әбіш Кекілбайұлы ұлттық сана мен ұлттық намыстың негізгі мәні қадір-қасиетімізде екендігін баса назар аудару қажет деп біледі. Қасиетімізді жоғалтпайық, халқым, деп жылаған автордың қаламынан туған бұл мақала әрбір қазақтың жүрегін тебіртпей қоймауы мүмкін емес. «Мұның бәрі де елді басқару жүйесімен тікелей сабақтасып жатады» дей келе, ол өз сөзінде: «Ұлттық жауапкершілігіміздің бүгінгі таңдағы бірден бір өзегі — экономикалық тәуелсіздікті қалып-

тастыру болса лазым. Ұлттық намысымыз сол экономикалық тәуелсіздікті қалыптастыратын қасиеттерді бойымызға тездетіп дамытуға түрткі болғаны дұрыс» [2].

Осы материалмен сабақтас, ұлттық идеяны негізге ала тарихпен әдебиеті сабақтастыра жазылған Әбіш Кекілбайұлының енді бір дүниесі 1998 жылы 3 шілдеде «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді. «Мәуелі құбылыс мәйегі» деп аталатын мақаланы Германияда Франкфурт университетінің Түркология институтында және Берлиннің Гумбольдт атындағы университетінің философия факультетінде «Қазақ әдебиеті: қысқаша тарихы және қазіргі кезең» деген тақырыппен лекция түрінде оқыған. Бұл лекция тыңдаушылар тарапынан зор ықылас тудырған.

1998 жылы «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылына» байланысты Әбіш Кекілбайұлы басылым беттеріне тарихи, рухани, ұлттық сана, ұлттық идеяға қатысты әдеби, көркем публицистикалық материалдар жазып жүрді. Сондай бағытта жазылған бір мақалада Әбіш Кекілбайұлының тарихты қазбалай келе, коммунистік жүйенің қазақ даласына қалай әсер еткендігін көреміз. «Қазақтардың тарихи бірлігін тұтастай мансұқтаудың қандай қасіретке ұшыратқаны 1920–1930 жылдардағы тәркілендіру тұсында анық байқалды. Көшпенділік кешегі Қазақстан байлығын игерудің қай-қай тұсында да аянбай қарғап сіленді. Ол көшпелі халыққа жаны ашығандық емес еді. Өз жер, өз топырағының игілігін игергенде «қолыңнан келмейді» деп, өзінді аулаққа қуып тастаудың айла шарғысы еді. Әлеуметтік әулекілік қазақ қауымын қатты күйзелтті. Әсіресе ауыл күйреді. Басымыз өспеді, барымыз өшті. Жартымыз қырылып, жартымыз бостық. Ұлттық тарихын жоққа шығару ұлттың өзін жоққа шығару болып шықты» [3] дей келе, Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуіндегі жетістіктерін сараптайды. XVI–XVII ғасырлардағы саяси құрылым жүйесіндегі басқару ерекшелігін, саяси-қоғамдық, рухани дағдарыстан шығу жолдарын ерте тарихтан көру қажеттілігін жазады. «Қазақстан өзге елдерінде Орталық Азия мемлекеттерімен бірге сол империяның геосаяси мүдделерінің шеңберіне ілікті. Ал ол мүдделер әрқилы тікелей де жанама тәсілдермен байырғы халықтарды мәдени, тілдік, тарихи-этикалық нәсілдік тұтастықтан айыруға тырысты.

Тоталитарлық үрдіс тұсында жағдай одан әрі асқынады. Ұлттық сезім әлсіреп, біржолата күйреуге айналды. Шет аймақтарға тұрғындардың кім екендігін ұмыттыру үшін арнайы жаппай көші-қон ұйымдастыру жолымен көп ұлтты салт күшпен таңылды» деген жолдардан Әбіш Кекілбайұлының осы мақалада саяси тығырыққа ұрынуымыздың себептерінде көрсетіледі. Мақала соңына қарай автор Қазақстанның көптеген елдердің назарына іліккенін, бүгінгі зиялы қауымның дұрыс жолды тандай біліп, ғылымның дамуында жаңа бағытпен даму жолдарын қарастыру қажет екендігін айтады. Ол үшін Құдайдан ырыс-дәулетпен бұрын абырой тілегеніміз дұрыс деп есептейді Әбіш Кекілбайұлы. Ол ұлтымыздың тарихи зердесін тереңдетіп, жаңа қоғамдық санасын қалыптастыратын гуманитарлық ақыл-ойымыздың айрықша қауазайтын қағидасы деп сенеміз. Ұлтқа қатысты, тарихқа қатысты сөз қозғасақ, айтар дүние жетіп жығылады. Әбіш Кекілбайұлы тарихты қазбалап, кінәлілерді іздеп, біреулерді айыптамай, керісінше, сүрінген тұстарымызды, жіберген қателіктерімізді қайта өңдеу қажеттігін, бүгінгі дамып жатқан заманда ғылымның біздің қоғамға пайдалы тиімді жақтарын игеру қажеттігін әр мақаласында сөз етеді. Жоғарыдағы мақаланың маңыздылығын ұққан басылым басшылары ол дүниені тағы бір басып шығаруды жөн деп шешкен мақсатта «Қазақ әдебиеті» газетінің 1998 жылғы 10 шілдедегі санына басып шығарады. Ұлттық ғылым академиясында жасалған бұл баяндаманың каншалықты құнды дүние екендігін осыдан аңғаруға болады.

Әбіш Кекілбайұлы тіпті тәуелсіздік орнамай тұрған кездің өзінде ұлтқа, ұлтаралық қатынастарға бейжай қарамаған. 1990 жылы «Лениншіл жас» газетіне берген сұхбатында былай дейді: «Біздің кез келген аймағымыздағы ірілі-ұсақты мәселелердің қай-қайсысы да ойдағыдай жаңаруына байланысты. Ал, көп ұлтты қоғамда ондай жаңару ең алдымен ұлттық қатынастарда көрініс тапса ләзім. Сондықтан да біз республикалардың дамуы мен олардың өзара байланысын бұрынғы қағидалар негізінде қалдыруды көздейтін кертартпа көзқарасты жақтай алмаймыз. Ондай көзқарас ұлтаралық қатынастардағы қайшылықтар мен шешілмеген мәселелерді де сол жабулы қазан жабулы күйінде қалдырады» [4].

Әбіш Кекілбайұлының мақалаларында кездесетін деректерді ол жатқа біледі деуге толықтай негіз бар. Оны жазушының журналисттерге берген сұхбаттарынан көруге болады. Әр публицистикалық мақаласы мен баяндама, сұхбаттарда көптеген тарихи деректерді кездестіруге болады. Мәселен, «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Еркін Қыдырға берген сұхбатында мынадай тарихи деректер бар: «Билікті кие тұту — көп астананың аттарынан да, орналасқан жерлерінен де байқалады. Мәселен, 736 жылы Тигр өзенінің жағалауына салынған жаңа қалаға иран тілді бастапқы тұрғындары «бағ» — *таңірі*, «дад» — *тарту* дегеннен шығарып, «тәңірінің тартуы» деген ат берді. Кейін арабтар Дар-эс. Са-

лам — «бейбітшілік тұрағы» деп өзгерткенмен, ресми құжаттарда ғана пайдаланылып, жаппай қолданылыста баяғы атауын сақтап қалды. Джакечуа тілінде «тәңірдің айтқаны естілетін жер», «Амман — ежелгі Мысыр тәңірісі Аммонның киесі қонақтаған қоныс, Ереван — Ару тәңірінің үйі» десе, қазақтың тарихымен сабақтастыра өз сөзін былай жалғастырады: «Бұл дәстүр біздің түркі-монғол әлеміне де өте-мөте тән болған сияқты. Тіпті ежелгі түркі тіліндегі «тау» мен «тақтың» арасында тек дыбыстық қана емес, мағыналық та үндестік бары даусыз. «Тәңірді көргің келсе, тауға бар» деген мақала да, Тәңіртау, Хан тәңірі атауы да тектен текке шықпаған сияқты. Түрік-монғолдың ортақ бабасы — Олжай. Інжіл тілінде Яфес, Нұх пайғамбардың ұлы. «Оғызнаманың» айтуынша, Ортақ (Ұлытау), Кертәқта (Кішітауда) орда тігіп, Қарақорымды жайлаған. Қазаққа айтсақ: хан жайлаған Қаратау, би жайлаған Алатау. Билікті бәрібір жоғарыдан күткен. Жиынды төбенің басында құрған. Мәртөбе, Күлтөбе, Ордабасы, Хантауы. Шыңғыс жиын ашқан Мыңбұлақ, Бату жиын ашқан Ордатау, Жәнібек пен Керей жиын ашқан Қозыбасы, Үш би жиын ашқан Ордабасы. Бәрі де-өз тұсында күллі ел тағдырын шешетін билік орындарына айналған» [5].

Сондай-ақ осы секілді тарихқа қатысты деректердің біразын тізбектесек те болады: «Осы заманғы ұлттық мемлекет идеясының шығуына да сол 1648 жылғы Вестераль білімі себепші болды. Содан басталған егемендену процесі ғылым мен техниканың дамып, соған негізделген жаңа өркениеттің өркендеуіне айта қаларлықтай ықпал етті» [1]. Ұлттық мемлекет идеясының шығу тарихын қазбалаған жазушы «Қазіргі қазақ ұлтының этникалық құрамынан скиф-сарматтардың да, оғыз-қыпшақтардың да, түркі монғолдардың да түп жұрнақтарын, ал қазақ мәдениетінен олардың рухани мұралары мен салт-дәстүрлерін молынан табуға болады» дейді [6].

Әбіш Кекілбайұлының тарихи кезеңді түптеп жазған мақаласы «Отан тарихы — рухани жаңғыруымыздың қайнар көзі» деп аталады. Мақаладан үзінділер келтірер болсақ, «XV ғасырдың басында 60-жылдары аяғында Қазақ хандығының құрылуы да Ұлы Түрік елі мен Монғол империясының тағдырына тығыз байланысты болды. Ол — Шыңғыс Дешті-Қыпшақ, Жетісу және Түркістан аймағында ғасырлар бойы өрістеп келген экономикалық, әлеуметтік, этносаяси процестердің заңды нәтижесі еді. XIV–XV ғасырларда көшпелі шаруашылығымен, отырықшы егін шаруашылығымен шұғылданатын атыраптар мен қала мәдениеті орталықтарының аралас экономика құрып, өзара ықпалдасуы негізінде экономикалық тұтастық аймағы қалыптасуы қазақ жерлерінің бір саяси құрылымға бірігуінің негізгі алғышарты болды.

Қазақ хандығы Орталық Азияда үш ғасыр бойы елеулі орын иемденді...» десе, тағы бір жерінде «Ұлттық тарихқа ұмтылуымыз тек өткенге құмартушылықтан емес, болашаққа деген мақсаттарымыздың қаншалықты негізделгенін пайымдау қажеттілігінен туындап отыр. Уақыт талабына тек өткенді біліп, тарихқа қанығып барып, дұрыс жауап таба аламыз. Цицеронның «тарих — тағдырымыздың тәрбиешісі» дейтіні де сондықтан. Басқаша айтсақ, тарих бүгімімізге берер тағылымы мен ертеңімізге сілтер жөн-жосығымен қымбат» деген жолдар бар [7].

Әбіш Кекілбайұлының тарихи публицистикалық дүниелерінен өзге тарихи эссе жанрында жазылған көлемді-көлемді дүниелері жетіп артылады. Сондай көлемді дүниенің бірі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысты жазылған саяси-талдау, зерттеу ретінде жазылған көлемді мақаласы. Бұл материал 1996 жылы «Егемен Қазақстан» газетінің 12 қарашадағы санында жарияланды: «Жарқын бетбұрыстың жойқын беташары» деп аталатын мақала бірнеше тараудан тұрады. Автор мақалада 1986 жылғы желтоқсанның әлеуметтік-экономикалық және саяси астарына, оның тарихи мәніне, маңызы мен себеп-салдарына жеке-жеке тоқталған. Әбіш Кекілбайұлы «Желтоқсан желпінісінің маңызы қандай? Ол өзі революция ма? Көтеріліс пе? Қозғалыс па? Әлде қатардағы оқиға ғана ма?» деп сауал тастап, осы сұрақтар аясында бірнеше тұжырымдар жасайды. Ары қарай «Желтоқсан толқуы, әрине, революция емес. Өйткені, революция дегеніміз — түбірлі әлеуметтік өзгерістерді жүзеге асыру мақсатында бұқаралық қозғалыс лидерінің күш көрсету жолымен мемлекеттік өкіметті басып алуы.

Алайда жастарды алаңға алып шыққан Желтоқсан наразылығын қатардағы оқиға деп те қарастыруға болмайды. Неге? Оған оң жауап бере алатын алуан түрлі дәлелдер табылады» дей келе, халықтың көзі ашық болғандығын, байшы ауысуындағы саяси астардың жатқандығы көзі қарақтылардың дұрыс түсінгендігін айтады. «Республика партия ұйымының басшылығына Колбиннің тағайындалуы жастардың бас көтеруінің нағыз себебі емес, әншейін сылтауы ғана еді» дейді Әбіш Кекілбайұлы [9]. Бірнеше дәйекті деректермен жалғастыра келе жазушы өз сұрағына жауап тапқандай болады: «Мақсаты, мінезі, басып-жаншылу әдісі, алғышарты, себеп-салдары және маңызы жөнінен жастардың желтоқсандағы дүмпуі қарапайым оқиғалар қатарына жатқызуға болмайтын өзгеше тарихи феномен.

Оның қазақ даласындағы 1916 жылғы жаппай көтерілістен дәл жетпіс жыл кейін болуы да тегін емес. Екеуі де Орталықтың бір ғана озбырлығын пайдаланып, күллі ұлттық болмысты түбірімен шайқап, жаңа сапалық өреге көтеріп берді. Бұл ретте 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасын, бәлкім, көтеріліс деп те бағалауға болар» [9]. Әбіш Кекілбайұлы осы секілді бірнеше жауаптар келтіре желтоқсанның елге тигізген әсерін «социалистік құрылыстың күйреуінің хабаршысы» деп атайды. Ол бөлімде КСРО-ның күйреуін, отаршылдық идеяның қысыл қиял екендігін, күллі планетаны социализм лагеріне айналдыруға тыраштану барысында тоталитарлық мемлекеттің қуатты тетігі кенеттен опырылып түскендігін жазады. Сонымен, мақала оның себебін ашып, салдарын көрсетуге негізделеді. «86-ның Желтоқсаны қазақ халқының ұлттық сезімінің өсуіне айырықша ықпал етті, қазақтың өзін-өзі тануын, ұлттық мақтаныш пен тәуелсіздік туралы ұғымын түбірімен өзгертті. Жазалаушы мәшинеге құр қол қарсы тұрған жас ұландарына деген шын мақтаныш сезім мен салалы үгіт насихат мәшинесі тарапынан бүтіндей бір халықтың ұлтшыл деп айыпталуы одан сайын тездетіп қазақ халқының этникалық есею, бірігуін, ұлттың кемелденуін одан сайын тездетіп берді.

Халықаралық тұрғыда танылған ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы принципі кеңестік кезеңмен салыстырғанда мүлде бөлек мағынаға ие болды. Дербес мемлекеттік жолындағы күрес өршіді. Осы тұрғыдан келгенде қозғалыстың жалпықазақстандық және халықаралық маңызы өте зор» деп мақтана жазады Әбіш Кекілбайұлы өз мақаласын бітірмей. Сонымен қатар қазақтың рухы мықты халық екендігін «Желтоқсан оқиғасы барысында Қазақстанда алданып, түрмеге тасталған ақыл-ой мен ар-ождан тұтқындары пайда болды. Олар жоғарғы басшылықтың әрекетіне қарсы өздерінің келіспеушілігін көрсетіп кетуден жалтармағандығы. Оны осы мақала ішінен көруге болады. Мақалада мынадай жолдар келтірілген: «Рас, біздің тәуелсіздігіміз қан майданда емес, бейбіт жағдайда келді. Бірақ қан да төгілмей қалған жоқ. Қалай келсе де, одан қастерлі, одан қасиетті ештеңе болмауға тиісті. Тәуелсіздік алғанмен, бірден қарқ бола алмай жатқанымыз да рас. Бес ғасыр бойғы тілектің бәріне бесжылдың ішінде жете алмай жатқанымыз да аз емес. Бірақ ағыл-тегіл тойғыза қоймадың деп анасының көкірегің қыршығанды кім көрген? Тісі шыққан да сүйте ме екен...» [8].

Міне, желтоқсан оқиғасына қатысты тарихи, ұлттық сарынмен жазылған дүниенің негізгі мазмұны.

1993 жылы Әбіш Кекілбаев Президенттің жанында Мемлекеттік кеңесші деген қызметке тағайындалды. «Сол кезде әйгілі жазушы Тахауи Ахтанов бір кездескенде: «Осы Әбіштің қызметі не қызмет?» — деп сұрап еді. Тахаң да ол жылдары тарихи шығармашылыққа бет алып, тың дүниелер шығарып жүрген. «Таха, қазақтың тарихы мен қызметін өзіңізден артық білемізбе, Сіз қалай ойлайсыз?» — деп сұрақты өзіне бұрып ем, ол кісі де соны күткендей: «Дәл осы қызметі — Бұқар жыраудың қызметі емес пе? — дегені. Бұқар жыраудай данағой дүлдүлдің тарихта Абылайдың хандық қайраткерлігімен қатар айтылуының өзі де қоғамның қай кезде де рухани биіктікке ұмтылысын білдірсе керек. Тахаңның айтып тұрғаны — Елбасының жанында ақыл-парасаты мол, әділ де адал адамның жүргенін қалайтын зиялылар ойы еді» [9].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кекілбаев Ә. Арға тартпай — арман тұл, намыс қумай — мақсат тұл // Егемен Қазақстан. — 1993. — 30 қараша.
- 2 Кекілбаев Ә. Арға тартпай — арман тұл, намыс қумай — мақсат тұл // Егемен Қазақстан. — 1993. — 1 желтоқсан.
- 3 Кекілбаев Ә. Отан тарихи-рухани жаңғыруымыздың қайнар көзі // Егемен Қазақстан. — 1998.
- 4 Кекілбаев Ә. Ең бастысы — ел тағдыры // Лениншіл жас. — 1990. — 20 наурыз.
- 5 Кекілбаев Ә. Жаңа атауда ежелгі тарих тағлымы бар // Егемен Қазақстан. — 1998. — 12 мамыр.
- 6 Кекілбаев Ә. Мәуелі құбылыс мәйегі // Қазақ әдебиеті. — 1998. — 3 шілде.
- 7 Кекілбаев Ә. Отан тарихи-рухани жаңғыруымыздың қайнар көзі // Егемен Қазақстан. — 1998.
- 8 Кекілбаев Ә. Жарқын бетбұрыстың жойқын беташары // Егемен Қазақстан. — 1996. — 12 қараша.
- 9 www.aikyn.kz. — 19.06.2007.

Г.С.Амангельдиева

Художественные приемы Абиша Кекильбаева, используемые в раскрытии историко-философской темы

В статье рассматриваются актуальные проблемы современной казахской журналистики. Материалом исследования выбран самобытный и неординарный писатель и публицист Абиш Кекильбаев, творчество которого является ярким показателем современной культуры и отражением мировоззрения казахского народа. В качестве материала исследования выбраны наиболее показательные его публикации «Арға тартпай-арман тұл, намыс кумай-мақсат тұл», «Отан тарихи-рухани жаңғыруымыздың қайнар көзі», в которых дается точная оценка казахскому обществу и происходящим событиям и явлениям жизни казахского народа в современный период.

Amangeldieva G.S. in the article examines the issues of the day of modern Kazakh journalism. Research material is choose an original and eccentric writer and publicist Abish Kekilbaev, work of that is the bright index of modern culture and reflection of world view of the Kazakh people. As material of research his most model publications «Арға тартпай-арман тұл, намыс кумай-мақсат тұл», «Отан тарихи-рухани жаңғыруымыздың қайнар көзі» are chosen in that an exact estimation is given to Kazakh society and what be going on events and phenomena of life of the Kazakh people in a modern period. Choosing a research object the publicism of Abish Kekilbaev, Amangeldieva G.S. clearly shows to intercommunication of literature and journalism.

УДК 398

С.Ж.Бралина, В.В.Шильке

Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова

Проблемы теории фольклорного сознания

В статье рассматривается жанровая природа современного устного рассказа как феномена, возникшего на стыке жанров традиционной народной сказочной прозы и речевых жанров современности. С этой целью характеризуются различные концептуальные подходы исследования традиционных жанров сказочной прозы и их классификации, выявляются причины актуализации одних жанров и забвения других. Особое внимание уделяется исследованию современного состояния фольклора, появлению инновационных жанров и новейших областей фольклорной культуры. Важным аспектом статьи является рассмотрение речевых жанров как феноменов вербальной коммуникации и устной культуры. Критически осмысливается необоснованно широкое понимание жанра современного устного рассказа. Предлагаются пути определения жанрообразующих признаков современного устного рассказа, отражающих фольклорную и постфольклорную традицию сегодняшнего дня.

Ключевые слова: фольклорное сознание, жаровая природа, устный рассказ, сказочная проза, инновационные жанры, вербальная коммуникация, фольклорная традиция, христианское учение, самосознание, духовные ценности, психическое пространство, архетип, дихтомия.

Теория фольклорного сознания представляет собой достаточно проблемную область современной фольклористики. Несмотря на существование в науке некоторых трудов, уделяющих внимание народному сознанию и психологии, такой феномен народной культуры, как фольклорное сознание вследствие малоизученности порождает много вопросов. Эти вопросы касаются не только его природы, свойств, структуры, но и самого термина «фольклорное сознание», не имеющего на данный момент общепринятого, однозначного определения.

Поскольку термин «фольклорное сознание» является производным, решение проблемы следует начать с рассмотрения одной из центральных категорий философии — категории «сознание».

Историческое развитие философской мысли, смена философских точек зрения на мир порождали разные трактовки сознания, актуализируя тот или иной аспект данного феномена. В истории философии традиционно выделяются три мировоззренческие установки, формирование которых приво-

дило к корректировке понимания сознания, а отсюда и понимания всего окружающего мира: античный космоцентризм, средневековый геоцентризм и антропоцентризм Нового времени.

Для античных философов через сознание человек связывался с действительностью. Метафорически эта связь изображалась с помощью восковой дощечки, на которой отпечатаны буквы, т.е. античные мыслители (Платон, Аристотель) отождествляли дощечку с человеческим разумом, а отпечатанные буквы — с предметами окружающего мира. Для них разум и объект существовали отдельно друг от друга, а результатом их взаимодействия был мысленный отпечаток объекта. Из этого следует, что «античность открыла только одну сторону сознания — направленность на объект. Другая же сторона — умение человека сосредоточиться внутри себя, направлять свое внимание на внутренний мир — не была проработана» [1; 231].

Бірде би түйелерінің жай-күйін барлап қайту мақсатымен олардың қосына келсе, сыртта қол аяғы жан-жаққа жайылып қаннан қаперсіз ұйықтап жатқан Сабалаққа көзі түседі. Бұдан би өзі ой түйіп, тегін бала еместігін, түбінде төрт тарапқа билігін жүргізетін әкім болармысың деп жобалайды.

Сабалақтың жолын ашқан қарт Бөгенбайдың Төле биге келуі. Осы жолы аруақты батыр қалмаққа барар жолда қасына ерткен Сабалақтың алғырлығына, батырлығына разы болып, оған батасын береді. Батамен қоса кәрі тарлан ерлер мінуге лайық Нарқызыл деген жүйрік атын сыйлайды. Сол жолы Бөгенбай батыр Төле бимен қалмақтармен соғысу жөнінде пікірлескелі келген екен.

Жоңғарлықтармен ұрыс бір жылдан кейін басталады. Қасқа атқа мінген қалмақ батыры Шаршпен Сабалақ жекпе-жекке жазым етеді. Екі ұдай айқас «Абылайлаған» жас батырдың арасындағы аласапыран кәдімгі жұртқа мәлім ертедегі батырлар жырындағыдай әсер қалдырады. Осы жолы қазақтар үстем шығып, жеңіс тойын тойлайды. Жиында Сабалақты алдарына алдырып ерлігіне тәнті болған билердің оның шынында кім екенін қайта-қайта сұрағанда бұл: «Абылай атам, мен оның не-

мересімін», — деп жауап береді. Ризашылық сезіммен Әбілмәмбет Сабалақты өз орнына хан деп жариялайды. Оның батырлары тізбектеледі:

*Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қара Керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Құлғашбек,
Тігеден шыққан Естербек,
Шапырашты Наурызбай,
Құдаменді Жібекбай қасында,
Бақ, дәулеті басында
Секербай мен Шүйбекбай,
Таңсық қожас, Мамыт бар,
Қасқарауұлы Молдабай,
Қатардан жақсы қалдырмай,
Айнақұл Бәти ішінде,
Өңкей батыр жиылып
Абылай салды жарлықты.
Қолдан ханды қашырып,
Жеп салған жерін бұздырып,
Ұрысты қатты қыздырып, —*

делінеді жырда.

Арнайы Төле бидің айтуымен Абылай Жәнібек Шақшақ ұлымен жолығысады. Одан айрықша ақыл-кеңес алады. Сондағы батырдың айтқаны: — Өткен іске өкінбе, Өкініштен іс бітпейді. Екіншіден — еріншек болма. Жұртыңның алдына түс. Үшіншіден — халқыңа істеген ісіңе адал бол.

Міне, поэманың бірінші бөлімінде баяндайтын әр жайдың ұзын-ұрғасы осы. Одан әрі Сабалақ — Абылайдың 1781 жылы қайтыс болғаны, Бұқар жыраудың онымен қоштасқалы келгені әңгімеленеді.

*Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Үш жүздің баласынан үшті айтсам,
Қаларда мекен жаның-ай! —*

дейді кәрі абыз көз жасын төгіп.

Абылай ханның дәуірі келте қайырылады. Оның елдің тәуелсіздігін сақтау жолында сан алуан істері жоқ. Поэмада Есенгелді, Саржанның тарихы, одан соң Сағындық, Рүстем, Беглербек, Ғұбай-долла, Балақан, тағы басқалардың өмірінен қысқаша мәлімет беріледі. Олардың хам-қаракеті кейбір жағымды жағынан мадақталса, кейбір сұмдықтары датталады. Демек, шығармада толымды жасалған Абылайдан басқа образ жоқтың қасы. Оның алғашқы нұсқасы сақталмай, әркімнің жаттап алған, көшіріп алған қалпында қолымызға тиіп отыр. Мүмкін, поэма әуелгі күйінде жеткенінде көп сөзділіктен тыс, осы қалай делінетін қосымшалардан арылып жетерме еді, қайтер еді.

Байқастай қарасақ, әдебиетімізде Абылайға қатысты талай шығармалар бар екен. Бірақ солардың бәрінде де ол — эпизодтық кейіпкер. Соның бірен-саранында болмаса, мәселен, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында, С.Мұхамеджановтың «Жұмбақ қыз» операсын былай қойғанда, ол жауыз, барымташы, қарақшы деңгейінде ғана. «Сабалақта»-да оның туған халқының сол кезеңде хал-жағдайы, бара жолы, болашағы хақында кеңінен көсіле сипаттатайтын дүние емес. Жақында жарық көрген З.Тайшыбайдың редакциясымен шыққан «Абылай хан» атты документтер мен фактілер жинағында талай-талай жағдаяттың беті ашылған. «Сабалақ» жазылған кезде Көкбай сынды таланттың солардың бірқатарынан хабардар болса керек. Оның үстіне Абай да халықтық батыр жөнінде мол мәлімет бергенге ұқсайды. Бірақ поэманың қолдағы бар күйіне, олар жолда түсіп қалғаны немесе автордың жөнді қарастырмағаны көңілге кірбің ұялатады. «Кеңесарының жорығын аяқтап болып, енді Наурызбайға қарай көшкен едім. Бұған келгенде ақын аға: «Ененді ұрайын жаман ұры, ханның бағында осы алып

еді», — деп тыңдамай қойғаны деген жолдарға келгенде қаңтарылып қалғандаймыз. Біздіңше, поэма алғашқы жазылған күйінде сақталса, Абылайдың қоғамдық қызметі тиісті деңгейде біздің дәуірімізге жетер еді деген ой иектейді.

«Сабалақ» дастаны жайында Мұхтар Әуезовтің пікірін келтірейік. «Көкбай ұзақ шығарма жазды. Әңгімелі поэмасының айқын жіктелетін екі бөлімі бар. Мезгілі мазмұны, кейіпкерлерінің қалыптану айырмасына қарай бұл ұзақ шығарманы айқын екі дәуірдің адамдары турасында, екі ұдай бағытта жазылған шығарма деп жіктей аламыз. Сонда поэманың алғашқы бөлімін — Абылайға арналған «Сабалақ» поэмасы деп атауға болады. Екінші бөлімі Абылайдың бір топ нәсілдеріне арналады.»

«Көкбай бұл шығармасында халық аузында жүрген тарихтық деректер мен естеліктерді, лақап әңгімелерді, әр көлемді фольклор материалдарын көп жиып, пайдаланған.

Сонымен қатар Абай арқылы кітап жүзінен алынған, баспаға шыққан мақала зерттеулердің дәлді деректері де бар екені байқалады. Мысалы, Көкбай жырында Абылайдың жетпіс жаста, 1781 жылы өлгендігі айтылады. Орта Азия хандарының тарихынан Қоқанның Ғұмар ханы, оның нәсілі — Бала ханның жайы, Ташкеннің Беглер бегі, қазақ хандары мен Қоқан хандығы және Бұхар әмірінің арасында болған қатынастар, тарихқа жақын шындықпенен аталған болады. Қазақтың Үйсін сияқты руларынан Қоқан хандығына қарап тұрған хәлдері дұрыс аталады. Абылайдан бергі замандардағы тарихтық адамдардың өмірбаянына, іс-әрекеттеріне, тарихтық жағынан қанықты болған білгірлік байқалды» [4; 48].

Мұхтар Әуезов аюдай ақырған ақыр заман талабынан жасқанып, кейбір кейіпкерлерінің жөн-жобасын иіп-бүгуге дейін барды. Соның салдары: Құнанбай, Базаралы, Ділде, Әйгерім, Ербол, тағы басқа образдарына тиді. Абайдың жақын шәкірті екі жүзді біреудің сорабына айналып кетті. Бұл ретте көп зардап шеккенің бірі — алдымен Көкбай. 1940 жылғы «Абай» трагедиясында ол ұнамды істерімен көзге түсетін. Енді романда ол ұнамсыздар тобында болып шыққан. Оның бар күнәсі — молдалығы. «Байларды, молданы қойдай қу қамшымен» деген сөз ұранға айналған заманда оның басқаша орайда көрінуіне жөн жоқ еді. Тіпті бұл өңдеуден Абай да құр емес-ті. Қазаққа қалфе керек пе, жоқ па деген мәселе төңірегінде Семейде пікірталасы болып, ол жиналған халық алдында былай дейтіні бар:

«Бұл топтар сөйлеп болған соң, жиын біраз тынып қалған кезде Абай сөйледі. Абайдың сөзі салғаннан мүфтиге қазақ халқы қараудың қажеті жоқ» деген тура, жара сөйлеген кеңестен басталып еді.

— Ең әуелі ісләм дінінің қауымы болмақ дейді. Дін қарындас деп, Мысырдың арабынан, Үндістанның мұсылманынан, Стамбулдың халифе сұлтанынан, Шайхүлісләмнан Россияда, Сибирьде жатқан қазаққа қарындас тауып бермек. Туысқан таппақ болысады. Ең алдымен осының өзі жалған. Әр халықтың қалың қауымын алсақ, күнделік тірлігінде сыбайлас көршісімен келісіп күн кешеді. Бізді Халифенің мұсылманымен жақындатам деушілер ең алдымен қасымыздағы көршіміз орыс халқынан алыстатам дейтін болады. Айтпаса да ол айдан анық. Ал сол орыспен қайтіп сен алыс боласың, қазақ халқы? Жеке адам да тұтас қауым халықта жанды тіршілік етеді. Тірлік дегеніміз: мынау ішкен су, жеген тағам, киген киім, өмір сүрген үй ортаң. Өзгені қойып, Семейдің қазағы, сені айтайын; мынау Ертіс, сенің өзенің емес, орыс халқының өзені. Ендеше, ең әуелі Семей халқы, қазағы, сенің ішіп отырған суың орыс халқының суы. Екінші, жеп отырған наның, өзің егін екпейтін, еңбек саумайтын елсің, орыс мұжығының өсіріп беріп тиірменіне тартып әкеп беріп отырған ұны. Одан қала берсе, киген киімнің, кірген үйің, барша бұйымың мен жиының — бәрі-бәрі орыс халқының қаласынан, өнерінен келіп отырған дүниең!.. Сен осыдан алыстамақсың ба!? Алыстасаң тырдай жалаңаш кетіп бар да қарындас таба ғой! Екінші, біз қараңғыда жатқан қалың тұман басқан, надандық тұманы басқан, соры басынан асқан қараңғы елміз бізге ең алдымен не керек? Білім жарығы керек. Өзіміз надан өтсек, ендігі нәсілімізді болса да тез оқытып, дүние танытып, көзін ашуымыз керек, асығуымыз керек бұл жолда! Сол жөнде де бар жарығын ала білсең аямай беретін досымыз — орыстың өнері, орыстың үлгілі қауымы» [5].

Көп адам қатынасқан бір арқалы жиын үстінде бір орыс адамы осы романдағы әлгі келтірілген эпизодты сол күйінде алға тартқаны бар. Оған сол жолы қайтаратын жауаптың ретін таппай тарасқанымыз есімізде... Егер бүгінгідей дүниенің бәрі рет-ретіне келіп, егемендік алған шағымыз болса, сөйлеуші тиісті тойтарыс алар еді. Олай сөйлеместе еді...

«Абай жолынан» тағы бір ұзақтау үзінді келтірейік:

«Көкбай бірталай уақыт жырлағанда, Абылайды мадақтап сөйлеген. Енді самауыр қайта кіргенде, Абылайдың нәсілдеріне ауысып соларды қошаметтей бастап еді. Дәл осы уақытша Базаралы Көкбайды санынан қақты да, «тоқташы» дегендей белгі етті. Көкбай Абайға қарап еді, көптен салқын қабақпен тыңдап отырған Абай да, тоқтағанын мақұл көргендей екен.

Көкбай еріксіз шұғыл тыйылып қалды. Енді Базаралы іле сөйлей жөнелді.

— Бұрын сөйледі деп айып етпендер, жігіттер, осында менен басқанның бәрің, бастығың Абай боп, өңшең ақын екенсің. Ендеше Қожанасыр айтқандай: «Осынша тауыққа бір қораз керек емес пе!» Көп айтушыға бір тыңдаушы болсам, ойымды айтайын, — деп Көкбайға салқын қарап қалды.

Абай Базаралының бұл мінезін де құп көріп, айтуын өтінді.

— Айтсам, Көкбай, «алдияр» дедің, «асыл ханым» дедің, «әруағыңнан айналайын» деп те жалбарынып жатырсың. Аяғы, Абылайдан өтіп, нәсіліне де тауап қылар тәрізің бар. Шынымды айтайын, жақпайды маған, Көкбай, мұның. Осы хан сұлтанды көксеп маңырап, талай надан ақын, баяғының өзінде тоздырып болмады ма, Абай?! Біз Абай сөзін естігелі осыны ұмытсак, мақұл емес пе еді? Көкейіме қонбайды, өйткені көңіліме жақпайды. Ал адалын өздерің айт! — деп Базаралы Абайға қарады.

Жұрт мына сын шыға бастағалы шайды ішпей, сілейе тыңдап қалған екен. Абай Базаралыны қостап, ойлана отырып, бас изеді де:

— Осы сөз, анық әзіл сөз ғой. Айтып қойғанымыз болсын, айтпағанымыз болсын, бәрімізге де жетерлік сын екен, — деп ойлана отырды да, Көкбайға салқын қарап: — Ал Наурызбайлар көпті сырлатқан. Сол қатты, қатал сойқандары үшін өз бастарына әділ жаза тапқан. Көпке қаза шақырғаны үшін тапқан қатты бүлік содырлар еді. Олар үшін, әсіресе, өктемесең болатын еді ғой! Қазақ орысты қырды деп, тағы бір тыңнан Әзіретәлі таппақ бопсың, оны қазақтың қалын елінің қамқоры етпексің. Жалған! Бәрі де жалған! Алдамыш бояулар! Қазақтың қамқоры емес, қайта сол қазақты, халықты сатқан аз ғана топ, азғын топ — хан-сұлтанның қамқоры болатын. Бұл күнде, бүгінгі нәсілде қазақты орысқа өшіктіруші, қазақ халқына достық етпейді. Неғұрлым сол орыстың шын қасиетін танып, тың өнерін тез үйренуге жетпей, қазақтың көзі ашылмайды. Бұдан өзге өрісте, бұдан өзге шындық та жоқ. Мынау өлең жалған да теріс. Менің өмір бойғы тұтынған жолым анық қарсы, қияс жолдағы өлең екен. Осылай айтпасқа әддім жоқ, — деп Абай ызалы, қатқыл үнмен, Көкбайға аса наразы болып сөгіп аяқтады.

.... Жастардың бәрі тегіс аңғарып отыр. Әзір Абай мақұлдаған бірде-бір өлең болмай шықты. Көкбай үнсіз жиын арасынан түрегеліп, «басым ауырып тұрғаны» деді де шығып кетті. Есіктен шығардағы күжірейген жуан жотасына қарап отырып, Абай оның өкпелеп бара жатқанын аңғарды. Соған орай өзі де ішінен қатуланып қалды» [6].

Міне, Абайдың, «сыншы» Базаралының поэма туралы кесімді пікірлерінің қорытындысы осындай. «Абай жолы» тарихи роман дегенімізбен, оған оқырмандар жүгінетіндей ілгешектер табылары сөзсіз. Абайдың «Абылай мен Кенесарының істерін мақтан қылатын ерліктерін дастан етіп жаз» деген реңште Көкбайға тапсырма бергенін жаңа ғана айттық. Поэманы автор көзбе-көз отырып, Абайға оқып береді. Тыңдаған тұста алғаш оған ақын аға ешбір ескертпе жасамаған секілді. Енді романда әлгі сипатты жұрттың көзінше, іске алғысыз еткенін түсінбедік. Оқырмандар «Сабалақ» туралы күні кешеге дейін бейхабар болатын. Олай емес, былай дейтін пікірлер айтылмағаны тағы рас. Шығарманы қалайда мінеу осындай, Базаралы айтқан сынға қарсы ақынның Көкбайды ақтап дәйектеме беруін күткен едік. Олай болмады. Екі ортада жазықсыз, дастан жазғаны үшін жаза тартқан Көкбай болды да шықты.

Қысқаша, «Сабалақ» туралы айтарымыз әзірге осы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абылай хан. Өмір жолы. — М.: Фолиант, 2005. — 477 б.
- 2 Бес ғасыр жырлайды. — Алматы: Жазушы, 1984. — 256 б.
- 3 Марченко А. Возможности «свободного романа» // Вопросы литературы. — 1971. — № 9. — С. 48.
- 4 Абайдың ақын шәкірттері. — Алматы: Дәуір, 1994. — 335-б.
- 5 Абай жолы. — 6-к. — Алматы: Жазушы, 1980. — 371-б.
- 6 Абай жолы. — 5-к. — Алматы: Жазушы, 1980. — 402-б.

З.Жумағали, Г.Жумағалиева

Поэма о народном сыне

В статье рассматриваются экспрессивно-эстетические направления поэтической школы Абая, все наиболее важные шаги в творчестве поэта проанализированы К.Жанатайұлы. Ученый подробно рассматривает взаимосвязь в творчестве поэта темы истории нации и роли личности в истории в произведении «Сабалак». В поэме показаны роль исторической личности Абылай-хана в становлении национального самосознания, политические и идеологические основы творческой лаборатории казахского акына.

In the article expressive and esthetic directions of the poetic school of Abaj are considered, all most important steps to creativity of the poet are analysed from the point of view of history of Kazakh the people, presented in works of known scientist Kokbaj Zhanatajuly. Kokbaj Zhanatajuly in detail considers interrelation in creativity of the poet of a theme of history of the nation and a role of the person in the history in the epos «Sabalak» in which the role of the historic figure of the Abylaj-khan in formation of national consciousness, political and ideological bases of creative laboratory of Kazakh akyn is shown.

ӘОЖ 821.512.122

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Арқаның ардақты ақынының қазақ поэзиясына қосқан үлесі****Мақсұт Байсейітовтың 85 жылдығына орай**

Мақсұт Байсейітовтың сан қырлы этикалық дарынына көңіл аударылған. Оның шығармаларында Орталық Қазақстанның шахтерлері мен металлургтерінің еңбектегі ерліктері нақты жырланған. Поэзияның халықтың рухани өміріндегі рөлі мен маңызына ақынның көзқарасы ашылып көрсетілген. Оның табиғатқа, жыл мезгілдеріне, Сарыарқаның әсем көріністеріне арналған өлеңдері зерттелген. Ақынның махаббат лирикасы жайлы айтылған. Талантты сөз шеберінің философиялық ойлары жалпыланған.

Кілтті сөздер: Қарағанды қаласы, Теміртау, Қазақстан Магниткасы, Қарағанды кеншілері, Теміртау металлургтері, Мақсұт өлеңдері, қазақ поэзиясы, жұмысшы тақырыбы, Теміртау шежіресі, қазақ даласы, туған ел, туған жер.

Kіріспе

Поэзиядан өзге дүниелердің бәрін екінші кезекке ысырған Мақсұт Байсейітов өлеңді жалғыз ғана жансерігіне балады. Сонымен ғана жүздесті. Сонымен ғана келешегіне із кесті. Бойына дамыл таптырмаған да, ойына қанат қақтырған да сол еді!

Ақиық ақын өлеңге тақырып табудан ешбір таршылық көрмеген. Қай тақырыптың қолтығынан алса да жолы ашылып, сапары жалғасып кете барған.

Мақсұт шығармаларында жұмысшы тақырыбының лайықты орнын табуы

М.Байсейітовтың сүйіп жырлаған тақырыбының бірі — өзінің туып-өскен ортасы — Қарағанды қаласы, Теміртау, Қазақстан Магниткасы, Қарағанды кеншілері мен Теміртау металлургтерінің ерлік еңбегі мен сәнді тұрмысы Мақсұт өлеңдерінен өзінің әдемі өрнектерін тапқан. Әсіресе оның Қазақстан Магниткасы туралы жырлары қазақ поэзиясына қосылған елеулі үлес болып табылады. Мақсұт шығармаларында жұмысшы тақырыбы өзінің лайықты орнын тапқан.

Мақсұт — дәуірдің өзі тудырған ақын. Оның барлық жырлары көмірлі қаланың бой көтеруі, жайнап-жасаруымен тығыз байланысты болды. Ол осы қалада өмірге келді. Осы қалада тұңғыш

өлеңін жазды. Ол осы қалада қағажу көріп, отты жырларының тиегін толық ағытып үлгермей өмірден өтті.

Бүкіл саналы ғұмырын кенші қауымының қуаныш-ренішін жырлауға арнаған арқалы ақын «Қарағандым» деген өлеңінде [1; 24, 25] жарыла былай дейді:

*Сенен аулақ бір қадам шықсам ұзап,
Сәулетіңе қараймын тоймай ұзақ.
Жадыраған жанымға қанат бітіп,
Жүрегімнен самғайды жырдың өзі-ақ.
Сипап өтсе бетімнен жылы лебің
Кеудем кеңіп кеткендей бейне менің,
Тұрам ірі тұлғаға сүйсінгенмен,
Көміріңнің отындай шалқып көңілім.
Жылу берген сондағы сенің лебің,
Кетпегендей денемнен әлі менің
Ыстық су боп қаныммен араласып,
Жалын атып тұр бүгін алған демім.*

Мақсұттың қазақ халқының тарихында мәңгілікке қалар еңбегі кеншілердің, ғажап адамдардың астанасы Қарағандымен байланысты. Оның әні, жыры, үні, ойлары, қоңыр философиясы Қарағандының қоңыр көмірімен жалғасты. Ол туралы өзінің «Ойлар» атты туындысында [1; 16–19] былай деп жазды:

*Сәлем саған, батырлары көмірдің —
Қарапайым адамдары өмірдің.
Еңбек десе, шахтер десе ақынның
Шаттық кернеп, жыр тербейді көңілін.
Өйткені, сен — иесі жер кенінің,
Ерлерісің, мақтанышы елімнің.*

*Мүмкін суып, күнде жарық бермейді,
Бірақ жерде көмір оты сөнбейді.
Алтын менен жазулы тұр тарихта,
Шахтер аты мәңгі өшпейді, өлмейді.
Өйткені, жоқ ешбір арман адамда,
Біз жасаған мынау алтын заманда.*

*Жат бір елдің тойып тәтті асына,
Жастағанша ақ мамығын басыма,
Өз елімнің тойып өзен суына,
Ұйықтар едім тауларының тасына.
Бөтен елде паң болғанмен ертең құл
Өз елінде барлығы да бақытты ұл.*

*Ұлы Отанның ауасы да маған ас,
Менің жаным басқаға ешбір баланбас.
Ондай қуат, ондай жылу беруге
Жарқылдаған жалаң мақтан жыр емес,
Көркі бар да жұпары жоқ — гүл емес.
Серті бар да серпіні жоқ — ер емес.
Шын жүректен шықпаған сөз — сыр емес,
Өзім емес, өзіміз деп сөйлеймін,
Өз жанымды қоғамымнан бөлмеймін.*

*Түстік бүгін әділ сынға — жарысқа,
Дәм беруге азаматтық намысқа.
Жырланады егізіндей Қарбастың
Қос тресі келе жатқан жарыста...*

Сонымен, ақын өзінің өнерімен өмірдің небір тас қабырғаларын шегінте білді. Қара тасты қоңыр өлеңге айналдыру алып ақын Мақсұтқа бұйырды. Ол қара тас болып қатып қалған қағидаларды жаңа шебер тілмен, терең оймен бұрғылады, құлатты.

Уақыт көшімен ілгерілесек, Теміртау шежіресіндегі елеулі бір белестің өткен ғасырдың 60-шы жылында болғанын көреміз. Осы жылы жалпы барша Қазақстан Теміртаудағы домнаның іске қосылар күнін асыға күтті.

«Советтік Қарағанды» газеті өзінің 1960 жылғы 1 шілдедегі санында «Қазақстан Магниткасы тұңғыш шойын беру алдында» деген айдармен топтама материал жариялады. Онда «Қазақстан Магниткасы бірінші домнасының құрылысы аяқталды. Олар қазір тұңғыш шойын құйып шығаруға әзір. Домнадан шойын алуға металлургтер де қызу дайындалуда» делінген.

1960 жылдың 3-ші шілдесі Теміртау үшін ерекше күн болып саналады. Тұңғыш қазақстандық шойынның алынуымен бірге, өмірге Қарағанды металлургия зауыты келді.

Қазақстан Магниткасының өмірге келуімен бірге Қарағанды облысы еліміздегі үшінші көмір алыбы ғана емес, сонымен қатар қара металлургияның аса қуатты орталықтарының біріне айналды. Теміртау даңқы жалпақ жұртқа жайылды.

Мақсұт Байсейітов Теміртауға арналған жырында («Магнитка жырлары» [1; 69, 70]):

*Шалқы өлең Теміртаудың көліндей,
Шалқы, шексіз, қуанышты көңілдей.
Сен бекем бол, шар болаттай, шойындай,
Сен ыстық бол, тұңғыш домны лебіндей.
Сен сұлу бол, сымбатты бол, сырлы бол,
Өзіміздің дұр асыл, нұр өмірдей.
Шық дүниеге таңғы күндей жарқ етіп,
Тозаң басып топыраққа көмілмей.*

*Сенен елім көрсін жастық жалынын,
Көрсін балғын батырларды жаңа күн.
Көрсін сонау Магнитка сұлуы,
Сейіл құрған айлы күннің жарығын.
Көрсін сенен жағасында Нұраның,
Лапылдаған Қазақстан алыбын.*

*Көрсін әлем, тұңғыш аққан шойынның
Отаныма сыйға тартқан қалыбын, —*

деп ерекше толғанды. Өйткені осы жылғы шілдеде КОКП Орталық Комитетінің кезекті пленумы өтпек еді. Құрылыс басшылары құрылыс жұмысы аяқталып қалғанымен, алыптың іске қосылуын осы мәртебелі жиынмен тұспа-тұс келтіріп, домна құрылысының аяқталуы мен алғаш Теміртау шойынының балқытылуын пленумға салтанатты түрде мәлімдеуді мақсат тұтты. Сөйтіп, ендігі күнде салынып болған объектілер тағы бір мәрте тексеріліп, сынақтан өткізіліп жатты.

Мақсұт өзінің асыл арман-мұратын шама-шарқынша орындап, еңбек адамдары, олардың қиыншылығы да, қуанышы да мол өмірі туралы талай әсем өлеңдер жазды. «Болатшы» атты мына бір шапшағын өлеңге [1; 24] назар аударыңыздар:

*Басында қалпақ алыған,
Қолында көсеу батпан зіл,
Көзінен нұры шашылған,
Болатшы жігіт Асқар бұл.*

*Сүйісіп алғаш ғашық боп,
Жарындай қысқан жүрекке
Толқиды сұлу жалынды от,
Дүрілдеп мартен пешінде.*

*Дауылдан туған тасқындай,
Балқыған ыстық болаттан
Жігітім менің жасқанбай
Темірді пешке боратқан.
Жанына рахат тапқандай,
От толқын оған ұнап тұр,
Осында туып жатқандай
Паровоз бен трактор.*

Ақын болатшы жігіт Асқарды, ол жұмыс істейтін цехты құлаққа жағымды, көңілге қонымды поэзия тілімен келістіре суреттейді. Еңбек адамы, оның жұмыс нәтижелері туралы қуана жыр толғайды.

Ақынның туған жерге деген перзенттік махаббаттын білдіретін туындылары

Максұт Байсейітов еңбектерінің тағы бір өлең өрісі — қазақ даласы, туған ел мен туған жер. Ол бұл өлеңдерінде кең байтақ даласы хақында, елі мен жері туралы үзіліп кетердей үздіге сөйлеп, оларға деген аңсар сағынышы мен кәусар сүйінішін қотара төгіп, қопарыла ақтарады.

Мәселен, «Желің жұпар есілген» атты өлеңін [1; 71, 72] оқығанда ақын болмысының қандай, қай топырақтан өсіп-өнгенінің куәсі боласың:

*Желің жұпар есілген,
Жерің байтақ көсілген.
Айналайын, Сарыарқа,
Айналайын, төсіңнен.*

*Топырағыңның түйірі,
Алтын мұртты дән болған.
Жалпақ дала қиыры,
Қаптап кеткен сәнді арман.*

*Бұрғы салсам тасыңа
Бұрқана кеп кен атқан.
Келсек ауыл қасына,
Сүт пен малдан сел аққан.*

*Алқабында ақ шаңқай,
Әсем шаһар түзеген,
Ақ маңдайлы, ақ шолпан,
Қыздарыңды көрдім мен.*

*Шыға келсем қырқаңа,
Тұрбалары көк тіреп.
Көз шағылып нұрына,
Заводтар тұр от жүрек.*

*Арманым жоқ, кең өлкем,
Ақының боп туыппын.
Басында ойнар мен еркең
Сен көтерген уықтың.*

*Анасы зой мұраның,
«Жауыр» емес мына тау.
Жалғасына Нұраның,
Тіккен тағы бір отау.*

*Көтер туын жеңістің,
Көтер даңқын Отанның
Таңдандырып жер үстін,
Арқа деген атағың.*

Бұл шығармадағы табиғат пен адам тұтастығы Мақсұт ақынның дүниетанудағы сана-сезімі мен болмыс-бітімінің сан алуан қыры мен сыры.

Туған жер табиғатына махаббаты ерекше ақынның поэзиядағы сезімі де, шабыты да бөлек. Лирикалық шығармада ойды сөзбен жеткізеді. Бірақ ол ой тікелей бой көрсетпей, адамның дүниені сезінуі арқылы аңғарылады. Сондықтан өлең сезімге толы, мейлінше әсерлі, көркем, бейнелі болып келеді. Өмірді көркемдік жолмен қабылдап, сезіну, эстетикалық, ақындық сезім, айрықша эмоционалдық, сезімталдық — поэзия тілінің басты ерекшеліктері. Өлең тілінің бейнелі, көркем, кестелі болып келуі поэзиядағы ой-сезімнің көркемдігін, бейнелілігін, сұлулығын арттырады.

Әсіресе Мақсұттың «Туған жер туралы ой» атты шығармасын [1; 25, 26] туған жердің табиғатын жырлаудағы табысы деп білген жөн:

*Туған жерде жатыр менің,
Алақандай жөргегім,
Көрдім кеше сол жерге елім
Әкемді де көмгенін.
Бірақ ойла, мен үшін бұл,
Сондықтан тек қымбат па?
Қайдан келді шөліме гүл,
Бөлендіріп сымбатқа.
Білем дүние керуендері
Осы жерде көшкенін
Көне дәуір көп елдері,
Қырқысып жан кешкенін.
Әлде содан қалған мұра,
Болғандықтан сұлу ма?
Жо-жоқ олай болмас, сірә,
Толғашы, дос, мұны да...
Кеткен болсам мен айрылып,
Өзім туған өлкеден
Өр кеудемді қақ айырып,
Жүрегімді өртер ем.
Жат бір елдің ақ мамығын
Жастағаниша басыма,
Тауларымның қапталының
Ұйықтар едім тасына.
Бірақ ешкім бөле алмас
Туған жерден қанымды,
Салсадағы отқа жанбас
Махаббат пен арымды.
Міне, менің Қарағандым
Кешегі бір қу далам,
Бүгін жойқын тараған үн,
Жүрегінен тулаған.
Өзге жерге бармас едім,
Кетіп бұдан өмірде
Таудай алтын алмас едім,
Ат басындай көмірге.
Рас, алтын жалтылдаған,
Құмарындай көңілдің.
Сұлу ғой тым бірақ одан,*

Кеудем толы жыр бесікке бөлермін.
 Тек жатпасын мәңгі ұйқыға кетсем де,
 Берермін гүл, жасыл ағаш қорегін.
 Жаңғырармын, егін болып өнермін,
 Орман болып салқын мәуе төгермін.
 Сол себепті демім бітсе, демігіп,
 Сол даланың құшағына көм, елім!

3

Өлкем, сенің қош иісті лебіңді,
 Жан құмарым тоймай жұтып емінді.
 Берші маған, орманыңды қолаң шаш,
 Берші маған, ботакөзді көліңді.
 Берші маған, көлеңдеген көйлегің,
 Судыраған жасыл желек көгіңді.
 Берші маған, тынысындай арудың,
 Кеңдігіңді бер, кеудеме тынайын.
 Бірақ жұтып бір ғасырлық демімді.
 Орманыңды жан сая ғып иілдеде,
 Жастық етіп шынтақтайын өріңді.
 Шалғыныңды шапан етіп жамылып,
 Жатайын да төсек етіп төріңді,
 «Мәңгі судай» мәңгі жасау үшін де,
 Көлден ішіп қандырайын шөлімді.
 Келші-келші құшағыма бүтіндей,
 Ән-күй толы әсем дала көңілді.
 Сен болмасаң сәні де жоқ, мәні жоқ,
 Талақ етіп кетер едім өмірді.
 Отан сенен басталады гүл далам,
 Жай алдыма дастарханды күл далам,
 Ару анам ақ төсіңді емізген,
 Ажарыңа таңырқаған бар адам.
 Сорлы, нұрлы, жырлы дүние мен сенен,
 Кеше ғана қайғылы күй тыңдағам.
 Жатушы едің ақ селеуің жалбырап,
 Сықылды қарт мұңданған.
 Бетегеңнен быр-быр ұшып жөнеліп,
 Торғай ғана аспаныңда жырлаған.
 Көне дәуір керуендері өткенде,
 Тұяғымен тыпырлаған, тырнаған.
 Саршұнақтың мекеніне болмаса,
 Жолаушы да саған мойын бұрмаған.
 Бұлт күркіреп,
 от қылышы жарқырап,
 Құрай ғана ызың күйін тараған.
 Бүгін көрсек алтын толы астаусың,
 Қай құдірет мұниа сәндеп сырлаған.
 Қалай ғана жомарт бола қалды, кім ашты,
 Сан ғасырғы сырларыңды ұрлаған.

4

Ойнаушы еді көк толқындар көліңде,
 Сақ-сақ күліп мәз болушы ем көргенде.
 Кім ойлаған саған өлкем тап сенің,
 Алтын толқын туады деп кеудеңде,

*Таңғажайып жатқан шексіз дария,
Ұқсап жатыр бұл дүниені көмгенге.
Әлде орыс, украиндық қарындас
Толқынына алтын шашып көрген бе.
Желкілдейді тұлымдары желегі,
Жас сұлулар ленталарын берген бе.
Бұрымдарға қоса өруге әлдекім
Әлемдегі асыл тасты терген бе.
Жоқ, жоқ, достым, мұны гауһар, жақұтқа
Інжуге де, маржанға да теңгерме.
Қарағайдай күміс қауыз ішінен
Нұр дидарлы, аққудай қыз өр кеуде.
Қуанғандай жалын шарпып жүзінен,
Сағынышты сүйген жаны келгенде.*

Бұл толғаумен танысқанда ойға келетіні — сағыныш. Туған жерге деген, Атамекенге деген сағыныш! Мәңгілік ортаймайтын, естен кетпейтін, араға жылдар түскен сайын ұмытыла ма десе, қайта жүз еселеп артып, бар ынта-зарынды, көңіл-күйінді тек өзіне аударып, сағынышыңды арттыра беретін Атамекенге деген құштарлық. Қайран Атамекенге деген Сағыныш! Бойында қазақ қаны бар әр пенде, мейлі қайда жүрсін, керемет тұрмыста, мол байлық пен бақыттың құшағында болсын, бәрібір сені армандайды. Қыран дала, тәкаппар тау, жүйрік тұлпар, нар жігіт, ботакөз ару, сылдырай аққан өзен, мөлдір көл — кімнің есінен шығушы еді?

Туған өлкесін шексіз сүйген Максұт:

*Өткенде терең сайдан асып әрі,
Алдыңнан асыл дүние шашылады,
Ғажайып сол өңірден, көне күннен,
Естіліп тұрғандай-ақ ғашық әні.
Сыр бүккен жазуларды шың тастағы,
Оқып көр, өз белгісін кім тастады.
Махаббат жалынына сол жастардың,
Шарпылып жылап өтер бұлт аспаны.
Баурайда, биіктерде, жасыл арша,
Олардың кім біліпті жасы қаниша.
Кетсең сен бір саясын сағынарсың,
Мейілің он жыл аңса, ғасыр аңса,
Ғажайып Балқан таудай асыл бесік,
Бүгінде айдарын жел жатыр есіп,
Егіндібұлақ соның бауырында,
Шақырған кел мұңдалап ашып есік, —*

деп, әсем Қарқаралыны да асқақ жырына («Егіндібұлақ жырлары» деген шығармасы [1; 49–57]) қосқан.

Қорыта келе айтарымыз: ақын — дала перзенті, оның бел баласы. Ол жастайынан сол даланың сырын ұғып, тілін түсініп өскен, шежіре даласының жүрек соғысын, бүлкілдеген қан тамырларының лүпілін құлақ қойып тыңдайды, саусақпен басып барлайды.

Бұл сөздердің растығына Максұттың «Туған жер» деп аталатын туындысын [1; 68, 69] оқығанда көзіміз жетеді. Туған жерге, оның көрікті келбетіне, табиғат құбылысы тамашаларына арнаған осы шығармасы — ақынның ең шұрайлы жырларының бірі:

*Жөргегім, бесігім, анамсың,
Ақылым, ар-намыс санамсың.
Туғаным үшін де төсіңде,
Сен тағып тұрсың зой маған сын.*

*Сүйемін бұп-бұйра беліңді,
Сүйемін мөп-мөлдір көліңді.
Сүйемін асқарлы тауыңды,
Тандырды құрғатқан шөліңді.*

*Сүйемін бұлағың аққанын,
Шалғының мың моншақ таққанын.
Сүйемін сонау бір беліңнен,
Сарғайып алтын таң атқанын.*

*Сүйемін желіңді есілген,
Еліңді сан көшкен төсіңнен.
Туған жер, айналдым, қасиеттім,
Кетпес-ау өлсем де есімнен.*

Мақсұттың туған өлкесін суреттеген тамаша өлеңін оқып отырып, өз жүрегіңнен шыққандай қабылдайсың. Жырының көркемдігіне тәнті боласың. Сондай жерұйықтай мекенде туып-өскенін мақтан етесің.

Мақсұттың поэзия туралы шығармалары

Ақынның поэзия туралы мынадай арнаулы өлеңдері бар: «Бір ақынға» [1; 67]; «Пушкинге» [1; 27]; «Ақын деген өзі — күн, өзі де гүл» [1; 87].

Өлең — образды тіл өнері. Орыс сыншысы Белинский «Ақын образбен және суретпен сөйлейді» деген екен. Сол үшін поэзия туралы өлең жазғанда да абстракт ұғымнан образдылыққа өту, ақын өз пікірін, көзқарасын, қуаттамасын образды әдеби тілмен өрнектеу қажет. Өйтпегенде поэзия туралы өлең ұйқасы бар ақыл-кеңес ұлағаттық туындыға, тіпті ұғымға айналдырылған дерексіз сөздер тізбегіне айналады да, өлеңдік дәмнен айырылады. Бұл туралы Мақсұт «Бір ақынға» деген туындысында былай толғанады:

*Тақыл-тұқыл жазған жай тақпағыңа,
Арзан ақы оп-оңай тапқаныңа,
Таң қаламын, мен саған, о, құдірет,
Ақынмын деп кеудеңді қаққаныңа.*

*Бұлтқа мініп өзіңше ұшасың да,
Гүл қауызын кей-кейде құшасың да.
От өлеңнің өрті кеп қалғанда сәт,
Түк білмес боп кетесің зытасың да.*

*Саған айтам, тыңдай бер тыңдатамын,
Ақындықтың жасанды құрма тағын.
Тап сен айтқан өлеңді құдіретіммен,
Мен тау мен тасқа да жырлатамын.*

*Бұлттың жасын ұрлап ап жылайсың да,
Желге еліктеп шалғынды былайсың да
Жоқтан барды жыр етіп кекіреңдеп,
Өзіңе-өзің жүресің ұнайсың да.*

*Көрмек түгіл бұлттардың бір шоғын да,
Көрдің бе екен әжсенің ұршығын да.
Ақын деген шоқтарды қолмен алып,
Тамшы жетсе татады гүл-шырын да.*

Максұттың ерекше сүйікті ақыны — А.С.Пушкин. Орыстың ұлы ақынының озық идеялы, реалистік еңбектері кезінде Максұтқа жаңа күш берген сияқты. Оның шығармашылығының жаңа қарқынмен дамуына жәрдемдескен болуы керек. Оны біз ақынның «Пушкинге» деген тамаша толғауын оқығанда аңғарамыз:

*Ескерткіш орнаттың сен қолдан келмес
Сенің зор тұлғаңа жоқ ешбір теңдес.
Күмбезді мұнараң тұр көкке асқақтап
Жоғары шың — құздан да оқшау дербес.
Қапсыра құшақтап кең Ресей жерін,
Бөлеген тәтті жырға орыс елін.
Қайғылы ғасыр мұңы сыйып кеткен,
Биіктеу бір алыптан кеудең сенің.
Көтеріп көне жерді басқан мұңды,
Күңгірентіп дүниені жасап шуды.
Қасарып қара түнге қарғыс айтып,
Оқ етіп жүрегіңнен аттың жырды.
Патшаның басыңды имей тағына да,
Жендетке қарсы тұрып қаны қара,
Өртенген өзегіңді жырмен емдеп
Уланған ақын едің жаны жара.
Мейлі ол ғасыр болсын аты шулы,
Ғаламға тамұқ түні жайған уды,
Сенің зор жаның үлкен бір ғасырдан,
Көтерген ашынған жыр-кекті туды.*

Кезінде:

*Ақын болу шарт емес,
Азамат болу — міндетің! —*

деген екен орыстың атақты ақыны Н.А.Некрасов.

Біз де осы тұжырымға қосыла тұра нағыз әдебиетші азамат болудан да бұрын нағыз Адам болып алуы шарт дер едік. Өйткені адам болу, алдымен арлы болу, ұятын жоғалтпау. Ал әдебиет — ардың ісі. Әдебиет ордасына, әдеби ортаға адырандаған арсыздар емес, тек арлылар ғана еруге тиіс. Сонда олар ұлттың ар-ұяты, абыройы болып табылатын көркем әдебиетке оның абыройын төгуге емес, арына ар қосуға ғана келер еді. Ардан туған адамның арман қууы дәл осы арадан басталмақ.

— Сонымен нағыз Ақын деген кім?

Бұл сұрақтың жауабын Максұт Байсейітов «Ақын деген өзі-күн, өзі де гүл» атты толғауында былай деп береді:

*Ақын деген өзі-күн, өзі де гүл,
Ақын болсаң, сен солай сезіне біл!
Ақын — тірі жүректің өзінде жүр,
Ақын болсаң жүрекпен кезіге біл!*

*Нұр ажар бер,
дос дидар бейнесіне,
Шарапатың түседі кейде есіне.
Күн боп соның жанына жылу беріп,
Гүл боп қадал,
солмайтын кеудесіне.*

*Жоқтан барды қиқымдап тере бермей,
Мылжың сөзбен көн таспа өре бермей.
Өлең жаса сен егер ақын болсаң,
Абай бабаң жасаған ер өлеңдей.*

Осы өлеңді оқығанда, Мақсұттың, бір жағынан, өз көзқарасын мүмкіндігінше образды теңеумен білдіретінін, енді бір жағынан — сол образды суреттеулердің ара-арасына кейде бірер жол ақыл, кенес сөздерді де қыстыруға мәжбүр болатынын байқаймыз.

Нағыз ақын өзінің алғаш аяқ алысынан-ақ арыны мен адымын, кім екенін бірден айғақтап бере алады. Қолына алғаш қалам ұстағаннан — ақ Мақсұт та ақын табиғатын тап басып түсінді. Осы тұрғыда оның небәрі төрт жолдан тұратын «Бүршік» деген өлеңіне [1; 13] назар аударайықшы:

*Құндақтаулы жас сәбидей бұлқынып,
Алақанын жсаймақ болып ұмтылып,
Күнге қарап көзін жұмған жас бүршік,
Жапырақ боп шығады ертең құлпырып.*

Осы өлеңді оқығанда түсінерің, Мақсұт Байсейітов үшін, нағыз талант үшін ақын деген аттан артық киелі ұғым болмаған сияқты. Кезінде Шығыстың жарық жұлдызы әл-Фараби өзінің «Поэзия өнерінің канондары жайлы» трактатында ақындарды тума және жасанды деп екіге бөлген екен. Екіге бөледі де, ұлы ғұлама «ең ғажайып поэзияны табиғи ақындар ғана жасай алар» деп бір-ақ кесіп айтпай ма? Олай болса Мақсұт Ыбырайұлы да сол топтың табиғатына жататынына күмән жоқ.

Қазақ атаулының өлеңсіз жүре алмайтыны бәрімізге белгілі. Поэзия туралы жазылған мақалаларға қарағанда, поэзия туралы жазылған өлеңдерге көңіл бөлетін өлеңнің оқырманы қазақ арасында көбірек болатыны даусыз. Мақсұттың поэзия туралы өлең жазуының басты себебі осы болса керек.

Жылдың төрт мезгілі жайындағы ақын өлеңдері

Тегінде, дүниежүзілік поэзияның не бір айтулы өкілдері ішінде табиғат құбылыстары, жыл мезгілдері туралы жазбағандары кемде-кем болар. Солардың бәрі ғалам ғажаптарын, жаратылыс сырларын әрқайсысы өзінше ұғынып, оны сипаттау үшін өз бояуларын табуға, сол арқылы өз халқының психологиясын, тіршілік ерекшеліктерін жеткізуге, әр ақын өзінің жеке басының қам-қарекеттерін білдіруге тырысқан.

Мақсұттың «Көктем — көңіл» [1; 13], «Нағыз алтын күз биыл» [1; 14], «Қоңыр күзгі бақшада» [1; 15, 16], «Көктем жырлары» [1; 41], «Аязда» [1; 80–83] деген өлеңдері дала иісін аңқытып, оқыған жанды табиғат құшағына енгізгендей болады.

Тіршіліктің басы — Көктем көріністерін суреттейтін «Көктем — көңіл» атты өлеңде қыс бойы дем-тынысын тоқтатып, өлі ұйқыға кеткен табиғаттың күн қызуымен қайта жанданып, ояна бастаған қалпы барлық қимыл-қозғалысымен жан-жақты көрсетілген:

*Сылаң-сылаң сайларда су ағады,
Самал тербеп билеп қамыс сабағы
Су бетінде көбік болып мөлдіреп,
Сыңғыр қағып көктем күліп барады.*

*Бұлбұл болып бірде ол ән салады,
Көгершін боп көкте қанат қағады.
Көктем — сұлу қыз-келіншек әнінде
Балбыраған бал нұр болып тамады.*

*Көктем — сұлу махаббаттар, армандар,
Құшағында ләззатты нұр, таңдар бар.
Қарсы алғанда, достар, кербез көктемді,
Абайламай өкпелетіп алмаңдар.*

*Түсініңдер бұл сезімнің оспағын,
Көктем деген — өз көңілің, достарым.*

Көктемде қыстың ызғарынан біржолата арылған жер беті елжіреген күн көзінен масатыдай құлпырып, ажарланады. Жаздың көркін келтіретін жыл құстары көл жағалай мамырлап, өз тіршілігінің қан базарын қыздырса, сай-жыраларда, тау-төбелерде ду-ду етіп, өзінше қызықтаған ұсақ жәндіктер,

бойына шырын жиып, шешек атқан өсімдік, жапырағын жазып жайқалған ағаш, солардың арасынан сылдырай аққан бұлақ.

Осылай үдере жаңарған табиғат үрдісіне ілесіп қайта түлеген адам өмірі қандай көрікті. Бір-бірімен жалбандасқан кемпір-шал, қысқы шаруадан мойыны босап, еркіндік алған жігіт-желең, қыс бойы қысылып-қымтырылып келіп, енді тұмса табиғаттың өзімен бірге құлпырып шыққан қыз-келіншек. Еркін ауада асыр салып, қызық қуған, табиғаттың өз түлегіндей аунап-қунаған балалар.

Осылай мәре-сәре болған адамдар тіршілігіне табиғаттың ала келген тағы бір үлкен сыйы — ел ризығын еселей түскен молшылық. Түйе боздап, қой қоздап, қораның іші у-шу болған осы бір нәпақалы шақта шаруаның бір малы екеу болып, жаңа төлмен көбейіп, жұрттың аузы аққа тиіп, жарылқанып жатқаны өз алдына болса, сонымен қатар диқаншылықты кәсіп еткен ел жерін жыртып, егінін егіп, жылдық азығын көктемнің бір күнінде сайлап алатыны және бар.

Қара тастан басқаның бәрін жібітіп, бір сараңнан басқаның бәрін пейілдендірген табиғаттың құдіреті алдында адам екеш адам да кішірейіп, оның шарапатына мұқтаж екенін мойындап тұрғанда, өзінің ел-жұртымен тілегі ортақ Мақсұт ақын да сол табиғаттың жомарттығына ырза болатындығын өзінің «Көктем жырлары» деген өлеңінде былай білдіреді:

*Жаратылыс көктеуі
Әсерлі ғой сәнімен
Ал өмірдің көктемі
Сұлуырақ бәрінен.*

*Бар табиғат жасарып,
Қайта туып жатады.
Жаңа дүние жасалып
Жаңа таңдар атады.*

*Сапар шексе ғаламда.
Талайлар қайтіп келмекке
Келгендер бар заманға
Мүмкін мәңгі өлмекке.*

*Айтсаң сырын дүниенің
Зор адамдық сеніммен
Келген ұрпақ миллион мың
Күреске келді өзіңмен.*

Сонымен көктемге арналған туындыларында Мақсұт табиғат құбылыстарынан өзінше бір байланыстар іздейді. Ақын қиялымен оларды өзгеше бір қарым-қатынастарға келтіреді.

Көктемнен басталған Жыл тіршілігінің әбден көріктеніп, кемеліне келетін шағы — ол Жаз. Бірақ уақыт бір орында тұрмаған жерде өмір де бір қалпынан өзгермей тұра алмайды. Жадыраған жаздан кейін қабағын түйіп, сұрғылт түсін суытып келетін күз. Ақын «Нағыз алтын күз биыл» атты шағын өлеңінде күздегі табиғат көріністерін былай суреттейді:

*Аспан тымық мөлдіреп,
Аққу бұлттар келеді.
Күн қараса елжіреп,
Дала төсін кереді.*

*Жайлап қана желтиді,
Қоңыр күздің самалы.
Көркіне жан елтиді,
Көрсен шіркін даланы.*

Ақын күзді суреттегенде, сонау бір күн көзі жарқырап тұрған Көктем көріністеріне қарама-қарсы кереғарлық әдісін қолданып, өзінің «Қоңыр күзді бақшада» деген толғауында бәрін керісінше бейнелейді:

*Мінеки, сол бақшасы қоңыр күздің,
Жарқын, жас баяғыдай көңіл біздің,
Ал мынау таныс терек қартайыпты,
Сияқты емес онша өмірі ұзын.
Мүлгиді сонда тоғай атырабы,
Төселіп жатыр жерге жапырағы.*

Ия, күзде аспан әлемін торлап алған сұп-суық сұр бұлт. Көктемде масатыдай құлпырған жерді дымқыл тұман басқан. Ондағы жасыл шөп те, бұралған бәйшешек те жоқ. Жапырағынан айрылған ағаш, қурайлар қайыршы кемпір-шалдай сүреңсіз.

Ақынның қысқы табиғатты суреттеу әдісі, қолданған көркемдік құрамдары мен стильдік тәсілі жоғарыдағы өлеңдерден өзгеше. Мұнда Мақсұт ақын ауа райында болып жатқан өзгерістерді тәптіштеп жатпайды. «Аязда» атты шығармасында қаһарлы қысты суреттегенде, Есіл өзен жағасында шаңғы, шана, коньки тепкен ауыл балаларын ойға арқау ете отырып, өмірдегі мәндік нәрселерді шет қалдырмайды:

*Есіл өзен жағасы,
Толған ауыл баласы.
Биік жардан жүйткіген,
Шаңғышы мен шанашы,
Қызығына қарашы.*

*Көп балалар конькиді,
Ирек салып әр қилы
Мұз айдында жүргендер,
Аққудайын қалқиды,
Көңілдері шалқиды.*

*Үлкендер де келеді,
Қызықтарын көреді.
Бәрінен де Қайраттың
Басым, — дейді өнері,*

*Ой, керемет тебеді,
Ат болып та шабады,
Әне зулап барады,
Құс боп қанат қағады,*

*Енді бірде ол тіпті
Жұлдыз боп та ағады...
Бәрі соны мақтайды,
Оған теңді таппайды.*

*Жарысуға онымен,
Бірде бала батпайды.
Салған кезде асырға,
Қырау тұрып шашынан.*

*Ұмытып та кетеді
Ішетұғын асын да.
Шаршап қатты терлесе,
Қар жалайды шөлдесе.
Енді қайтсін үйіне
Кешке дейін келмесе...*

Тегінде, ақын жырларында табиғаттың алапат күшіне қарсы реніш білдіруден гөрі, оған таңданып, бас июшілік басым келеді. Ол табиғаттың әрбір құбылысын қызықтап, содан шабыт алған сияқты.

Иә, табиғат жыршысы болу — нағыз суреткер болу деген сөз. Бұл ақыннан табиғаттағы әрбір сәтті қалт жібермей қағып алатын қырағы түйсік көзін, әсемдікті тани һәм түйсіне білетін сезімталдық пен шеберлікті талап етеді. Тамаша ақын Мақсұт Байсейітовта осы айтылған қасиеттердің бәрі болғаны анық.

Қыс пен көктем, жаз бен күз ауысып келіп тұратын кезіндегі қазақ жері кеңістігінің бүкіл өрнек кестесі, көркемдік таным аясындағы дала бейнесі оның поэзиясына сыйып кеткен.

Жыл мезгілдерінің әр маусымын өзіне тән өзгеше нәр-нақышпен әдемі әдіптей білетін мұндай ақын ең биік құрмет пен даңққа лайық.

Мақсұттың махаббат тақырыбына шығарған өлеңдері

Махаббат тақырыбына өлең шығармаған ақын болмайтын да шығар. Мақсұт Байсейітов махаббат лирикасын аз жазса да өрелі жазды.

Кезінде:

*Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,
Мен не болсам, болайын, сен аман бол, —*

деп Абай жырлаған махаббат жыры адал, кіршіксіз сезімді паш етсе; Мағжан:

*Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да,
Жылы, тәтті у тарады қаныма, —*

деп отты сезім алауын лаулатса; Мұқағали:

*Ғашықпын, шын ғашықпын сол адамға!
Мен болмасам, болмайын, сол аман ба?! —*

деп ғашықтық күйін асқақтата сағыныш аңсар сезімнің шуағына бөлесе; Мақсұт «Көкше қызы» атты өлеңінде:

*Жігіттер, бір сұлу бар Бурабайда,
Тең келмес келбетіне туған ай да.
Қайықта көл бетінде ол аққудай,
Ұқсайды тасқа шықса құралайға.*

*Шіркін-ай, жалын атқан жаны қандай,
Нұр оты жүрегімді жандырғандай.
Жаутаңдап қарай берем келбетіне,
Арманым жан-жарым боп табылғандай.*

*Көкшенің шашы бұйра орманындай,
Үні бар таңғы бұлбұл толғауындай,
Ақан мен Біржан Сері арманындай,
Қонар ма бақыт құсы қолға мұндай, —*

деп ғашықтық азабының өзін бақытқа балай жырлайды. Көкше қызына деген сағынышын сезім шуағына бөлеп, бейнесін асқақ толғап, тамсана жырлайды.

Мақсұттың махаббат туралы жазған өлеңдері кім-кімді де бейжай қалдырмайды. Кім-кіммен де тез тіл табысып, бірден сұхбаттасып кететін ақ көңіл, ақжарма өлеңдер.

Махаббат туралы ақын «Махаббатсыз жан бар ма» атты тамаша туындысында [1; 64] былайша толғанады:

*Айтыңдар дүниеде ақын бар ма?
Болмаса махаббатсыз батыр бар ма?
Бәрі де басын иген ғашықтыққа,
Қарамаса сүйіспендік ақыл-арға.*

*Кімдердің жүрегі бар жанбай қалған,
Мейлі, іздеп көріңізші пайғамбардан.
Өртенген бәрінің де нәпсісі бар,
Махаббат зарын тартып жандай жардан.*

*Көшкенде сансыз ашу, кезеп асу,
Алғанда бойды билеп арсыз ашу.
Сен болған жалғыз ғана бір махаббат,
Сондықтан керек, қалқам, көңіл басу.*

Бұл жолдарды оқи бастағаннан-ақ түсінетініміз, әлбетте, Мақсұт та бәріміз сияқты сүю мен күйден желегі желпілдеп, көңілі елпілдеп тұратын жастық шақты басынан өткерген.

Мақсұт ақын басқаға ілесіп, текке арамтер болмай, тек өз соқпағымен алға тартты. Әр кезекті өлеңін бұл жалғанда соңғы шумақтарын төгіп отырғандай жанына әбден жанып барып шығарды. Серіппелі садақтың қылдан ескен арынды адырнасындай қуатты, омыраулы ойларын кірпіш қалағандай құтты орнына қондыра білді.

Алаштың арлы ақыны Мақсұт Байсейітов шабыт аймалаған бір шағында былай деген екен («Сыпайы сырлы...» атты өлеңі [1; 73–74]):

*Сыпайы сырлы,
Дәулетті нұрлы,
Айналдым, сәулем, көркіңнен,
Кеткенің азып
Жарамды жазып.
Арылтсаң қайтед дертімнен.
Болайын сенің құлың мен,
Санаса көрші мұңыммен.
Жанымның жаны,
Тәнімнің тәні
Күйіп тұр отқа әміріңмен.
Өмірім сенде,
Ерік жоқ менде.
Өзің біл, қалқам, қарағым,
Қалаған отқа барамын.
Шолпаны таңның,
Ләззаты таңның
Бір мен үшін сен болдың.
Түсіме кіріп,
Шошынып күліп.
Періштемменен тең болдың.
Ғайып боп бірақ көзімнен,
Айырылып қалдым өзіңнен.
Уһ, достым, жаным!
Арылды қаным.
Берсеңші жылы бір жауап.
Айтсаң бір сертті,
Сөзіңді тәтті.
Дертіме балап салсаңшы.*

Бұл жүректі шымырлатар шұғыла шумақтарға қандай да бір түсініктеме берудің өзі артық.

Максұт махаббаттың қасиетті ұғым екенін түсінді. Ол оны қазақы әдеппен, үлкен мәдениеттілікпен байытты. Сырласуды, сыйласуды адам өмірінің ең бір айрықша құндылығы ретінде бағалай білді. Сүю деген дүние тіршілігінің бәріне тән. Ол жарды, ата-анасы, жора-жолдасты, табиғат құбылыстарын қызықтаудан, солардың сырын ортақтасудан туады. Осының бәрінің негізінде өмірді сүю жатыр. Ақын содан қуат алды. Жанына азық, сезіміне от алды.

Мысалы, Максұттың «Қарақат» атты өлеңі [1; 43–45] өмірмен арадағы осы байланысты терең аша білуімен ерекшеленеді:

*Таң ата көміп бозғыл, шық,
Бақшаның қойны суынды.
Күн шыға гүлден тер шытып,
Моншақпен бетін жуынды.*

*Көлеңке құшып саясы,
Жапырақ желмен желкілдеп,
Түрленіп жеміс ағашы,
Қарақаттар тұр мөлтілдеп.*

*Аялдай тұршы, Жамал жан,
Деді ойланып Қамырбай,
Қарақаттарға қадалған,
Жанарын отты айырмай...*

*Нақ осы бақша қойнында,
Айрылысқан бір кездері
Асылған Жамал мойнына,
Булығып жасқа көздері.*

*Ұқсатып мына жемісті,
Жарының сонда көзіне,
Күт, — деді сәулем жеңісті,
Қосылам есен өзіңе.*

*Шыдамай тұрған сонда ол
Намысқа кекті булығып.
Батысқа бетін бұрған ол,
Махаббат арын ту қылып.*

*Аттанып сонда батысқа,
Адамдық намыс, ар үшін.
Айқасқан майдан атысқа,
Отаны, ана, жер үшін.*

*Егескен жауды жапырып,
Жеңіспен қайтты еліне.
Жары тұр, міне, асылып,
Сондағы бақша төрінде.*

*Ұғысып үнсіз өзді-өзі,
Бір сезім тілсіз түйісті.
Күлімдеп нұрлы көздері,
Жарымен жігіт сүйісті.*

*Шөп етті тек бір бейбіт үн,
Өзгеше болды бұл сүйіс.
Дәрі исі емес соғыстың,
Бақшасы толған хош иіс.*

*Сүйікті менің елімде,
Солмайды сол бір қарақат.
Жаяды құшақ өмірге,
Мәңгілік отты махаббат.*

Ақындық дүниетанымда махаббат пен табиғат егіз құбылыс екені мәлім. Мақсұт та махаббат сезімін табиғаттың әсем көріністерінен алды. Содан қанаттанды. Өмірді табиғаттай таза, нәзік көңілімен сүйді. Махаббатына табиғатты куә етті.

Сонымен, ақынның махаббат лирикасына үңілсек мынаны аңғарамыз. Мақсұт махаббатты белгілі бір кезеңнің, яғни жастық шақтың, ғана тақырыбы деп қарамаған. Ақын үшін ол — мәңгілік тақырып. Құдайдан қалап алған, құлай жығылған тақырыбы. Жырлаған сайын шөлі бір қанбай, кенезесі кезерген үстіне кезеріп өткен тақырыбы. Тіпті оны махаббатқа табынып өткен ақын деуге болады.

Ақынның философиялық өлеңдері жайында

Философиялық поэзия — әлем әдебиеті тарихындағы ежелгі дәуірлерден бері қалыптасып, дамып келе жатқан поэтикалық мағыналы арна.

Мақсұт ақын өлеңдерінің лирикалық қасиетін жақсы білген. Ал лирикаларының көбінде өмір философиясы хақындағы толғаныстар біраз кездеседі. Сондықтан оның өлеңдері ақыл шуағын шашып тұрады. «Елім, елім дейсіңдер елді білмей» атты өлеңі [1; 88] сондай:

*Елім, елім дейсіңдер елді білмей,
Жерім, жерім дейсіңдер жерді білмей,
Солай десем әйтеуір өлең ғой деп,
Құр желпілдеу не керек желді күндей.*

Мақсұт философиялық өлеңді өзіне ғана тән ерекшелікпен жазған. Ол таңдаған тақырыбын композициялық тұтастықпен, бас-аяғын жұп-жұмыр, мазмұнды етіп шебер құра білген. Сондай бір өлеңді оқып көрелік:

*Кеудені іреп,
Жанады жүрек.
Өртеніп дәйім ашиды,
Айналып басым,
Ағып көз жасым
Балқиды тәнім, жасиды.
Жазатын дертті тек өзің,
Ар жағын, қалқам, біл өзің.*

«Жанды жүрек» [1; 72] атты бұл өлең оқыған адамның жүрегін жылылыққа бөлейді.

Мақсұтты көп толғанып, ойға қалдыратын нәрселер — табиғаттың құпия сырлары, олардың арасында адам санасынан тыс болып жататын құбылыстар, адам көзіне көрінбейтін байланыстар, адамның соларға тәуелділігі, кейде тіпті дәрменсіздігі, адам өмірінде уақыт ыркымен болатын өзгерістер, тағы сол сияқты күнделікті тіршіліктен оқшау, сыртқары тұрған оқиғалар.

Соларды ой сарабынан, сана сүзгісінен өткізіп, өмірде өзі куә болған, бастан өткізген жәйттердің себеп-салдарларын салмақтап, олардың өз түйсігіне тигізген әсерлерін қайта бір сезінгендей күй кешкен кездерінде ақын Адам, Өмір, Уақыт туралы терең тебіреніске түседі.

«Адамдар, жолдар» деген философиялық шығармасында [1; 65] ақын айналада болып жатқан немесе өтіп кеткен бір оқиғалардың әсерімен өмірдің көп жайлардағы баянсыздығын, байлаусыздығын, адамдар тіршілігіндегі көп әрекеттердің мағынасыздығын, болымсыздығын ойлап торығады:

*Біреулердің жолы ұзақ даңғыл да,
Біреулердің жолы қысқа, бұралаң.
Бірақ әркім өзі таңдап алады,
Көшін тартып жолдарменен ұнаған.
Әттең біреу өз жолымен жүрмейді-ақ,*

*Бұл сөзіме бәйгі тігем, бас қойып,
Ол қайтсе де жолын іздеп, күндейді,
Сондайды бір қысар ма еді ұстап ап.
Әттең оның адресі беймәлім,
Шекелерін әлгі тасқа ыспалап,
Шырылдатып айтқызса ғой иманын.*

* * *

*Кең аспан тіршіліктің қосы болса,
Жер бесік бал бөбегін тосып алса.
Шіркін-ай, қайтер еді бар ғаламның,
Адамы бір-біріне досы болса.*

* * *

Адамның бәрінде бар дарын мықты,
Өмірден жақсылықтың бәрін ұқты.
Кейбіреу жамандықты біле тұрып,
Қалайша жасайды екен залымдықты.

* * *

*Ойласа керек сірә арам ба деп,
Бір досым көп жасады маған бөгет.
Ол араз, меніменен, ал мен оны,
Қорқамын өкпелетіп аламын ба деп.*

Осы өлеңді оқығанда ойға келетіні, Мақсұттың ауыр сәттердің әсерімен өмірден безініп, жанға байыз таптыратын өзге бір өрістер іздейтін кездері болған. Өзі табынып келген табиғат құбылыстарын да әр түрлі қабылдап, одан әр түрлі тұжырым түйген.

Адам! Табиғаттың ұлы перзенті, ерке туған ұланы. Ендеше сол табиғаттың аясында бұла болып неге өспейді? Бұл қысқа өмірде алқыныс пен жұлқыныс, алыс пен жұлыс не үшін керек? Өздерінің болымсыз әрекеттерімен өмірдің тұнығын шайқап, шат-шалағай болғандағы ұтарлары не? Ақынды қарадай қажытып, көңіліне қасірет ұялатқандағы жетер мақсаттары қандай?

Бәлкім, бұл да өмірдің заңы шығар? Тіршілік жолындағы күрестің көріністері болар? Бірақ қайда да адам атына лайық іс істеліп, оның мәртебесін көтеретін биік мұраттар мұрындық болмаса, өзгенің бәрін бері қойғанда — пендешілік, ал әрілеп айтсақ, айуандықтың айналасындағы бірдеңелер болып шығады. Ондай адам — тірілігінде от оттап, су сулаған жабайы жануар, ал өлгеннен кейін бара-бара қара топыраққа айналып кететін шірінді.

Адам деген ұлы ұғымды осылай қор етпеу үшін қайран ақын қаншама қапаланып, реніш сақтаса да, ақырында шыдамайды. «Қияда» деген күрделі шығармасында [1; 39] ақылын айтып, адамгершілікке шақырады:

Тағдыр сені тәлкек етсе жасыма,
Туар қайғы әркімнің-ақ басына.
Бақыт құсы алып ұшса қияға,
Сол қияға салар болар ұя да.

Жерде туып,
жерде өскен адамға,
Жерге түспей қою жаман аманда.
Жерде жүрмін,
аспандасың, о, бауырым,
Көз қырыңды сала кеткін маған да.

*Өкпелейтін өгей емен заманға,
Әлі талай өзгертетін заң алда.*

*Зұлымдығың кейде алдан бақыт боп,
Жақсылығың айналар да залалға.*

*Сондықтан да боп тұрғанда шамаң да,
Қара түнге қарсы жүрші шам ал да,
Ұқсай білгін сол сәтте тек адамға,
Ұқсай көрме жың шақырған шаманға.*

Бүкіл ғаламның тіршілік тынысын ұстап тұрған күшті ойла, табиғаттағы ұлы заңдылыққа дейін зейін қой, соның сырларына үңіл. Сонда сенің өз бойыңа да ізгілік дарып, рухани жағынан биіктей түсесің. Өмірдегі басты мақсатың сол, — деп отыр ақын бұл философиялық өлеңінде.

«Адамдар, адамгершіл болыңдар! Бұл — сендердің бірінші борыштарың», — дейтін ұлы француз философы Жан-Жак Руссо сөзі мен Максұттың мәслихатының бір жерден шығып жатқаны ақынның бүгінгі ұрпақтарында да қанағат сезімін тудырады.

Максұттың адамгершілігінің жақсы бір қыры — жеке адамдардың тағдырына бейжай қарай алмайтындығы. Олар туралы жан-жүрегі егіле, ет-сүйегі езіле сөйлетіндігі. Оның «Досыма» деген өлеңін [1; 85–86] оқығанда дәл осындай ойға келеміз. Оқып көрейік:

*Ұйқылы-ояу жатқаның,
Қайғыға тылсым батқаның, —
Сезілді маған, жан досым,
Сондықтан есік қақпадым.
Әреңдей басып, аттадым,
Ақыл ғой сабыр тапқаным.
Жаны бір досқа көз жасын —
Оңаша сәтке сақтадым.
Жан жарың айтты анамен,
Ұятқа, бәлкім, қалар ем,
Сатылса егер сұм қайғы,
Қайғыңды сатып алар ем.
Көрмедің нені өмірде,
Айналып көңіл көмірге,
Қайратты едің, жан досым,
Жасық боп енді көрінбе!
Жас еді қайран қарындас,
Қимаққа жатқа жаным қас,
Мезгілсіз күзі жетіпті,
Солған гүл қайтып табылмас.
Қайғы уы қайтар шарасын —
Іздесең қайдан табасың?!
Сол үшін ашпа, жан достым,
Жаныңның бітеу жарасын.
Менде жоқ сырды бүкпелеу.
Ғафу ет сөзге тікпелеу.
Ел үшін өзің аман бол,
Осыны, достым, тұт медеу.*

Бұл жолдарға ешқандай түсінік беріп жатудың қажеті жоқ қой деп ойлаймыз.

Ақын үшін уақыт — тарих, уақыт — шежіре, уақыт — өмірбаян. Мысалы, ұлы Абайдың «Сағаттың шықылдағы емес ермек» атты өлеңінде [2] уақыт өлшемі тым жиілеп, өмір минутпен есептелетін болған. Сол минуттың өзі, ойға салып отырсақ, тұтас бір өмірге ұқсас екен:

*Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Ғәмишә (парсыша — ылғи, үнемі) өмір өтпек — ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.*

*Сағаттың өзі ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.*

*Өткен өмір белгісі — осы сыбдыр,
Көңіліңді күнде сындыр, әлде тындыр.
Ақыл анық байқаған қылығыңды,
Қу шыққансың қағасың босқа бұлдыр.*

*Күн жайылып ай болды, он екі ай — жыл,
Жыл жайылып, қартайтып қылғаны — бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір, тәңірім, кеңшілік қыл.*

Шықылдаған сағат сол қас қағым сәттерді білдірместен, біртіндеп ұрлап жатады екен. Ал «тиянағы жоқ, тұрлауы жоқ бұлдыр заман» қайта айналып бұрылмастан, зырылдап өте береді екен. Содан қалатын жалғыз белгі — жаңағы сыбдыр. Ол сенің көңіліңді сындырып жатыр ма, тындырып жатыр ма — сағаттың онда шаруасы жоқ. Қылығыңа бір қазы — ақылың ғана. Басқа қылтың-сылтың мен қулық-сұмдық бұл араға жүрмейді. Уақыттың өктемдігі ғана жүреді. Мақсұт ақын уақыттың бағасын жақсы білетін, әрбір минут, әрбір сағатты мейлінше ұқыпты, өнімді пайдалануға тырысып бағатын. Оның ер жетіп етек жапқалы қолына қалам алмаған, жазбаған күні жоқ десек асыра айтқандық болмас. Мақсұттың өмірде ұстанған мақсатының бірі уақытты бос өткізбеу еді. Ол осы ойын өзінің «Уақыт» атты философиялық өлеңінде [1; 75] былай білдірді:

*Мөр жоқ қой уақыттың табанында,
Өтеді құс боп қанат қағады да.
Бір сағат, мың жыл ізде,
қайта оралмас,
Көңілде құр елес боп қалады да.
Әкеміз соны біліп кешегі өткен,
Мезгілдің бұзып кіріп қамалына.
Күреспен толтырыпты әр минутын,
Уақытты табындырып талабына.
Солардың саусағының бедері тұр,
Тасында мынау сәнді қаланың да.
Ғажайып солар соққан ескерткіштей,
Айнала дүниеге қара мына!
Тамаша мұра емес пе,
завод, шахта,
Жеткендей баласына баланың да.
Қаңтарып қойыпты олар ғасырларды.
Өздері жасап өткен заманында,
Ал сен ше? Сен әншейін балалардың,
Ұқсайсың жел зырлатқан қалағына.
Немесе домалаған қаңбақтайсың,
Жел айдап көше берген қырдан ойға.
Бір сайдың қонақтап тек сағағына,
Өкисің өкінішпен өткен күнге.
Өкпелеп қиыс басқан қадамыңа.
Әйтпесе кім таласып, кім жармасты,
Түсетін несібеңе, табағыңа?
Осылай тоқсан толқып, ойға батып,
Тебіреніп жатты жігіт таң алдында.
Ол бейне үлкен өмір теңізінің,
Қалғандай бір жапырақ аралында.*

Жан сала, тебірене жұмыс істеген ақын қаламынан туған бұл өлеңнің бүгінгі ұрпақтар үшін де үлкен тәрбиелік мәні бар. Ақын үнемі алға озып, өрлей беретін, қайтып оралмайтын, бірақ адам үшін белгілі бір өлшемі бар уақытты бос өткізбей, ұқыпты пайдалануға шақырды. Өмірдің бар қызығы минут, сағатты босқа жібермей белгілі бір істерді тындырып, қоғамға мол пайда келтіру керек деп білді.

Мақсұттың осы шығармасында уақыт ізі, ұрпақтар тағдыры, тарих тынысы шынайы терең ой, шымыр логикаға құралғанын аңғару қиын емес.

Мақсұт әлемдік ақыл-ойдың толғақты жолын көктей шолып қана қоймады, жан-дүниесімен ұғына білді. Сөйтіп, ол танымның сезімдік, түйсіктік және логикалық сатыларын бастан кешіріп барып, өзінің толымды философиялық тоқтамына қазық қақты.

«Нұрлы дүние» атты толғауындағы [1; 11, 12]:

*Тылсым — тілсіз, үнсіз — мұңсыз
Шексіздікте көлбеген,
Бара жатыр ыңсыз-шыңсыз
Планета — Жер деген.
Бара жатыр зулап ағып,
Шыр көбелек айналып.
Шөлін басқан суға қанып,
Көрініп тұр айға анық.
Түссек сонда жер төсіне,
Қалықтап кеп аспаннан,
Көз тояр ма өлкесіне,
Шешек ата бастаған!
Өткен талай замананың
Шаңы басқан жер үсті,
Қонысы еді-ау бабалардың,
Салған ұрыс-керісті.
Міне, тағы арайланып,
Күн-құдірет келеді,
Жер-бөбегін қарайды алып,
Сәулесімен өбеді.
Бүгін таңда сапқа тұрып,
Ту көтерсе алқызыл,
Бұлбұл сайрап, бақта күліп,
Желкілдейді жазғы гүл.
Еркелесіп тербетіле,
Деп, раушан солмасын,
Май сұлу кеп жер бетіне,
Тіккен жасыл ордасын.
Сапқа тұрған сансыз халық,
Құрметтеп сол сұлуды,
Қызыл гүлмен қарсы алып,
Шыңға қызыл ту ілді.
Болса да оның тұрағы,
Қай қиырда қай түкпірде
Жеткізе алмас айтып тіл де
Жан сырларын ұғады.
Тілегі бір, жүрегі бір,
Ынтымақтас еңбекші,
Сыпырып түн түнегін бір,
Дүниені тербесті.
Күй келеді, күй келеді,
Күй бөледі дүниені.
Сол бір күйді сүйген едім,
Сүйді келіп күй мені.*

*Қызыл туды желпіп өткен
Күннің алтын нұры бар.
Күй сазында еркіндік пен
Бостандықтың үні бар.
Әуенімен асқақтаған
Жылжып көше, алаңдар,
Алиақ-алиақ тастап қадам,
Келе жатыр адамдар, —*

деген үзеңгі үзердей тебіренісіне бұдан кейін қалай қосылмассыз! Оның ақын ретіндегі феноменін де осы өрістен іздеуіміз керек. Жүрегінің байтақ терезесіне барынша мол кеңістікті ақ-қарасы, бар-жоғымен қатар түсіре білуінде.

Ақын жүрегі! Өзге адамның көкірегі тек өз сезімінің ғана ұясы болса, ақын жүрегі баршаның кеудесін кеулеген жел — құздың өтінде тұрады. Солардың дертінің тамыршысы, сертінің сарапшысы болады. Барлық жүректердің дүбірі мен дүрсіліне ол өз пернесінің дірілін қосады. Барлық адамдар қылығындағы жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық ақын жүрегінен жаңғырық табады. Соны текетірес күрес алаңына айналдырады. Онсыз ақында тіршілік жоқ.

Осының бәрін ойлап, Мақсұт ақын «Білмеймін бірақ» деген шағын өлеңінде [1; 73] былай толғанады:

*Білмеймін бірақ,
Аулақта жырақ.
Дүниенің қоры менмін бе?
Құдай тобай,
Шынымен солай,
Өмірге босқа келдім бе?
Сырымды айтама саған дос,
Ақылың болса маған қос.*

«Күрес дегеніміз — өмір сүрудің шарты, — дейді Францияның ұлы жазушысы Бальзак, — мейлі күрес саған қайғы-қасірет әкелсін, мейлі ол сенің жүрегіңе жарақат түсірсін, бәрібір жиіркеніштің улы зәрінен, томаға-тұйықтықтың саңылаусыз қара түнегінен сол жақсы. Күрестен бас тартқан адамның жүрегі енжарлық атты ажалдың аязына қарылып өледі» (Шығармалар жинағы, М., 1951, 2-т., 561-б.).

Тіршіліктің қиян-кескі қырқысында көп тартқан азабының зарын шегіп, оңаша қалған сәттерде ақын өзімен-өзі арыздасады. Өткен өміріне ой көзін жіберіп, барлығын ақыл таразысына тартады. Өкінішін де, өксігін де болашақ ұрпағына арнап айтады. Соларға төрелетеді.

«Қайдасың, бағым» деп басталатын Мақсұттың өлеңін [1; 72] оқып көрелік:

*Қайдасың бағым,
Қызықты жаным,
Өмірде бар ма орыным.
Әлде құр босқа,
Күлкі боп досқа
Ішінде дұшпан торығып,
Мұратсыз, мәңгі қалдым ба
Көр бар ма қазған алдымда.*

Бұл философиялық толғауында Мақсұттың ең межелі мөлшерге жеткендей сезініп, айналасынан біржола арылып шыққан сәттегі иман сөзіндей таусылып айтқан жан сыры. Келешек буынға қалдырған ақындық өсиеті.

Түйін

Жоғарыдағыларды қорыта келе айтарымыз, Мақсұт Ыбырайұлының жырларында айқындалған оның азаматтық, адамдық позициясында кереғарлық, күпірлік, менмендік, жылаңқылық сияқты оқырманның көңілін қара түнекке батыратын пессимизм жоқ. Өзінің жан ышқынысындағы трагизмді ол

қазақтың болмысындағыдай ынсаптылықпен, әдеппен, сыр алдырмайтын сұлу торы аттай сырбаздықпен көмкере отырып, метафоралар мен метонимдерді ұтымды қолдану арқылы ой мағынасын қалыпты формаға салып, адам жүрегіне шымырлата жеткізе алды. Ал жанын жалаңаштап, жүрегінің жарасының қанын сорғалатып жадағай жазу мәдениеттілікке жат жайт, бұл кімге болса да абырой әпермейтіні хақ. Мұндайда ұлы Гетенің «Шығармашылық дегеніміз — шектен шықпау» дегені еске түседі.

Өзінің «Өтсем дағы оранып ақ боранмен» атты шағын өлеңінде [1; 66] Мақсұт ақын:

*Өтсем дағы оранып ақ боранмен,
Жүрсем дағы бетпақ кешіп сонармен.
Көру үшін мәңгі қызық — шыжықты,
Мәңгібақи өлмейтұғын болар ма ем, —*

деп өмірдің мәнін терең ұғып, Жаратушының жер бетіне жіберген қағидаларынан ауытқымай өмір сүре алған, бойындағы қазақи қасиетін қастерлей білген, ұлтының салиқалы пәлсафасын (философиясын) салмақтап, өзіндік сыршыл сезім иірімдері мол поэтикалық тебіреніс туғыза алды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Байсейітов М. Қарқаралы басында. (Өлеңдер және поэма). — Алматы: Жазушы, 1977. — 156 б.
- 2 Абай. Шығармалар. — Алматы: «Мөр» мемлекеттік шағын кәсіпорын, 1994. — 241-б.

Р.С.Каренов

Вклад Максута Байсеитова в развитие отечественной поэзии XX столетия (к 85-летию поэта)

В статье рассматривается многогранный поэтический дар Максута Байсеитова. Отмечается, что в его произведениях воспет трудовой подвиг шахтеров и металлургов Центрального Казахстана. Раскрывается взгляд поэта на роль и значение поэзии в духовной жизни народа. Автор анализирует стихи М.Байсеитова, посвященные природе, временам года, красотах Сарыарки. В статье также освещается любовная лирика поэта, обобщаются философские размышления талантливого мастера слова.

The attention to many-sided poetic gift of Maksuta Bajseitova is paid. It is noticed that in its products the labor feat of miners and metallurgists of the Central Kazakhstan is really sung. The sight of the poet at a role and value of poetry in spiritual life of the people reveals. Its verses devoted to the nature, to seasons, beauty of Saryarki are studied. The love lyrics of the poet is shined. Philosophical reflections of the talented master of a word are generalized.

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Өндірісті өлкенің жыршысы атанған Мақсұт ақын туралы ой-толғам

М.Байсейітовтың 85 жылдығына орай

XX ғасырдың көрнекті ақыны Мақсұт Байсейітовтың өмірі мен шығармашылығына арналған. Ең алдымен оның Орталық Қазақстанның индустрияландырудағы жетістіктерін жырлаған ақын ретіндегі шығармаларына баға берілген. Ақынның өткір тақырыптарға жазылған поэмалары мен балладалары талданған. Адамдарда кездесетін әр түрлі оғаш қылықтарды өткір әжуалайтын оның сатирикалық шығармаларына көңіл бөлінген. Ақынның ерте қайтыс болуына әкелген оның ауыр өмір жолы суреттелген. Ақынның көп қырлы таланты әлі де толық бағаланбаса да, оның тамаша өлеңдері, поэмалары, балладалары, сатиралық шығармалары отандық поэзия жанкүйелерінің жүректерінде ұдайы сақталатындығы жайлы қорытынды жасалған.

Кілтті сөздер: Мақсұт Байсейітов поэзиясы, сыршыл поэзия, ақынның өлеңі, асыл қазына, талантты очеркист, фельетонист, қайраткер тұлға, талант иесі, лирик ақын, эпик ақын.

Kipicne

Өмірге ғашық болмаған адамнан ақын шықпайды. Ақын болу үшін мына дүниені жан-тәнімен құлай сүю керек. Пенде баласының асыл ойлары мен сұлу сезімдері ақындық жүректе гүлдеп, бүршік ататындықтан, дүниені құлай сүйген адамға ғана өмір құшағын жайып, тылсым тіршіліктің сыр сандығының талай құпиясы ашылады.

Дүниені сүю арқылы адамның Аллаға деген шексіз сағынышы оянады. Жүрегінде өлең оты тұтанып, ұлы Жаратушымен сырласуға мүмкіншілік алады. Міне, осылайша мәртебелі поэзия адамның Алладан кейінгі фәни мен бақидың арасын жалғап тұрған дәнекершесіне айналады. Жалғыздықтан жалығып, мына жалғаннан түңіліп, имандылықтың мейірімді шуағын сағынған адамның шөлін тек өлеңнің мөлдір бұлағы ғана қандыра алатыны содан болса керек.

Қазақ әдебиетіндегі тұнығы лайланбаған, өзіне тән қуатымен арнасына сыймай буырқанып тасып жатқан сондай таза бұлақтардың бірі — Мақсұт Байсейітов поэзиясы. Кеңестік кезеңнің уақыт уысынан шығармай, шығармашылықты тар шеңберге қамап қойған кезінде де, елдің, қоғамның өсіп-өркендеуіне кесепатты кесірі тиген кертартпа тіршілігін астарлап болса да, ретін тауып, қиыннан қиыстырып жалғанның жарығына шығарған шайырлар болғаны белгілі. Солардың қатарында қайсар ақын Мақсұт Байсейітовтың да болғанын мақтай, мадақтай айта кеткеніміз артық болмас.

Кезінде орыстың кеменгер жазушысы Ф.Достоевский: «Пушкин умер... и бесспорно унес с собою в гроб некоторую великую тайну. И вот мы теперь без него эту тайну разгадываем», — депті. Яғни әрбір нағыз ұлт ақыны өмірден өткен сайын өзімен бірге жұмбақты алып кетіп, оны кейінгілерге мәңгілік шешуге қалдырады екен. Поэзияның құдіреттілігі де, ақиқаттылығы да сонда. Сондықтан поэзия шындықтан биік, ақиқатқа тұспа-тұс құбылыс. Шын таланттылар мен классиктердің көзі тірісінде жан-жақты бағасын алып, мойындала қоймауының өзі сонда. Оған уақыт керек. Содан соң сол уақыт өмірге әкелетін сыншы қажет.

Қазақ әдебиеті жағдайында да көзі тірісінде бағаланған талант некен-саяк. Олардың шығармашылық қадір-қасиетінің құпиясы келе-келе ашылып, ел-жұрт игілігіне айналатыны да сондықтан.

Міне, мәселеге осы тұрғыдан келгенде өмірден ерте өткен Мақсұт Ыбырайұлы Байсейітов та өзінің уақытын күткен Алаштың ақберен ақыны. Ол дәм-тұзының ерте таусылғанына қарамастан, ұлттық поэзиямыздың уақыты мен кеңістігінің көкжиегін кеңейтуге бірден-бір үлес қосқан ақындар қатарында аталатын тұлға. Оның шығармалары өмір туралы толғамның тереңдігімен, сыршылдығымен ерекшеленетін, әдебиетіміздегі құбылыс болған, ғасырдан ғасырға жасай беретін жасампаз поэзия; адамды өмірге ғашық қылып, іңкәр сезімге ен таққан сыршыл поэзия; дауыл күнгі дарияның асау толқынындай күші бар қуатты поэзия.

Мақсұт ақынның өмірбаянына қатысты қысқаша мәліметтер

Тағдырға шүкір, қазақта ақын жағы баршылық. Көпшілігі талантты ақындар. Ондай ақындар қай заманда да болған. Және халқымыз ақынды әулие санап, дәріптеп, әлпештеп төбесіне көтерген. Ол тегіннен-тегін емес. Себебі, ақын аузынан шыққан жалғыз ауыз сөз, егер ол орнымен шебер, әрі тауып айтылса, ғасырдан ғасырға жалғасып, ұрпақтан ұрпаққа жеткен.

Ақындардың тасқа қашалып, ақ қағаз бетіне түскен өлең-жыры түгіл, оқыста аузынан шығып кеткен жалғыз ауыз сөзі мәңгілік ел есінде қалған.

Әрине, аумалы-төкпелі дүниеде әрбір дәуірдің өз келбетіне ғана лайық көркем сөзі, сол тұсқа құт боп дарыған құнарлы поэзиясы болады. Бұл ретте өткен ғасырдың екінші жартысы қазақ өлеңі үшін мейлінше құт-берекелі жылдар болып еді десек, түк те қателеспейміз.

Сонау XX ғасырдағы қыркыншы жылдардың аяғында — елуінші жылдардың басында поэзиямызға өзіндік үнімен келіп қосылған ақиық ақынның бірі — Мақсұт Ыбырайұлы Байсейітов еді.

Ақынның өлеңі — өмірі, жыры — сыры. Нағыз ақынның өз өмірбаянын өз заманы мен замандастарының тағдырымен астастыра, өзектестіре толғап, өзі өмір сүрген кезеңнің кескін-келбетін, шындығын шырайын шығарып, көркем кестелейтіні ақиқат. Құр қиялдан құрастырмай, өз көзі көрген, көңілі сенген дүние құбылыстарын ой елегінен өткізіп, сезім бесігіне бөлеп, парасат биігінен парактап жыр қашаған ақын — нағыз ақын. Мақсұт ақын нақ осындай деңгейдегі дарын.

Ақынның артында қалдырған мұрасы, жарқыраған асыл қазынасы туған халқының өлмес үніндей, жүректердің нәзік діріліндей шалқып саз төгіп тұр. Уақыт сынына сыр алдырмаған ғажайып өрнек. Оқыған сайын түлейсіз. Ол шөлдеген жүректердің сусынын қандыру үшін өмір сүрген сияқты.

Осы ретте кемеңгер Ахмет Байтұрсыновтың мына бір ойлары көкейімізге оралады: «... Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екендігі рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағандығынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік».

Ғажап! Өзгелерден ерекше туған Мақсұт Байсейітовтың бір артықшылығы, бір бақыты да осындай күрделі ойларында шығар!

Мақсұттың әкесі Ыбырай Байсейітұлы өз айналасына аты шыққан домбырашы, күйші болған. Ол атақты қазақ композиторлары Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап күйлерін тамаша орындаған. Өмірінің соңғы кезінде Қарағанды қаласына көшіп келіп, облыстық радикомитетке артист болып орналасқан. Онда әрі әнші, әрі домбырашылық қызмет атқарып, өнер көрсеткен. Ыбырай онымен бірге өз жанынан да ән-күй шығарған. Оның «Нарқызыл» атты әсем күйі қазақтың музыка өнерін зерттеушілерге жақсы таныс.

Міне, әкесінің өнерге деген осындай ықыласы кейін оның баласы Мақсұтқа да жұға бастайды. Мақсұт жастайынан ән-күйге үйір болады. Ән айтып, домбыра тартады. Өз жанынан өлең шығарады.

Мақсұт Ыбырайұлы ақындардың ішінде Қасым Аманжоловты қадір тұтыпты. Кезінде талай ақындар Қасым алдынан өтіпті. Кейін ақиық ақын болғандар — Сырбай Мәуленов, Қабыкен Мұқышев, Мақсұт Байсейітов — осындай байқаудан өтіпті. Қасым Аманжолов үшеуіне де «Сендерден үлкен ақын шығады» деп болжау айтыпты.

Мақсұт Ыбырайұлы Байсейітов 1927 жылы 25 шілдеде Қарағанды облысы қазіргі Бұқаржырау ауданына (бұрынғы Тельман ауданы) қарасты Сарытау деген жерде туған. Бастауыш білімді өз аулындағы мектептен алып, кейін Нұраталды совхозындағы (Шет ауданына қарайды) жетіжылдық мектепте оқиды.

Балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында өткен Мақсұт еңбекке ерте араласады. Бұл кезде азаматтар түгел дерлік майданға аттанып олардың жұмысы әйелдер мен қарттарға, балаларға қалған-ды. Сол жасөспірімдердің бірі боп жұмысқа белсене кіріскен Мақсұт соғыс жылдары Нұраталды совхозында шопан болып, қой бағады. Кейін әке-шешесі Қарағанды қаласына көшіп келген соң, ол шахтада ұсақ-түйек жұмыстар атқарады.

1944 жылы Мақсұт Қарағандының екі жылдық Мұғалімдер институтының тарих факультетіне түседі. 1945 жылы институттан кетіп, «Советтік Қарағанды» газетіне әдеби қызметкер болып орналасады. Ақындық, жазушылық дарыны өте күшті болғандықтан, екі жылдың ішінде-ақ, 1947 жылы КСРО Жазушылар одағының мүшесіне қабылданады.

М.Байсейітов 1962–1966 жылдары облыстық телевизия және радиокomiteетінде редактор болады. Өмірінің соңғы жылдары (1967–1972) Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясында әдеби қызметкер, тілші болып істейді.

Өмір адам баласына бір-ақ рет беріледі. Сондықтан қолдан келгенше алға ұмтылу, тырысу, еңбектену керек. Осы жағдайды Мақсұт та ерте ұғынған секілді.

Ол кезде облыстық газеттің ауыл-село тілшілерімен, авторлармен байланысы қазіргідей емес, қиын болатын. Газеттің өз қызметкерлерінің жұмысты көп істеуіне тура келетін. Мақсұтқа да редакция жұмысты үйіп-төгіп арта салды. Ол Қарағанды облысының барлық аудандарын аралап, материал жинайтын. Газетке тілшілер мен авторлар тарту да, олардың жазуға төселуіне, фактыны тандап ала білуіне көмектесу де тілшінің міндеті ғой. Мақсұт осы «мазасыз» жұмысқа құлшына кірісті.

Облыстық газеттің аппаратында жұмыс істеп жүрген кезінде ол өзінің болашағы зор ақын, талантты очеркист әрі фельетонист екенін танытты. Бірақ адуын ақын өлеңдерін әлдене өзегін өртегенде ғана жазды. Сия кеппестен алақайлап басылымдарға ала жүгірмеді.

Мақсұттың ойынша, өлеңді бұрқыратып өндіріп жаза беру басты мақсат болмаса керек. Басты мақсат — елге керек өлеңдерді жазу; халықтың қабырғасына қара тастай батып отырған елдік мәселелерді батыл айта білу; өз көңіл-күйінді күйттей бермей, күйзеліп жүргендермен қоса күйзелу.

Сондықтан да ол сөз қадірін өз қадірім деп ұғынды. Бал тамған тіліміздің бақшасарайында басқаларға қарағанда көп кідірді. Көңіл төріне көп кесте тоқыды. Айдын шалқар тіл теңізінің ешкімнің түсіне де кірмеген тұңғық тереңдеріне бойлады. Тіл жауһарынан алқа тақты. Оған мысал ретінде төмендегі бояулы, мол шумақты «Терек» деген өлеңін [1; 42, 43] айтуға болады:

*Кешегі соғыс сызы өтіп,
Жапанда жоса қан болған,
Даланы бейне күзетіп,
Қалған бір терек орманнан.*

*Айналып тоғай көмірге,
Құлазып сол бір атырап,
Келместей қайтіп өмірге,
Ұшқан-ды жанып жапырақ.*

*Айрылып бұта көркінен,
Қабағы күйіп-қарылып,
Қалса да апат өртінен
Көк терек жалғыз жабығып.*

*Секілді бір зор ескерткіш,
Соғыстың өзі орнатқан,
Тұрғандай бойын кернеп күш,
Түсетін көзге аулақтан.*

*Жолаушы жанап өткенде,
Қарайтын оған жаны ашып,
Тұратын әлі-ақ көктемде
Дегендей әсем жарасып.*

*Қарап тұр бүгін сол терек,
Маңайы нұға толғанда,
Бұтасы желмен еркелеп,
Ата боп жаңа орманға.*

Мақсұттың қаламынан туған мөлдір жырлар кезінде қазақ халық поэзиясының шалқар айдынына кішкентай бір жылға болып қосылып жатты.

Мақсұт Байсейітов — қаламын әділетсіздікке қарсы сілтеген қайраткер тұлға. Ақиқат оның өлеңдерінде ғана емес, ақ қағаз бетіне түскен кез келген дүниесінде атой салып тұрды. Өмір шындығын өткір жазды. Соның салдарынан, ашығын айтқанда, қажырлы қаламгердің сын садағына нысана болған қорқаулардың әрекетінен ақын денсаулығы орасан зардап шекті. Жүйкесіне түскен салмақ ақын жүрегін сырқатқа ұшыратты.

Мақсұт Ыбырайұлы Байсейітов 1972 жылдың күзінде творчестволық кемеліне келген кезінде қайтыс болды. Өзі көрмей кеткен соңғы жинағы — «Қарқаралы басында» атты кітабы 1977 жылы 7000 дана болып жарыққа шықты.

Біздің ойымызша, қай кезде де ақындарды мынау анадан биік, анау мынадан биік деп бағалау жаңсақтық. Шындығында әркімнің өз биіктігі бар. Одан ешкім асып кете алмайды. Әрбірден соң Жаратқанның бойына дарытқан өлшемді таланты бар және сол таланттың қабілет-қарымы да қасында жүретіні хақ. Осы тұстан келгенде Мақсұт ақын өз шамасындағы жүйрік және оған қоса өз бойындағы бар қарым-қабілетін ашып кеткен ақын. Ол қауырсын қаламын қару, қанағат қазық етіп, қомағай қоғамда қоңырқай тіршілік кешкен талант иесі еді. Бүкіл өмірін өлеңмен өрнектеді. Атаққа, мансапқа ұмтылған жоқ. Тіпті, өлеңінің өресі кейбір «күшеншектерден» көшілгері бола тұра, мүшәйраға да өлең бермейтін. Мүшәйраңыз не, газеттердің өзі тың туындыларын зордың күшімен алып басатын. Теледидардан да тебірене жыр оқымапты. Өзін осынша тасада ұстауды табиғаты қалаған талант иесінің асыл мұрасы ортамыздан көзі кеткен соң ғана алтынға бағалана бастады.

Ақынның поэмалары мен балладалары жайында

Мақсұт Байсейітов — лирик ақын. Лирик болғанда дүниені мәңгілік деп түсінетін, адам да сол дүниенің бір бөлшегі, ендеше оның да өлмеуге қақысы бар деп қарайтын оптимист ақын.

Сонымен бірге Мақсұт — эпик ақын. Ол сюжетке құрылған үлкенді-кішілі ондаған поэманың авторы. Оның «Қайрат» поэмасында Қарағанды кеншілерінің қажырлы еңбегі бейнеленсе, «Менің бақытым» атты поэмасында тың игеруші жастардың өмірі суреттеледі. Ал «Сұрапыл» атты поэмасында 49 күн бойы Тынық мұхит толқынында болып, табиғаттың дүлей күшімен ерлік күрес жүргізген советтің төрт жауынгерінің (А.Зиганшин т.б.) батырлық іс-әрекеттері сөз болады. Бұл поэма кейін «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланып шықты [2].

Мақсұт ақынның лирикасының басты құндылығы оның алымды сезімталдығында болса, эпикалық шығармаларының қадір-қасиеті — алысқа шапты кең тынысында. Аталған поэмалардың қай-қайсысындағы болмасын, эпикалық тыныспен қатар, кейіпкерлер арасындағы қақтығыстарда ақын оқиғаны баяндаудағы тәлімі арқасында поэтикалық қуатқа ие ерекше кескіндегі дүниелерді тудырған. Бұлар қазақтың дастан үлгісіндегі жаңа типті поэмалардың тұтас бір галереясы деуге келетін шығармалар.

Рухани игіліктің аспаннан өздігінен жауа бермейтіндігі белгілі. Мақсұттың қазақ поэзиясындағы ерекше құбылыс екендігі туралы айтқан жөн. Кейде біздің сол құбылыстың түп-төркінін басқа жақтан іздейтіндігіміз бар. Оның бар сиқыры Мақсұттың көрсем, білсем, ұқсам деп түнді түнге, танды таңға жалғаған бозторғайдай тынымсыз шырылдаған жүрегінде! Оны біз ақынның «Бозторғай күйі» деген ұзақ балладасын [1; 45–49] оқығанда аңғарамыз:

*Әлемге көк буалдыр перде керіп,
Лалагүл жасыл шөпті терге көміп.
Лұп еткен желі де жоқ жаздың таңы,
Аспаннан түсті жаңа жерге келіп.
Маужырап, манаураған дала тұнық,
Жатқандай қазір ғана жаратылып.
Балбырап елжірейді жас баладай,
Отырған ұйқысынан жаңа тұрып.
Шығыстан асып өтіп арай белді,
Күн сұлу көзін ашып қарайды енді.
Ішінен көк шымылдық күлім қағып,
Түрегеп алтын шашын тарай берді.
Жүзінен сонда сәуле тарай берді,
Дүние рахатқа бөге берді.
Мамырлап маңырасып апай төстен,
Қаптаған ақтылы қой төстен келді.
Шеті жоқ, шегі де жоқ мыңғырады,
Көгілдір нұға бөлеп бұлдырады.
Қарсы алады, бұраң қағып, сылдыр қағып,
Күмістей Көксеңгірдің мың бұлағы.*

Көрінбей кетті дала қой қаптаған,
 (Осыны арман етті ата-бабам).
 Жас жігіт шықты таудың шоқтығына,
 Астында бәйгі аты бар ойнақтаған,
 Түсті де тұлпарынан тасқа шықты,
 Төсіне кесте ғыпты тас та шықты,
 Биіктен көз жіберсе кең далаға
 Қалың қой көкжиекпен астасыпты.
 Мауыты қалың барқыт қалың мүкті,
 Сәкі тас кеудесіне жамылыпты.
 Отырды соған жігіт, ойына алып,
 Бұл ғажап табиғаттың заңы мықты.
 Бір шашып жібергенде күн ыстықты,
 Жылатты мөлт-мөлт етіп күміс шықты
 Жас шопан соған қарап отырғанда,
 Бір ғажап үндер бұзды тыныштықты.
 Қараған, тобылғы мен ши түбінен,
 Сиқырлы үн төгілдіріп күй тілінен,
 Аспанға пыр-пыр ұшып бозторғайлар,
 Сыңғырлы, қоңыраулы, сүйкімді үнмен.
 Ноқат боп көк төрінде бұлдырайды,
 Ал бір жерге ентелеп бұлдырайды.
 Кім білсін, әлде ол да ақын шығар,
 Мүмкін ол өз тілінде жыр құрайды.
 Бал ауа, ашық аспан, оған абат,
 Қойшының көңілін солай бөліп кетті,
 Бозторғай ән шырқаған ала қанат.
 Не дейді? Неге солай шырылдайды,
 Сыбызғы үн шырқау биік шымырлайды,
 Әлде ол мұңын шағып тұрған жоқ па,
 Қоңуға жер таба алмай бір ыңғайлы.
 Мың-мың қой жердің бетін қаптағанда,
 Барар жер, басар тау да таппаған ба?
 Әлде оның жаңа салмақ болған,
 Ұясын сансыз тұяқ таптаған ба?
 Ал неге қалаға ұшып бармайды екен,
 Торғайлар онда да ұя салмай ма екен.
 Әлде ол да ғашық болған кең далаға,
 Өмірін мен сықылды арнай ма екен.

Ақын бейбіт күнді — «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманды барша адамға тілек етеді. Осы ойын жоғарыда ұсынған ұзақ балладасында тамаша жеткізіп айтып берген.

Талай додалы ақындар айтысына қатысып, жыр жамбысын иеленген Мақсұт кеншілер өмірін «Шахтер туралы баллада» деген шығармасында [1; 28–36] былай өрнектеді:

— Қандай қиын астына түсу жердің,
 Неде болса тағдырым үшін көндім.
 Деді де ол үңгірге сүңгіп кетті
 Орап ойдың бұлтына мұңды көңілін.

Қанат жайған қараңғы сасық тұман,
 Құтылмастай келген жан қашып бұдан.
 Жан-жағынан Мұсаны үрей қамап,
 Шам сәулесі жалғыз-ақ қақты бұлаң.

*Бірде еңбектеп, біресе жер бауырлап,
Сүйретілу батпақта тым ауыр-ақ.
Кенет бір от жарқ етіп түкпір жақтан,
Елестеді сұлудай тұрған ымдап.*

*Сол ұшқынды жұлдыздай етіп ныса,
Жетемін деп талпынған біздің Мұса
Ұзақ жүрді үңгірдің төрін бойлап,
Көкірегіне шахтерлік шамын қыса.*

*Жеткенде ол лаваға қалды ойда,
Жарқын үміт сықылды сәуле қайда?
Тек арманнан туған от екендігін,
Сонда біліп көтерді батпан қайла.*

*Осы кезде еңбектеп біреу келді,
Әлсіз сәуле көрсетті түрін жүдеу
Қолтығында ара мен балтасы бар,
Үнсіз ғана төбеге қақты тіреу.*

*Ісі бітіп жөніне ол бара жатты,
Шамы оты тек қолында жылтыл қақты.
Күрсінді де кеудесін көре Мұса
Бір тізерлеп жүреден көмір шапты.*

*Құлазыған тар лава тық-тық етті,
Тым көңілсіз сағаттар әрең өтті.
Түнерген сол дүниеге түскен көзден
Моншақ-моншақ ыстық жас ытып кетті...*

Табиғат сыйға тартқан жомарт дарынның арқасында М.Байсейітов көмірлі өлкедегі өрнегі ерекше арқалы ақындардың сирек жұлдыздар шоғырының қатарына қосылды.

«Қыран» дастаны — ақынның күрделі шығармаларының бірі

Мақсұт ақынның ең көлемді шығармаларының бірі — «Қыран» атты ұзақ дастаны. Бұл күрделі еңбек 1957–1960 жылдар аралығында жазылып, Қарағанды облыстық «Советтік Қарағанды» газетінің бірнеше сандарында жарық көрді. Онда Көбеген сияқты кедейдің ауыр тұрмысы айтылады. Оның талантты да талапты жалғыз ұлы — Қыранның балалық және жігіттік шағы баяндалады. Ескі қазақ даласындағы аңшылық өмір суреттеледі. Үстем тап өкілдерінің жаласына ұшыраған Қыран абақтыға алынып, алыс Сибирьге каторгіге айдалады. Мұнда ол Кирилл деген орыс революционерімен танысып, сол арқылы саяси сауатын ашады, таптық санасы оянады. Халық бақыты жолында жаңа күрестерге әзірленеді. Ақынның осы дастанынан үзінді келтіре кетейік [1; 111–153]:

*... Буалдыр барақ көк түтін,
Әр тұста күбір жәй ғана.
Біреулер қымтап шоқпытын,
Жантайған отты жәй ғана.*

*Ішінде соның Қыран да,
Өзегі қаңсып құсадан.
Адасқан жандай тұманда,
Қан бұғау жанын тұсаған.*

*Алдамшы өмір баянсыз,
Бос қуыс оған көрінген.
Қарғысын айтып аяусыз,
Сырласқан енді өліммен.*

*«Барлығы тұмақ, бәрі өлмек,
Қызық па сол да не керек?!
Табиғат өлсе, ол еңбек!
Жасарып қайта көгермек».*

*Тебіренді Қыран түнеріп,
Ауыр ой миын шайқаған.
«Адам да неге бір өліп,
Тірілмейді екен қайтадан?...*

*Тірілмек бірақ қайда бар?
Жан кетер, тәнің суалар.
Топырақ шөпке айналар,
Көз жасы оның суалар.*

*Азаппен бірақ қорлыққа,
Бергенше жанды зәбірге
Бас имей қатал зорлыққа,
Жатқан да жақсы-ау қабірде.*

*Тып-тыныш, суық жер қойны,
Аулақсың арсыз дүниеден».
Шымырлап кетті өн-бойы,
Қорқыныш үрей билеген...*

Сонымен, бұл дастанның сюжеті тартымды, оқиғасы қызық, композициясы берік. Адам бейнелері, әсіресе, жас күрескер — Қыран образы жарқын жасалған. Ол күрес үстінде, қиындықтарды жеңу үстінде өсіп, шыңдалады.

Ақынның сатиралық өлеңдері

Жамандыққа жаны қас Мақсұт Ыбырайұлы өзінен бұрынғы немесе алдындағы белгілі сатирик ақын-жазушылардан көп үйреніп, үлгі ала жүрсе де, дайын жолға түсіп, бөкен желіспен жорта бермей, өз сұрлеуін тапқан сықақшыл ақын ретінде де өзін көрсете білді.

Мақсұттың жаны жер бетіндегі зұлымдықтардан қатты шошынған. Тағат таба алмаған сәттерде («Осындайлар әлі бар» деген өлеңінде [1; 91]):

*Өтті күні талай түрлі заманның,
Өшті үні талай сырлы адамның.
Өлгеннен соң ой, шіркін, деп есімін,
Дәріптейміз жақсының да, жаманның.*

*Жүргендер көп жасап тірлік амалын,
Тірі пәнде демейді өзін «наданмын».
Кейбір сондай сылқым құды сөз етсем.
Жала жаптың дейді, сірә, маған кім?*

*Егер, шіркін, басын қосып бәрінің,
Сиқын көрсек жасының да кәрінің,
Іштерінде бықсып жатқан мынадай
Сырларының естір едік сарынын, —*

деп, ақын жаны талай рет жабырқаған.

Жаратушы әрбір шынайы дарын иесіне қиын тағдыр беретіні де, оның жаны жаншылмаса, сезімі ұшталмай, өмірдің парқына жете алмай күнін босқа өткізіп алар дейтін шығар. Сондықтан Мақсұттың жанайқайы жүректі тебіренпей қоймайды:

*Қой, бәрің де өңкей қиқым немесің,
Қайсың, кәне, қай күшіңе сенесің.
Арыз алып келші бірің тап маған,
Есігіме екі ай жүріп енесің.*

*Мен кеңседе бар болсам да, жоқ болам,
Оның үшін жоқ ешқандай сот маған
Көп қағазды оқуға да ерінем,
Екі сүйкеп қол қоям да тоқталам.*

*Ал, үлкендер айтса болды, дәл шығам,
Алдарынан, төбемнен де шаныылам,
Өзгелерді, төмендерді қойшы әрі,
Олар үшін тұра қалам алышдан.*

*Міне, достар, адамдарға осындай,
Қалайша біз қарамақпыз шошынбай.
Арамызда жүрген жоқ па әредік,
Сондай қулар тосқауылға тосылмай.*

*Заман көші нұрлы күнге аттанды,
Жер тұңлігі аспан сырын ақтарды.
Біздің сапқа адал ермес қуларға
Келді ғой кез мықтап құрар қақпанды.*

Бұл ақынның мірдің оғындай «Бюрократ» атты өлеңі [1; 96]. Мақсұт жүрек айнитындай кейбір пасықтықтан жиіркеніп, соны көргісі келмейді. Көмейіне запыран кептелгенін қалай қадап айта білген десеңізші!

Турашыл ақын кейбір пенделердің күйкі тіршілік күйбеңінде жүргенде, Құдай жолын ұмытып, күпірлік жасайтынын келесідей өтімді сөздермен жеткізген («Арамза» атты шығармасы [1; 95]):

*— Білдім, білдім барлығыңның сырыңды,
Сол үшін де айтайын бір шынымды.
Егер маған бәрің қызмет етпесең,
Қағып алам табаныңда жыныңды.*

*Мен даурығып үндемеймін пендеге,
Әуесқойсып ұмтылмаймын әрнеге.
Арамдығым сезіле ме деп қорқам
Аузымнан шығып кетсе әлде не.*

*Сондықтан да арыз жазам домалақ,
Ол жүреді дүниені он орап
Бүгін біреу ерегіссе менімен,
Табанымда жатады ертең домалап.*

Қоғамда орын алып отырған келеңсіздіктерге, санаға сыйғысыз жат қылықтарға ашынған ақын күйініп, ызалы жыр шумақтарын төгеді. «Жылпың» атты өлеңінде [1; 91–92]:

*Мен кәдімгі су жұқпайтын жылпыңмын.
Күн көремін арқасында жұртымның.
«Ине өткеннен жіп өтеді» емес пе,
Бәріміз де құлымыз ғой құлқынның.*

*Шарлап жүрем қаланы да, ауылды,
Барлап жүрем пайдасы бар бауырды.
Жемісі мол жеңіс істі сүйемін,
Жаным әсте жақтырмайды ауырды.*

*Қойыныма, қонышыма бүктеліп,
Пайда толса, соны сәтте құт көріп,
Бақайшағым басқан ізге құм сеуіп,
Қонысымды аударамын жып беріп, —*

деп, өзінің өмір сүріп жатқан заманының қасірет-трагедиясын көрсетеді. Жай айта салмайды, кеселдің қабырғасын қақырата өткір тілімен оскылайды. Бұзылған қоғамның Құдай қарғап, ант аттаған ант-тұрғандары арам жолмен мал тауып жүргенін түйреп тұр емес пе.

Өткен және қазіргі замандағы сұмдарды біз бұл күнде сыпайылап: «Сыбайлас жемқорлар» деп атаймыз. Орындары жайлы, мұраттары майлы. Ұрандары: «Қол ұстаса, қоғам болайық. Біріміз оған болсақ, біріміз бұған болайық!» Мақалдары: «Мың күн жасағаннан бір күн асаған артық».

Осындайлардың келбеттерін Мақсұт Ыбырайлұлы «Сыбайлас» деген өлеңінде [1; 93] былай деп суреттейді:

*Ағайыным, жолдас-жора, жерлесім,
Жандарыңа еш жамандық келмесін!
Өздерің де білесіңдер пайдасын,
Таныстықтың айтып жатам мен несін?!
Бірімізді-біріміз кеп сағалап,
Сыбайласып, бір орынды жағалап,
Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шықса,
Соның өзі болып жүр ғой ғаламат.
Ішіп-жсейміз ұйымдасып бірігіп,
Өзімізде бар құдірет, ірілік.
Жауласқанды жүн қыламыз, сыр бермей
Өлген әке келсе-дағы тіріліп.*

Сонымен, М.Байсейітов өзі өмір сүрген қоғам құбылыстарынан өзін тыс қоя алмады. Сондықтан да «Мансапқор» атты өлеңінде [1; 93–94]:

*Достар, кімді аяр дейсіз, қазір кім?
Зіл жатады өзінде де әзілдің,
Мына өзім де барлық билік болса егер,
Тағын тартып алуға да әзірмін.*

*Сондықтан да аямаймын пендені,
Өнерпаз боп шатпақтаймын әр нені.
Реті келсе, зұлымдық та жасаймын,
Менің жаным рахатқа дәндеді.*

*Жиылыстарда бөсіп берем көпіріп,
Беделді боп өсіп келем лепіріп.
Мансап үшін қатынымды сатсам да,
Мұңаймас ем жалғыз грамм өкініп, —*

дейді.

Бұл шығармасында ақын шын сөзін айтып отыр. Бүгінгі заманда тек өзінің қара басының ғана қамын ойлап, талан-таражға түсіп жатқан ел мен жер мүддесін ұмытқан, рухани азып-тозған, тұла бойын тоғышарлық пен тойымсыздық жайлап алған міскін жандар аз ба?! Ақын соларды көріп жаны

күйінді. Санасы санға, ойы онға бөлінді. Бірақ ол күйіне тұрып, күйремеді; түйіле тұрып, түңілмеді. Өйткені, ол елінің ертеңіне, жерінің болашағына сенді.

Мақсұттың фельетондары

Мақсұт Байсейітов жұмыста шаршау, іссапарға жалығу дегенді білмейтін. Облыстың аудандарын, совхоздарын, мекемелерін аралап жүріп сатиралық өлеңдерді, очерктерді, фельетондарды жазғанын айтсайшы! Елді аралаған сайын сезімтал ақын жаны шабыттана берсе керек.

Өзінің фельетондарында дарынды ақын кертартпалықты, жемқорлықты, сылбырлықты өткір тілмен батыл әшкереледі. Оның «Құлқын мен жылпың» деген фельетоны [1; 97–110] жаңа заманға жат қылықты жалғанның жарығына сүйреп шығарды:

... Кішкене бөлме,
оңаша екеу,
Қарындаш қолда,
қағазы алда.
— Ис машина үшеу,
кілемнен жетеу
Беремін саған,
жетеді сол да.
— Мейліңіз, — дейді
жымыып Жылпың, —
Ендігі жолы
аларсыз еске.
— Есіңде болсын,
тауардың құнын
Кассаға түсір
кешкілік бесте.
— Құп, — деді Жылпың
Құлқынға қарап, —
Склад қазір
жабық тұр еді,
Болса да құрғақ,
тәтті бір шарап,
Сіміріп алсақ
қайтеді тегі.
— Қарсылық оған
етпеймін, шырақ.
— Ендеше, міне,
«Мадера» тәтті.
— Мас болып қалып
жүрмейік бірақ,
— Құлкем-ау, оған
болдық қой әккі.
Директор, кілтші
сырласып бірге,
Сілтеді шарап
болғанша күпті.
Отырып ұзақ
сол айлы түнде,
Кеңседен таңның
алдында шықты.
— Мінеки, Құлке,
таң лебіз берді,
Қорықпассыз, сірә,
үй арасына.

Тынығыңыз сіз
 ұйықтап енді,
Келерсіз кешке
 қонағасыға, —
Деді де, Жылтың
 жылп етіп кіріп,
Склад ішін
 шықты бір шарлап.
Миықтан ғана
 мырс етіп күліп:
— Өзім ғой, — дейді —
 шын майлы бармақ.
Директор Құлқын
 он кілем алды.
Машинаның да
 жымқырды төртін.
Сақтайды ол мені
 сондықтан мәңгі,
Жайлаймын өзім
 енді емін-еркін.
Сатушы мен
 кассирге берер,
Мың сомдық кілем
 менікі болсын.
Бесжүздік кілем
 берсем де сенер,
Сонымен мұның
 орыны толсын...
Складқа келген
 жиырма бес кілем,
Он іс машина
 осылай кетті.
Адам жоқ оны
 дейтұғын білем,
Өйткені үлкен
 өңештен өтті.

Мақсұттың «Қарқылдаған Қарғабаев» атты фельетоны [1; 84, 85] совхоз бастығы Қарғабаев дегенді аяусыз әшкерелейді:

Тілегі сәтпен дөп келіп,
Қарғабаев бастықтың,
Өткен жаз жаңбыр көп болып,
Астында қалды астықтың.
Еңбекиі қауым қуанып,
«Бастықты нағыз тапты ақыр»
Келген күн Қызыл ту алып,
Жасады оны қақпақыл.
Совхозда сол жыл шөпте мол,
Қаптаған мая төскейді.
Сүрлемге толды көп-көп ор,
Мал мұртын балта кеспейді.
Айтылар достық тілегі,
Телефон даусы саңқылдап.
— Жарайды, — деп күледі,

*Қарғабаев қарқылдап,
Басылды жауып үш күн қар,
Аңызға адам шыққан жоқ.
Төгілер кезі күштің бар,
Бар десе, пәнде ұққан жоқ.
«Таңсық па қар да бір жауған,
Төксін де тағы бір мықтап.
Сұраса мәлімет күнде аудан,
Жатыр деп ойлар кімді ықтап».
Жылжыды жаяу бұрқасын,
Жаумады енді қар мықтап.
Аңызда қайтсін қырқасын,
Сырмалар қалды жарды ықтап.
Тастады тоң да іргені,
Жылғаға кетті сарқырап.
Қарғабай ұлы күлмеді,
Қарғалар күлді қарқылдап.*

Максұттың өткір қаламы, көркем тілі аяққа оралғандардан жол тазартуға осылай көмектесті.

Ол сықақ өлеңдері мен фельетондарында көлеңке жамылғандардың талайын жарыққа сүйреп шығарып: «Уа, жұртшылық, қараңдар. Мұндайлар бар ма аранда? Тезге салып түзелсін жалқау, жыл-пос, өтірікші, өсекші, бюрократ, надандар!» — деп жар салды.

Максұт Байсейітов өзін импровизатор ақын ретінде де көрсете білді. Ол бірнеше рет ақындар айтысына қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Оның қарағандылық ақындар: К.Ермекбаев, О.Аймағамбетов, Б.Мұстафиндермен айтысы өз дәуіріндегі өнер сайысының озық үлгілерінің біріне саналды.

Максұт Байсейітов — бірнеше шағын пьесалар мен көптеген репертуарлық материалдардың, сондай-ақ Қарағанды еңбекшілерінің өмірі мен еңбегінен алынып жазылған көркем очерктер мен проблемалық мақалалардың авторы. М.Байсейітов көркем аударма ісімен де айналысты. Ол көптеген орыс, украин, татар, өзбек, қарақалпақ, молдаван ақындарының өлеңдерін қазақ тілдеріне аударуға қатысқан.

Түйін

Максұт Байсейітов!

Біршоғыр ақындар тобының бірегейі, телегейі еді! Төрт құбыланы түгел жырлады. Шабыт әлемінің сөзін сүзді, жырын түзді! Замана ноктасына алтын басын тоспаған ол өзінің балғын шақтан бакытына балап, бар ғұмырын арнаған өлең өлкесіне жанын пиде етер қалыпта үнемі үздігіп күн кешті. Өз ертегісінің арнаулы арқауынан ауытқуды қаперіне де алған жоқ.

Максұт жырларының басты қасиеттеріне тоқтала кетсек, мынадай қорытындыға келеміз:

1. Ұлы ағылшын ақыны Байронның мерт болған батырға арнап: «Сен қаза таптың, бірақ сенің қаның жерде емес, біздің бойымызда ағып жатыр» деп айтқан сөздерін, Максұттың рухына да бағыштауға әбден болады. Өйткені Максұт Ыбырайұлын қара жердің қойнына тапсырғанымызға ұзақ жылдар өтсе де, оның рухы мен сағыныштан жаратылған жырлары бізбен бірге жасап келеді. Әрине, ақынның дүниеден ерте кеткені өкінішті-ақ! Алайда сағыныш күдіретінің қандай болатынын адамдардың бәріне сездірту үшін, ол дәл осылай жасындай жарқ ете қалып, дүниеден өте шығуы тиіс болатын. Ол сол өзі армандаған сағынышының биігінде өлді. Максұттың өлеңдерін оқыған сайын алыстан қол бұлғап шақырғанымен, ешкім таба алмай жүрген, ақынның жүрегіндей кең, әрі таза бір жұмбақ әлемге кетіп қалғымыз келеді. Ол жұмбақ әлемнің аты — Сағыныш.

2. Максұттың өлеңдерін оқу үстінде біз жаңа оралым, тың тіркестермен қатар, ерекше лирикалық күй кештірер сезімталдықты, психологиялық иірімдерді, ассоциацияны айқын аңдаймыз.

3. Лирикаға шежіре-тарихты, тұлғаларды, ерекше оқиғаларды сыналау арқылы поэзияның интеллектуалдығын арттыру, ұлттық реңк, бояу нақыштарын молайту, патриоттық пафос дарыту, аз сөзге көп мағына сыйғызу — Максұт жырларының ерекше қасиеттері деуге болады.

4. Ақынның тіршіліктің тәттілігін сездіріп, сұлулыққа сұқтандырып, сүйіспеншілікке сүйсіндіріп, имандылыққа иландырып, жамандықтан жирендіріп, қайғыға қамықтырып, қуанышқа құлшын-

дырып, табиғатқа табындырып — қысқасы, өмір-тіршіліктің барша құбылыстарына көзқарасыңды қалыптастырып, ой-парасатыңды өрістетіп, өресін биіктетіп жіберетіндей құдірет-күші бар, жүрекпен жазылған жырлары рухани қазынамызға қосылған сүбелі сыбаға, баға жетпес сый деп бағалауымыз орынды сияқты.

Сөз жоқ, Мақсұт ақын туған халқымен бірге жасайды. Алайда өлең азабын арқалап өткен ақжүрек ақын арманына жетті дей аламыз ба? Белгісіз. Өйткені оның елін сүйген жүрегінде айтылмаған ақиқат, батпандай базына, сарқылмас қазына кетті. Дегенмен, періште пейіл, ақ самал ақынның аманат-жырын алданыш еткен қазақ елі, Арқа жұрты әрдайым Мақсұттың өзімен қауышқандай мауқын басады. Олай болса, ақиық ақынның әрбір мерейтойы аталмай өтуі мүмкін емес.

Мақсұт Ыбырайұлы Байсейітов халқының мақтан тұтар ақыны болып мәңгі жасасын демекпіз!

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Байсейітов М.* Қарқаралы басында. Өлеңдер және поэма. — Алматы: Жазушы, 1977. — 156 б.
- 2 *Ысқақов Б.* Өндірісті өлкенің жыршысы / Байсейітов М. Қарқаралы басында. Өлеңдер және поэма. — Алматы: Жазушы, 1977. — 7-б.

Р.С.Каренов

Слово о творчестве поэта Максута Байсеитова (к 85-летию поэта)

Статья посвящается жизни и творчеству видного поэта XX в. Максута Байсеитова. Дается обобщающая оценка произведениям творца, воспевшего прежде всего индустриальные успехи Центрального Казахстана. Анализируются поэмы и баллады поэта, написанные им на злободневные темы. Внимание уделяется его сатирическим произведениям, в которых он остро высмеивает различные человеческие пороки. Описывается нелегкий жизненный путь поэта, приведший к преждевременной смерти. Автор делает вывод, что многогранный талант поэта еще оценен не полностью, и тем не менее его замечательные стихи, поэмы, баллады, сатирические произведения будут постоянно жить в сердцах истинных поклонников отечественной поэзии.

Maksuta Bajseitova is devoted to life and creativity of the visible poet of the XX-th century. The generalizing estimation is given to its products as the creator who has sung first of all of industrial successes of the Central Kazakhstan. Poems and the ballads of the poet written by it on topics of the day are analyzed. The attention is given to its satirical products in which it sharply derides various human defects. The hard course of life of the poet which has led to its premature death is described. The conclusion that the many-sided talent of the poet is still estimated short and nevertheless its remarkable verses, poems, ballads becomes, satirical products will constantly live in the hearts of true admirers of domestic poetry.

Қ.Нұрғали

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Орыс әдебиетіндегі әңгіме жанры

Мақалада орыс әдебиетіндегі әңгіме жанрының қалыптасу, даму және зерттелу мәселелері әдебиеттанушылардың сараптамалық еңбектері негізінде қарастырылып, жаңаша көзқарас тұрғысында зерделенді. Әңгіме жанрының даму заңдылықтары мен жанрлық ерекшеліктері, оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі жан-жақты баяндалды. 60–90-жылдардағы әдеби жанр мәселелерін зерттеудегі бағыттардың өзгеруі құбылысының әдебиеттанудағы жаңа бір ғылыми әдістерді іздеуге мүмкіндік беру жағдайларын туғызып отырғандығы нақты мысалдармен дәлелденді.

Кілтті сөздер: XX ғасыр, орыс әдебиеті, әңгіме жанры, шағын жанрдың дамуы, әңгіме жанрының теориясы, жанр категориясы, тарихи категория, көркем-публицистика, көркем шығарма жанры, көркемдік шеберлік, әңгімеші, ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі жанр.

XX ғасырда орыс әдебиеті ерекше қарқынды дамыды. Әсіресе XX ғасырдың 50-жылдары әңгіме жанрының ерекше дамуымен қатар, сол шағын жанрдың дамуының заңдылықтары да өзекті мәселеге айналды. 60–70-жылдары әдебиеттанушылар осы мәселені шешуге бет бұрды. Алайда әңгіме жанрының теориясы, оның өзіне қарағанда, бірді-екілі арнайы сыни мақалалар болғаны болмаса, әлдеқайда кенже қалып жатқанын атап өткен жөн. Шағын жанрды зерттеуде Т.Заморий, А.Нинова, М.Роменец сияқты ғалымдардың еңбектерін айтуға болады.

Жанр мәселесі туралы сөз болғанда алдымен академик Д.С.Лихачевтің «жанр категориясы — тарихи категория, жиырмасыншы ғасырдың соңғы он жылдығында көптеген жанрлар, соның ішінде шағын жанрлар қарқынды трансформацияға, түр өзгешелікке, дамуға ұшырады», — деген пікіріне баса назар аударған дұрыс [1].

Осы кезеңдегі көркем-публицистика, көркем шығарма жанрында бедерлі өзгерістер болды. Мұндай шығармалар жанрлық жағынан да қандай да бір рухани күшке, идеялық ізденістерге тап болды. Бұл ізденістер әсіресе орыс әдебиетінде ерекше байқалды.

Әңгіме — әдебиетте оқиғаны қарасөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны аз, сюжет ұйытқысын құрайтын оқиғаның басталуы, шарықтау шегі мен шешімі болады. Онда адам, оның өмірі мен тағдыры, аса маңызды деген оқиға жинақы беріледі. Мұнда бір айтылған жайларға қайта оралуға, тәтпіштеп баяндауға, ұзақ суреттеуге орын жоқ. Әңгіме жанры аз сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді. Оқиға көбіне бірінші жақтан баяндалып, әңгімешінің оқиғаға тікелей қатыстылығын көрсетеді. И.С.Тургеневтің И.Буниннің, Л.Андреевтің, А.Куприннің, В.Короленко мен М.Горькийдің әңгімелері — орыс әдебиетіндегі осы жанрда жазылған үздік шығармалар. Қазіргі әңгіменің бастаулары халық ауыз әдебиетінде жатыр. Сонау көне заманнан-ақ халық өзінің тұрмыс-салты, күнделікті тіршілігі жайлы ауызша әңгімелер туғызып отырған. Мұндай әңгімелер бір рет қана айтылып қоймай, әр жерде, жиын болған кезде айтылған да, ондағы оқиға бірте-бірте тұрақты сюжетке айналған. Сөйтіп, ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі жанрға айналған. Жеке адамның басынан өткен оқиға ретінде айтылатын мұндай әңгімелерді халықаралық фольклортануда меморат деп атайды.

С.Ворониннің пікірінше, «әңгімелеушілерді (авторды) адамның рухани өміріндегі ой мен білімі, қайталанбас тілдік байлығы, әңгімені жасаудағы қабілеті ортақтастырады» [2]. Шағын жанрлар туралы Ю.Бондарев: «Қысқа жанр — қиын жанр», — деген пікірді алға тартады.

Әңгіме жанрын зерттеудің тарихы қазіргі таңдағы зерттеушілердің қызығушылығын тудыруда. Себебі әңгіме жанры туралы мәселені зерттеушілердің бірнеше буыны сөз етіп, ұтымды қорытынды жасады. Шағын жанрды зерттеудің әр кезеңінің әдебиеттану ғылымы мен жанр деңгейіне сәйкес өзіндік әдіснамасы қалыптасты.

В.Белинский, А.Григорьев, С.Венгеровтан кейін шағын жанрдың өзіндік ерекшелігі туралы анықтаманы 20–30-жылдардағы М.Петровский, Б.Эйхенбаум, В.Шкловский және өзге ғалымдардың

еңбектерінен табуға болады. Зерттеудің материалы ретінде еуропалық классикалық әңгіме мен классикалық новелла қызмет етті.

1934 жылы «Знамя» журналының бастамасымен шағын жанрдың түрлері әңгіме мен новеллаға арналған кеңес өтті. Осы кеңестің қатысушылары әңгіме жанрмен қатар новелла жанры туралы анықтама беруге талпынды. Осы кезеңде Б.Бегактың, И.Виноградовтың, И.Эвентовтың ғылыми мақалалары М.Зощенконың, Вс.Ивановтың, И.Бабеяның шығармашылықтары туралы сөз болған сыни мақалалармен жалғасып жатқан болатын.

Мысалы, И.Виноградовтың «Новелланың теориясы туралы» атты мақаласы эпикалық баяндаудағы әңгімелеушінің сөзі сияқты жеке мәселелерді қарастырды. Виноградовтың пікірінше, әңгімелеушінің сөзі әңгімеге қосымша мән мен баяндауға лиризмдік мән үстейді. Бұл қадам әңгіме жанрының теориясын зерттеудің алғашқы кезеңімен салыстырғанда, жалпы шағын жанрдың таза формаларының мәселелеріне қызығушылықты арттырды (мысалы, М.Петровский мен В.Шкловский).

50-жылдардың орта шені әңгіме жанрының нағыз гүлденген кезеңі еді. 1953 жылы «Звезда» журналында әңгіме жанры туралы бірнеше мақала жарияланды (А.Соскина «Возможности жанра» («Жанрдың мүмкіндігі»), Л.Гладковский «Советский рассказ» («Кеңес әңгімесі»)). Мақалаларда А.Тарасенковтың, А.Ниновтың, А.Эльашевичтің және т.б. әңгімелері сөз етіледі. Шығармашылық лабораториялармен С.Антонов, В.Лукашевич, В.Полевой, Ю.Нагибиндер ой бөліседі. Сондай-ақ «Литературная Россия» (1964) және «Литературная газета» (1972, 1989) беттерінде де әңгіме жанры туралы бірқыдыру мақалалар жарияланды. Сыншылар, зерттеушілер, жазушылар әңгіме жанрының дамуындағы жаңа үрдістер мен әңгіменің құрылымы мен кейіпкерлер жүйесіндегі жаңа өзгерістерді ерекше бағалай білді. Кейіпкердің бойындағы характердің берілу сипатымен қатар, характердің берілу қағидалары, қазіргі әңгімедегі лиризм мен оның философиялық астарды да сөз етілді.

60-жылдардағы әңгіме жанры туралы сыни және зерттеу жұмыстардан жанрды зерттеу мәселесіндегі бағыттар мен әдіснаманың біршама өзгергендігі байқалады. Шағын жанрды зерттеудегі теориялық және сыни еңбектерде Э.Шубиннің, А.Ниновтың, А.Огневтің, Т.Заморийдің, В.Чепиогиннің үлестері ерекше. Олар өздеріне дейінгі барлық тәжірибені жинақтап, шағын жанрдың дамуының өзге де үрдістерін анықтайды. Зерттеуші Э.Шубин шағын жанрдың дамуын әдеби үрдістегі орнын анықтай отырып, әңгіме жанрының жанрлық мүмкіндіктерін қарастырады [3]. В.Чепиогин әңгіменің дамуын сыни реализмнің дамуымен сабақтастырады. А.Нинов өз кезегінде әңгіме жанрының дамуының ерекшеліктерін соғыстан кейінгі жылдар мен 60–70-жылдардағы әдеби үрдіспен салыстырады.

60–90-жылдардағы әдеби жанр мәселелерін зерттеудегі бағыттардың өзгеруі әдебиеттанудағы жаңа бір ғылыми әдістерді іздеуге мүмкіндік берді. Осы бағыттағы өзгерістер жанрдың өзгешелігі мен әдебиеттанушылық зерттеулердің әдіснамасының жетілуімен ерекшеленді. Өткен кемшіліктерге бой алдырмас үшін жанрды көркем шығарманың мазмұндық-құрылымдық бөлігі ретінде қарастыру «Әдебиет теориясының» екінші томының бағыттарын анықтады.

В.А.Богдановтың, Г.Н.Поспеловтың, Л.В.Чернецтің, А.Я.Эсалнектің жұмыстарында жанр бірінші кезекте «тұрақты және сонымен бірге көркем шығарманың мазмұнын қайталап отыратын фактор» ретінде қарастыралды. А.Я.Эсалнектің пікірінше, шығарманың жанрлық түрлері құрылымдық негіз емес, керісінше, мазмұндық сипаттағы шартты болып келеді. Жанрлық мазмұн характер берудегі немесе түсіндіруге нақты бір аспекті болып табылады.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдар жанрдың табиғатына деген қалыптасқан пікірлерді өзгертіп, жанрға «формалды белгілердің тұтас бірлігі» деген анықтама беріп, жанрды әрбір ұлттық әдебиет пен әрбір әдеби ағымдағы өзіндік тарихи-нақты өзгеше «типологиялық» құбылыс ретінде қарауға мүмкіндік берді.

Бұдан шығатын қорытынды, қандай да бір пән саласында технологиялық тәсілді қолдану бұл пәнді оқыту әдістемесінің мазмұнына айтарлықтай өзгерістер енгізуді талап етпейді. Технологиялық тәсіл белгілі пән саласында жинақталған әдістемелік білім мен тәжірибені ерекше, прагматикалық мақсатты, жүйелі және бірізді жүзеге асыру формасын бейнелейді. Сондықтан нақты пән саласындағы әдістемелік білім мен тәжірибе неғұрлым жүйеленген және жіктелген болса, педагогикалық технологияны құру үшін негіз соғұрлым жақсы салынған болып есептеледі.

Тілдерді оқыту әдістемесіне жүйелік-құрылымдық тұрғыдан келудің педагогикалық технологиясының нәтижесі үшін маңызды жағдай — оқыту мазмұнындағы жаттығулар жүйесінің кибернетикалық табиғаты мен рөлін анықтау және сараптау. Жаттығулар оқу пәні мазмұнының құрылымдық бірліктері ретінде қарастырылып, білім алушының осы материалмен орындайтын пәндік әрекеттерін реттейді. Осылайша, жаттығулар оқу материалын меңгеруді басқару қызметін атқарады. Олар оқу ма-

териалы бірліктерін жоспарланған әрекетте қолданудың нақты әдісі ретінде қызмет етіп, оны қалыптастыруды кезеңдік бақылаудың негізгі құралы ретінде қолданылады.

Тілдерді оқыту мазмұнындағы жаттығулар жүйесінің рөліне деген мұндай кибернетикалық көзқарас педагогикалық технологияның келесі негізгі идеясын: оқытушы мен студенттің шектеулі тікелей әрекеттестігі жағдайында оқу үдерісін басқарудың кезеңдік идеясын практикалық тұрғыда жүзеге асыру үшін айрықша өнімді болып табылады. Бұл жағдайда оқытудың нәтижелілігі негізінен оқытушының жеке қасиеттері емес, жаттығулар жүйесінің жетістіктеріне, оқытуды ұйымдастыруда білімді меңгеру үдерістерін кезеңдік басқару міндеттері қаншалықты толық және кәсіби тұрғыда шешілгендігіне байланысты болады.

Жалпы, жаттығулар жүйесінің жоғары сапасы, оның әдістемелік, лингвистикалық және психологиялық жақтан ойластырылғандығы, оқытудың нақты практикалық нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталғандығы педагогикалық технологияның өзіндік ерекшеліктері болып есептеледі.

ҚО-ның тұжырымдамалық негізі ретінде біз, бір жағынан, оқытудың кез келген түріне тән, екінші жағынан — оқытудың осы түрінің өзіндік ерекшеліктерін анықтайтын қағидаттар жиынтығын түсінеміз.

Арнаулы әдебиетте ҚО жүйесін құрастырудың мынадай жалпы қағидаттары көрсетіледі:

1. Қашықтан оқыту жүйесіндегі білім беру үдерісін жобалау кезінде **педагогикалық ұстаным басымдылығы қағидаты**.

Бұл қағидаттың мәні ҚО жүйесін жобалауды теориялық тұжырымдамаларды, жүзеге асыру жоспарланған құбылыстардың дидактикалық үлгілерін әзірлеуден бастау керектігінде жатыр.

Компьютерлендірудің жинақталған тәжірибесі педагогикалық жағы басым болған жағдайда жүйе неғұрлым тиімдірек болатындығын, дегенмен техникалық қамтамасыз етудің де маңызы үлкен екендігін атап көрсетуге мүмкіндік береді.

Өте жоғары технологиялық құралдың өзі де оқытудың ұйымдастыру жағдайларын жақсартуға бағытталған техникалық жабдық екенін естен шығармау керек. «Қашықтықтан оқыту» тіркесінде «оқыту» сөзі басымдыққа ие және оқыту үдерісі мен оның нәтижесіне қойылатын талаптар ҚО-ның мақсаттылығы мен тиімділігін анықтайды. Сондықтан, егер ҚО жүйесі оқытудың психологиясы, дидактикасы мен әдістемесінің кез келген озық әрекеттеріне дер кезінде және дұрыс ілесіп отырмаса, компьютерлік бағдарламалар құру мен техникалық қамтамасыз етуге кеткен шығындардың молдығына қарамастан, мамандар дайындаудың сапасы жағынан ұтылады.

Мысалы, оқытуға жеке-дара қарау қағидаты білім алушының тезірек үйрену немесе оқыту бағдарламаларының неғұрлым күрделі нұсқаларына көшу мүмкіндіктерін есепке алады. Білім алушыларды бөлу оқытудың нәтижесіне байланысты жүргізілді. Соңғы жылдары бұл қағидат қазіргі заманғы педагогиканың жеке тұлғаға бағытталған оқытуға бұрылғанына байланысты біраз өзгерістерге ұшырады. Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың басты ерекшелігі білім алушыларды жіктеу бұл нәтижелерді төмендетуге немесе көтеруге әкелетін себептерге байланысты жүргізіледі (білім алушылардың жеке-дара ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерімен байланысты себептер туралы әңгіме болып отыр).

Білім беру мекемелерінде психологиялық қызметтің енгізілуіне байланысты білім алушыларды күшті, әлсіз және орташаға сырттай бөлу мен оларға бекіту мен бақылау кезеңінде күрделілігі әр түрлі тапсырмалар беруден оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін нақты есепке алу және дамудың жеке-дара траекторияларын диагностикалық негізде құруға ауысу басталды. ҚО технологиялары ғана жоо-лар жүргізе алмайтын жеке-дара оқытуға мүмкіндік береді.

Бұл ҚО-ның екінші қағидаты — оқыту мазмұны, түрі мен әдісі қозғалысының икемділігі мен қозғалмалылығы қағидатының жоғары маңыздылығын көрсетеді.

2. **Икемділік пен қозғалмалылық қағидаты** осы жүйе бойынша білім алушыларға дәріс пен семинар сияқты күнделікті сабақтарға қатыспай-ақ, оның орнына өзіне ыңғайлы уақытта қолайлы орында жұмыс жасау мүмкіндігін анықтайды. Бұл өзінің орныққан өмірін өзгерткісі келмейтін немесе өндірістен қол үзіп оқитын білім алушылар үшін өте маңызды. Осы қағидатты жүзеге асырудың оқытушы үшін де (кез келген құрлық, кез келген жағдай және т.б.), білім алушы үшін де (кез келген орын, кез келген уақыт, кез келген жас және т.б.) рөлі зор.

Жоо-ға ҚО бойынша оқуға түсу үшін студентке білімі мен жасы тұрғысынан еш шектеудің жоқтығы икемділіктің тағы бір көрінісі болып табылады. Оқытудың ұзақтығы да шектеусіз. Әркім пәнді игеру мен таңдалған курстар бойынша тиісті сынақ бірліктерін алу үшін қажетті уақыт оқи алады. Бі-

лім алушы қажетті білімді қысқа уақытта алуына немесе студенттің мүмкіндіктеріне байланысты белгілі уақытқа созуына болады.

Білім алушыға бұл қағидат білім алу немесе дағдылар мен машықтарды игеруді жеке-дара траекториясын тандауды, құруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Дәстүрлі түрде оқу үдерісінің сапасы мен тиімділігі оқытушы оқу материалын оқу үдерісінің нақты жағдайларына қаншалықты икемдеуіне байланысты деп саналады. Оған оқу материалының сапасы, білім алушылардың танымдық мүмкіндігі және т.б. жатады.

Икемділік қағидаты материалдарды құрастыру мен ұйымдастыруда, топтарды құруда, түрлі студенттердің білім/нәтижелеріне қойылатын талаптардың деңгейінде көрінеді. Оқытудың икемділігі тұрасында ҚО орталықтарының қызметін ұйымдастырумен байланысты жиі сөз болады. Мұндай икемділікті осы орталықтарда дәстүрлі түрдегі де (кітаптар, кеңестер), жаңа компьютерлік және коммуникациялық технологияларға негізделген қашықтан оқыту түріндегі де түрлі оқу материалдарының көптігі қамтамасыз етеді.

Бұл қағидаттың негізіне, көптеген авторлар көрсетіп жүргеніндей, оқытудың ұтқырлығы қағидаты жатады. Ол білім алушыға өзінің білім бағдарламасын қажетті бағытта түзетуге немесе толықтыруға мүмкіндік беретін ҚО үшін ақпараттық желілер, білім мен дереккөздердің базасы мен банкісін құрудан тұрады. Сонымен қатар білім алудың басқа бағыттарына ауысуға мүмкіндік беруді қамтамасыз ететін ақпараттық инварианттық білімді сақтап қалу талап етіледі.

Икемділік қағидаты ҚО-ны өткізудің барлық кезеңдерінде: курс бағдарламасының құрылымын әзірлеу кезінде, оқытудың түрлі әдістері мен құралдарын үйлестіру арқылы нақты оқу үдерісін қалыптастыру кезінде басшылыққа алынуы тиіс қағидат болып есептеледі. Білім беру мекемелері оқыту технологияларын әзірлеуге кеткен күштері мен қаржыларын үнемдеу мақсатында жоо қолданып отырған компьютерлік бағдарламаларға сәйкес әзірленген ескі технологиялар шеңберінде көбірек қалуға тырысады. Нәтижесінде бағалы жабдықтың білім беру үдерісін жетілдіру ісіндегі пайдалы әрекет коэффициенті өте төмен, ал оның қызметі бұрынғы дәстүрлі ақпаратпен және бақылау құралдарымен қамтамасыз етуді толықтырумен шектеледі.

Оқушыларды әлеуметтік өзгерістерге бейімделіп қана емес, оларды игеруге үйретуге бағытталғандығы бұл қағидатты қазіргі заманғы экономикалық жағдайда неғұрлым өзекті етеді. Онда білім алушылардың білім алу жолындағы одан әрі қозғалыстарының жеке-дара мүмкіндіктері қағидаты немесе жекеге бағытталған ұстаным қағидаты да жатыр.

Бұл қағидатты жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық мәселелері дәстүрлі оқыту саласында да аз қарастырылған, Ал ҚО саласында бұл мәселелер мүлде зерттелмеген. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар бұл қағидатты жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады деп күтілуде. Әңгіме студенттің оқу үдерісіне икемделуі туралы ғана емес, әзірлеушіге немесе оқытушыға оқу курсын құрастыру мен практикалық тұрғыдан іске асыруды жеңілдету туралы да болып отыр. Осы ретте ҚО жүйесіндегі курстарды ұсынудың әдістемелік аспектілерінен гөрі оқыту бағдарламаларын әзірлеу үшін компьютерлік орта құру мәселесі көбірек сөз болып келеді.

Бұл қағидаттар білім беру бағдарлары ретінде XX ғ. 90-жылдары ЮНЕСКО бағдарламаларындағы жұмыс бағдарлары ретінде халықаралық тұрғыдан мойындалды.

3. Жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың **әдістемелік мақсаттылық қағидаты** орындалатын әзірлемелер мен жаңалықтар сәнге еліктеу немесе алынған техникаға оқу үдерісін сәйкестендіруге айналып кетпеу үшін ҚО жүйесін жобалау мен құру кезіндегі әрбір кадамның тиімділігін педагогикалық бағалауды талап етеді. Бірінші орынға техниканы енгізуді емес, оқу курстары мен білім беру қызметін тиісінше мазмұндық тұрғыдан толтықтыруды қою керек.

4. **Қашықтан білім берудің тандалған үлгілері мен түрлеріне оқыту технологиясының бағамалылығы** қағидатына сәйкес оқыту технологиялары ҚО үлгілеріне балама болуы тиіс. Оқытудың ұйымдасқан түрлері ретінде дәрістер, семинар және практикалық сабақтар, имитациялық және іскерлік ойындар, лабораториялық сабақтар, өзіндік жұмыс, өндірістік практика, курстық және дипломдық жұмыстар, білімді игеруді бақылау. ҚО жүйесін ұйымдастыру үрдісінде оқытудың дәстүрлі түрлерінде кездеспейтін үлгілер қолданылуы мүмкін, сондай-ақ қажетті уақытта оған енгізілетін ҚО-ның жаңа үлгілері пайда болуы мүмкін. Мұндай жаңа үлгілердің қатарына нысандық бағытталған немесе жобалық-ақпараттық үлгілер жатады.

5. **Білім алушының білім мазмұнын тандау еркіндігі қағидаты.** Бұл қағидатты жүзеге асыру кезіндегі басты талаптардың бірі мынадай: ҚО жүйесінің оқу курстары мен пәндерінің мазмұны РФ Мемлекеттік білім стандарттарының нормативтік талаптарына сәйкес болуы тиіс.

6. Интегративтік қағидаты. Құрылып және енгізіліп жатқан ақпараттық технологиялар кәсіби білім берудің дәстүрлі жүйесіне жат элемент емес, оған табиғи түрде біріктірілген жағдайда ҚО жүйесі тиісті әлеуметтік және экономикалық әсер береді.

Бүгінгі күні білім беру жүйесі ҚО-ның қалыптасу және даму кезеңін бастан кешуде. Бұл құбылыстың ұғымы мен мазмұны әлі де тұрақталған жоқ, оны жүзеге асырудың әдістемелік нұсқалары әзірленген жоқ, ал оны ұйымдастырудың негізгі әдістемелік қағидаттарын қалыптастыру бұрын әзірленген технологияларды енгізу ісінен қалып келеді. Педагогикалық қызметтің осы саласындағы эмпирикалық таным әлі де қателіктерге толы.

Қазіргі заманғы білім беру үдерісі негізінде студент пен оқытушы арасындағы байланыс жатыр, оның үстіне «адам-адам» саласындағы бұл байланыстың қосымша дидактикалық қызметіне сәйкес маңызы үлкен. ҚО тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, тиімді байланыс өзіндік жеке болуы тиіс, бірақ бетпе-бет болуы міндетті емес. Дегенмен бұл саладағы мамандардың көпшілігі әділдікке, тиімділікке және нақтылыққа қол жеткізу үшін ҚО бойынша оқу материалдарына ҚО-ны қолдаудың ұйымдастырушылық жүйесі ілесе жүру керек деп санайды. Байланыстың электрондық құралдарының пайда болуымен бұл қажеттілік төмендеген жоқ, тек ҚО-ны ұйымдастырудың тәсілдері ғана біршама өзгерді.

7. ҚО бағдарламаларының негізіне алынған қашықтықтан білім беруде оқу материалын блоктық-модульдік ұйымдастыру қағидаты. Модуль дегеніміз — оқу мазмұны мен оны меңгерудің технологиясы біріктірілген мақсатты қызметтік түйін. Модульдерді қалыптастырудың негізі ретінде пәннің жұмыс бағдарламасы алынады. Әрбір жеке модуль белгілі пәндік сала туралы тұтас ұғым береді. Бұл тәуелсіз курс-модульдер жиынтығынан жеке немесе топтық (мысалы, жеке фирманың персоналы үшін) сұраныстарға жауап беретін оқу бағдарламасын құруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларын құру кезінде білім алушының алатын білімге қоятын талаптарын да, оқытудың мазмұны мен үдерісіне қойылатын жалпы талаптарды да қанағаттандыруға мүмкіндік беретін курс-модульдер таңдап алынады.

Оқыту мазмұны меңгеруі мақсатқа сәйкес жүзеге асырылатын аяқталған жеке кешендер (ақпараттық блоктар) түрінде көрінеді. Дидактикалық мақсат білім алушы үшін қалыптасады және тек білім көлемін ғана емес, оны меңгерудің деңгейін де қамтиды. Модульдер оқытуды субъект-субъект негізіне ауыстыруға, жеке оқушылармен жұмысты жақсартуға, жеке көмекті мөлшерлеуге, оқытушы мен оқушы қатынасының түрлерін өзгертуге мүмкіндік береді.

ҚО-ны жүргізу мен әдістемелік қолдауды ұйымдастырудың негізгі қағидаттарына ҚО-ны жан-жақты бағалау талаптарына қойылатын материалдың ҚО-ға «берілуі», білім алушының білім алу үдерісіндегі белсенділігі және т.б. сияқты ережелерді жатқызуға болады.

Бұл аталғандардың барлығы жиналып келіп қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар негізіндегі ҚО үдерісіне біртұтас әдістемелік ұстанымды қамтамасыз етеді.

Танымдық қызметті басқару элементі енетін модуль және оның негізінде жасалған модульдік бағдарлама модульдік оқытудың өзегі болып саналады. Модульдік білім дидактикалық бірліктерді күшейту тұжырымдамасына бағындырылған. Әрбір модуль теориялық және практикалық материал мен қосымша оқу элементтері салынатын негізгі оқу элементтерінен құралады.

Қосымша элементтер ретінде:

- модульдің мақсаттарын сипаттауға арналған элемент (басында орналастырылады);
- түйіндік-жинақтаушы элемент;
- әрбір модульді игерудің нәтижелілігін тексеру үшін түрлі тапсырмалардан тұратын бақылаушы элемент.

Негізгі оқу элементтері өзектілік, теориялық, тапсырмалық, бақылаушы және әдістемелік блоктардан тұрады. Соңғысы студенттің оқу-танымдық қызметін басқару тәсілдерін көрсетеді.

Оқу үдерісін дәстүрлі блоктік-модульдік ұйымдастыру бірнеше кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

- студенттердің дайындық деңгейін анықтау, білімдеріндегі жиналған жетіспеушіліктерді айқындау;
- мазмұны модульдің ақпараттық бөлігін қамтитын таныстыру дәрісі;
- модульмен одан әрі жұмыс жасау жөніндегі нұсқаулық, модуль аясында материалды игеру алгоритмі;
- модуль бойынша өз бетімен жұмыс жасау үшін қажетті барлық материалды студентке ұсыну (әдістемелік қамтамасыз ету);

- студенттің модуль материалымен өз бетімен жұмыс жасауы;
- әрбір оқу элементін балл түріндегі рейтингіге сәйкес осы жұмыстың нәтижесін бағалау (студенттің өзі де жүргізуі мүмкін);
- күрделенген ағымдық бақылау;
- кемшіліктер мен қателіктерді жою үшін көмек көрсету;
- қорытынды бақылау;
- модуль тақырыбы бойынша білімді жинақтау және жүйелеу.

Модуль тапсырмаларын орындау студенттің өз бетінше жұмысын ұйымдастыру және оқытушының кеңесі, сондай-ақ шағын топтар мен жұптармен жұмыс арқылы жүзеге асырылады. Жұмыстың осы барлық кезеңдерінде тығыз кері байланыс ұсталады және өзін-өзі бақылау үшін барлық материал беріледі.

Модуль бір пән аясындағы материалды күрделендіру, модуль шеңберінде бірнеше пән материалдарын біріктіру және студенттің әрекетін қиындату қағидаттарына сүйенеді.

8. Коммуникативтік интербелсенділік қағидаты. Кең мағынада интербелсенділік ретінде кез келген субъектілердің әрекеттестігі және қолжетімді құралдар мен әдістерді қолдану түсініледі. Бұл кезде екі тараптың да диалогке белсенді қатысуы ұғынылады: сұрақ-жауап алмасу, диалог барысын басқару, қыбалданған шешімдердің орындалуын бақылау және т.б. Миллиондаған адамның бір-бірімен қарым-қатынасы үшін арналған телекоммуникациялық орта табиғатынан интербелсенді орта болып саналады. ҚО кезінде, ең алдымен, оқытушылар мен студенттер әрекеттеседі, ал бұл әрекеттестік электрондық пошта, телеконференциялар, шынайы уақыт тәртібіндегі диалог және т.б. сияқты түрлі телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Электрондық оқулықтар, желі бойынша ақпарат іздеу жүйесі және т.б. сияқты ҚО құралдары ретінде қолданылатын желілік ақпараттық қорлар да интербелсенділіктің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Интербелсенділік оқыту үдерісінің тұғырнамалық сипаттамаларының бірі өзара әсерді бейнелейді. Ол коммуникациялық технологиялардың өзінің бағасы ретінде де, оқыту бағдарламаларының сапасы мен тиімділігінің өлшемдері ретінде де қарастырылады. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар (гипертехнологиялар, қолдан жасалған интеллект, мультимедиа, тақырыптық жүйелер және т.б.) негізінде оқытудың жаңа әдістерін дамыту интербелсенділік қағидатының жаңа формада жүзеге асырылуын көрсетеді.

9. Жеделдік қағидаты. Оқытудың жеделдігі және белсенділігінің стратегиялық бағыты ретінде А.А.Вербицкий «берілетін ақпараттың көлемін көбейту, оны сығымдау немесе оқылу үдерістерін жылдамдату емес, білімді игерудің дидактикалық және психологиялық жағдайларын жасауды, оған оқушының тек интеллектуалды деңгейде ғана емес, тұлғалық және әлеуметтік белсенділік тұрғыдан енуін» айтады, «бұл қосымша міндеттерді де шешуге мүмкіндік береді».

Әдебиеттер тізімі

- 1 Богомолов А.Н. Дистанционное обучение по русскому языку. — М.: Москва, 2008. — С. 7.
- 2 Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. — Алматы: Атамұра, 2000. — 35-б.
- 3 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. — Алматы: Атамұра, 2001. — 10-б.
- 4 Султангалиева М.Д. Инновационные технологии в организации высшего профессионального образования: Сб. ст. — Костанай: Санат, 2003. — 137-б.
- 5 Қайырбекова А. Жаңа модульдік технология бойынша тіл үйрету мәселелері // Ұлағат. — 2002. — № 3. — 19-б.
- 6 Маслыко Е.А. Настольная книга преподавателя иностранного языка. — Минск: Высш. шк., 1999. — С. 8.

Основные принципы дистанционного обучения

Автор всесторонне раскрывает основные принципы применения дистанционного обучения. Рассматриваются вопросы обучения казахскому языку с помощью различных видов работ, эффективность новых методов с целью повышения интереса обучающихся. В статье показано как программные и технические средства, используемые на уроке, способствуют совершенствованию традиционных методов обучения. Автор отмечает, что внедрение инновационных технологий в учебный процесс создает благоприятные условия для совершенствования преподавания языка.

In this article the author gives the answer to the question of teaching of Kazach language as the specialty. Using different methods and types of works. Also shows the effeteness of using the active words, texts to increasing the interests of students. Distance education is prior to the proposed substantial change in the model of the educational process. The traditional model of learning is characterized in that: in the heart of the educational process is teacher; in the learning process communicates a limited number of participants, among students is an unspoken competition, most students have the opportunity to play a passive role in the classroom, but the predominant form of learning — the transfer of knowledge in the course of explaining by teacher. In DE in the center of the learning process is learner; essence of education — independent work, developing the capacity for self-learning, based on training activities is cooperation, and the role of students in learning is active. In the DE dominating task is organization of independent cognitive activity of the student, his weapons skills of independent work for acquiring new knowledge and its practical application.

ӘОЖ 81'373.611.512.122=512.122

А.Ә.Ботабек

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Қазақ тілі сабағында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану тәсілдері

Мақалада қазақ тілін оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, сабақты түрлендіріп өткізу туралы айтылған. Ақпараттық технология сабақты түрлендірудің, ерекшелендірудің, дараландырудың тәсілі ғана емес, сонымен қатар сабақты жаңаша ұйымдастырудың мүмкіндігі болып отырғандығы қаралған. Ақпараттық-компьютерлік технология — оқу орындарында білім жетілдіруші құрал, сондықтан педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу өзекті мәселе болып табылады.

Кілтті сөздер: қазақ тілі, мемлекеттік тіл, тіл саясаты, тіл үйренушілер, патриотизм, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар, сабақтың түрлері, сабақты түрлендіріп өткізу, сабақты жаңаша ұйымдастыру, педагогикалық іс-әрекет, иллюстративті материал, мәтін, мәнмәтін, компьютерлік техника, компьютерлік желілер, ақпараттық мәдениет.

Ақпараттық технология (информационная технология; information technology) — 1) объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс; 2) ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы. Ақпараттық технология (немесе көпшілікке IT атымен танымал ұғым) — қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны [1].

А.Горячевтің тұжырымдауынша, «ақпараттық технология» — мәтіндік редактор, электрондық кесте, мәліметтер базасы, графиктік редактор, мультимедиа және коммуникациялық технологиямен сипатталады. Р.Әбдірәсілова болса, «ақпараттық технологияны оқыту құралдары жүйесінің элементі» деп қарастырады [2].

Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай қазақ тілін оқытудың жаңа жолдарын іздеу мәселелері де әр кезеңде өз дәрежесіне сай сұраныста болды. Қазіргі ХХІ ғасырда мемлекеттік тілді үйрету мәселесі жаңа бір белеске көтерілді. Қазақстанның өркениетті елдер қатарынан орын алуы елдегі білімнің, ғылымның даму деңгейіне тікелей қатысты. Бүгінгі күні білім беру жүйесінде жасалып жатқан жұмыстың бәрі осы саланы дамыту мақсатында жүзеге асырылуда.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІІ сессиясында сөйлеген сөзінде: «Мемлекеттік тіл — елдің барша азаматтарын біріктіретін, ту, елтаңба, әнұран секілді, нышан. Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңызды мәселе — мемлекеттік тіл мәселесі. Ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс. Қоғамға біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек түсіндіру керек. Ол кез келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі...», — деп нақты ашып айтты. Әрине, ұлттың ұлы байлығы, басты тұғыры — тіл екені ақиқат.

Бүгін біздің алдымызда тұрған мақсат — өзге тілді аудиторияны қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған студенттердің Отанының қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғынып, ол үшін басын бәйгеге тігер тәуекелге баруы болып саналады. Сол сияқты, барлық отандастардың отанымен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы — өзі өсіп-өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі патриотизмнің қайнар көзі.

Тіл үйренушілердің жаңа ақпараттық және білімдік ортада табысты іс-әрекет етуі олардың бойында ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі мен ақпараттық мәдениеттілігінің үстем болуына байланысты болып келеді. Ақпараттық мәдениеттің деңгейі тұлғаның ақпараттық кеңістікте өз адамгершілігін анықтау және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі дамытумен байланысты әлеуметтік маңызды өмір сүру тәсілін көрсетеді. Ақпараттың адам өміріне қаншалықты әсер етуіне қарай соншалықты оның жеке тұлғалық ерекшелігі, ақпараттық мәдениеті айқындалады. Қоғамды ақпараттандыруды дамытудың негізгі факторларының бірі — білім беруді ақпараттандыру. Олай болса, қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзыреттілігі дамыған тұлға болуы қажет. Білім беруді ақпараттандыру — оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыратындай жағдайда білім беру саласының теориясы мен практикасында ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану үдерісі.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде жоғары білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі заманауи педагогикалық технологияларды ұтымды қолдана білуге тікелей қатысты. Сол себепті ақпараттық-компьютерлік технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу, іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы оқу орындары мамандарының кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді. Осы орайда, оқу орындарының педагогикалық үдерісінде ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдана оқыту үдерісінде пайдалану өзекті мәселе болып табылады. Бүгінгі ақпараттық қоғамның материалдық технологиялық қоры компьютерлік техникалар мен компьютерлік желілер, ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялық байланыстарға негізделген жүйелер болып табылатындығы айқын болып отыр.

Қазіргі жаппай ақпараттандыру заманында қазақ тілін үйрету мен ақпараттық технологияларды игеру жарыспалы түрде қолданылады. Ақпараттық қоғам кезінде оқытушы тіл үйренушілердің алдында жалғыз ақпарат көзі болмайды. Ол ақпарат алуды жеңілдететін аралық тұлға айналады. Адамзат өркениетінің іргелі сипаты қажетті ақпаратты іріктеп алу, жинақтау, өмірге бейімдеп өңдеу және тұтыну болып табылады. Ақпараттық қоғамда алғашқы компьютерлік сауаттылық пен оны пайдалана білуді меңгермейінше, белгіленген міндеттерді шешу үшін компьютерлік құралдарды пайдалана білмейінше қазіргі ғылым мен мәдениетте, өндірісте, іскерлік пен қоғамның басқа да саласында адамның шығармашылық әлеуетін толық пайдалану мүмкін емес. Сондықтан қазақ тілін үйретуде қатысымдық құзыреттіліктің жоғары белсенді түрін дамыту ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолданғанда жүзеге асады. Ақпараттық технологияларды қолдану интерактивтік және бейімделу сияқты құнды қасиеттері бар білім алу ортасын тудырады. Тілдік білім алуды ақпараттандыру тіл үйренушілерге дүниежүзілік мәдениет байлықтарымен, ақпараттық ресурстармен қатынас жасауға мүмкіндік береді және шынайы мәдени коммуникация үшін жағдай жасайды. Жаңа ақпараттық және білім алу ортасында тіл үйренушілердің табысты қызмет етуі олардың ақпараттық-технологиялық құзыретінің қалыптасу деңгейімен сипатталады, оның құрамында мәдени ақпарат жетекші орын алады.

Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қайсысы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды. Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғышарттарын ғалымдар төмендегідей саралайды:

1. Компьютер шексіз ақпарат әлеміне енуге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды.

2. Компьютер адамның зерттеу-танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшеленеді.

3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі — оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімгер ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл — мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.

4. Құрал білімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.

5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды. Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық технологияны пайдалану сабақтың тиімділігін арттырып, білім берудің табысты болуына оң ықпалын тигізбек. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны барлық деңгейлерде жүйелі пайдалану арқылы сабақтарда алынған ақпаратқа талдау жасай білуге, ақпаратты дұрыс таңдауға және өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады. Ақпараттық-коммуникативтік технология негізінде оқытудың жаңа моделін құруға жол ашылып отыр. Ақпараттық технология — сабақты түрлендірудің, ерекшелендірудің, дараландырудың тәсілі ғана емес, сонымен қатар сабақты жаңаша ұйымдастырудың мүмкіндігі. Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда — студент өзін белсенді және еркін, оқытушымен тең дәрежеде ұстай алады.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, студенттің өздік жұмысының көлемін көбейтуге болады. Педагогикалық технология жалпы компьютерлендіру үрдісінен тысқары қалған жоқ. Сондықтан сабақта ақпараттық және коммуникативтік технологияны кеңінен пайдалану үйреншікті, қалыпты жағдай ретінде қарастырылғаны дұрыс. Бүгінгі күні кез келген оқытушы қазақ тілі пәні болсын, басқа пәндер болсын ақпараттық және коммуникативтік технологияны пайдалану арқылы әр түрлі сабақтарға әзірлемелер дайындап және оны жоғары деңгейде өткізе білсе, сабақтың тартымды әрі қызықты болатыны анық. Мұндай сабақтар студенттерді ақпараттар әлеміне тарту арқылы, сол әлемді өз көзімен көруге, көргенін курстастарына жеткізу барысында тіл дамыту мүмкіндігіне ие болады. Сабақты Интернет желісіне қосылған компьютер арқылы басқару — ауызекі сөйлеуге үйренудің тиімділігін арттырып, студенттің ойлау қызметін белсендіреді.

Компьютерді қазақ тілі сабағында пайдаланудың негізгі мақсатының бірі — теледидар материалдарын сабақта тиімді пайдалануды ұйымдастыру арқылы, дәстүрлі оқытушы — дәрісхана — студент жүйесінің орнына студент — компьютер — компьютерлік оқыту бағдарламалары — оқытушы жүйесін енгізу оқыту үрдісін, оқытушы мен студент рөлінің сипатын түбегейлі өзгертеді. Компьютердің иллюстративтік және диалогтік мүмкіндіктері оқу үрдісінің уәждеме саласы мен әрекеттік құрылымына үлкен әсерін тигізеді. Тіл үйренуге қабілеті төмен студенттердің өзі де компьютерден берілген тапсырмалар арқылы сөйлеуге, ойын дұрыс жеткізуге тырысады.

Қазақ тілін үйретуде Интернеттің мүмкіндігіне тоқтайтын болсақ, сөйлеу әрекетінің төрт түрі (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) де пайдалануға болатыны белгілі. Яғни, ақпараттық технология — оқу орындарында білім жетілдіруші құрал. Мысалы: бастауыш топтарда — Интернеттен алынған суреттерді иллюстративті материал ретінде пайдаланып, әр түрлі жаттығулар құрастыру арқылы студенттердің сөйлеу дағдысын қалыптастыруға; шағын ертегілер мен әңгімелерді тыңдату және оқыту арқылы тіл дамытуға, сонымен қатар материалды таңдау мүмкіндігін студенттердің өзіне беруге болады. Студент материалды іздеу барысында әр түрлі мәтіндерді оқып, оны түсінуге тырысады. Толассыз ақпараттар ағымын бүкіләлемдік Интернет жүйесі, спутниктік арналар, теледидар, ұялы байланыс арқылы көріп, естіп қабылдауға машықтанған ХХІ ғасырдың өкіліне нағыз керегі — сандық бейне, анимация, компьютерлік оқыту ойындары, дыбысты жаңғырту т.б. компьютерлік технологиялар. Осылардың бәрін қолдануға мүмкіндік беретін қазіргі мультимедиялық бағдарламалар тіл үйретуді жеделдетуге, оқу уәждемесін көтеруге, сөйлесім әрекетін дамытуға зор әсерін тигізеді.

Сөйлесім әрекетінің кез келген түрінің негізіне көру-есту моторының арасындағы байланыс жататыны белгілі. Сондықтан тақырыптық жүйеде аудио-, бейнеәсерлермен ұсынылған тілдік материал адамның көру, есту сезімдеріне ерекше әсер ете отырып, есте сақтау мүмкіндігін арттырады. Қосылып әндер айту, диктордың айтқанын қайталау арқылы дұрыс айтуға дағдыландыру, мағынасын аша түсетін бейнематериалдар, грамматикалық анықтағыштар, сөздіктер т.б. арқылы тың тақырыпты жан-жақты ұсыну, бос орындарға жауаптар жазу, диктант, мазмұндама жазу, сәйкестік, балама, ашық, жабық, реттік тест түрлерін орындату т.б. тәсілдер компьютерлік технологиялардың арқасында өте жылдам және ыңғайлы жүйеде жүзеге асуда.

Жалғастырушы топтарда — жаңалықтарды көріп, тыңдату, тыңдаған жаңалықтары бойынша пікір алмасу және «Қазақ» радиосынан: «Бала тілі — бал», «Атадан қалған асыл сөз», «Инжу-маржан», «Кешкі ертегі» айдарларымен берілген материалдарды тіл дамыту жұмыстарына пайдалануға болады. Осы материалдар көмегімен төмендегідей жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болады.

Мысалы: 1. «Ассоциация және болжам». Студенттер топпен, жұппен немесе жеке тапсырма алады. Мәтіннің тақырыбын естігеннен кейін қандай ассоциация пайда болды? Мәтін не туралы болады деп ойлайсыз?

2. «Сұрақ-жауап». Мәтінді тыңдатып, бір-біріне сұрақ қояды. Өздерінің жауаптарынан мәтін құрады. Құрастырған мәтіндері мен аудиомәтінді қайта тыңдап, салыстырады.

3. «Мәтінді тыңдап, аяқта». Келесі мәтіннің басын тыңдап, аяғын өзі құрастырып, аяқтайды.

4. «Мен дикторым». Аудиомәтінді бірнеше рет тыңдап, диктор рөліне еніп (мүмкіндігінше жаттап алады), сөйлейді.

5. «Мен музыкамен көркемдеушімін». Мәтінді тыңдап, мәтін мазмұнына сай әуен таңдайды. Бұл әуенді неге таңдағанын түсіндіреді.

6. «Мен көркемдік жетекшімін». Мәтіннің мазмұны мен әуеніне сай әр түрлі слайдтар дайындайды және бұл слайдтарды неге таңдағанын түсіндіреді. Интернет арқылы жалғастырушы топтармен жүргізілетін жұмыстардың тиімді түрі ретінде соңғы кезде студенттердің өз беттерінше дайындап жүрген — комикс жасау жұмыстарына толығырақ тоқтала кетейік. Комикс дегеніміз — әр түрлі сюжетті суреттер арқылы белгілі оқиғаға студенттердің өздері құрастырған әңгімелері. Әңгіменің ортақ тақырыбын студенттермен ақылдаса отырып, бірлесіп таңдауға да немесе студенттердің өз бетімен таңдауына да болады. Комикс жасау жолдары:

- 1) Интернеттегі «Paint» бағдарламасымен салған суреттерінің көмегімен дайындайды;
- 2) дайын анимацияларды пайдаланады;
- 3) мультфильмдерді пайдаланады;
- 4) суреттерге түсіріп, түсірілген суреттерді пайдаланады.

Комикс жасау арқылы студенттердің шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттері қалыптасады; ассоциативтік өрісі кеңейеді; қазақша сөйлеу және жазу (сюжеттегі рөлдердің сөздерін жазу арқылы) қабілеттері дамиды, студенттің қазақ тіліне деген қызығушылығы және белсенділігі артады [3].

Тағы бір маңызды құрал — ол интерактивті тақта. Интерактивті тақта компьютер мен проекторға қосылған үлкен интерактивті кешен болып табылады. Тақтаның мүмкіндігі өте зор. Біріншіден, тіл үйренушінің қазақ тіліне деген қызығушылығын молайтуға үлкен әсер етеді. Ресурстар кітапханасы арқылы суретпен жұмыс жасап, оқушының сөздік қорын молайтуға ықпал етеді. Мысалы, белгілі бір сөздің фонемалық символының айтылуын тексереді, аудармасыз сурет арқылы лексикалық қорды байыту жұмысын іске асыруға болады. Тест жұмыстарын нәтижелі өткізуге көмегі мол және тағы сол сияқты толып жатқан оң мақсаттарға қол жеткізуге болады. Сабақта интерактивті тақтаны қолданудың артықшылықтары:

- сабақтағы уақыттың үнемделуі;
- сабақ материалының мейлінше тығыз ұсынылуы;
- аз уақытта көп ақпарат көзіне қол жеткізе білу;
- суретпен жұмыс жасау арқылы сөздік қорды молайту.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде өте маңызды бағыт — мультимедиялық презентациялар. Мультимедиа алуан түрлі ақпараттық объектілердің бірлігінен, мысалы, мәтін, графика, бейне (video) анимация және дыбыстан тұрады. Қазақ тілінде презентациялар дайындағанда оқушылар жоспарлау, жобалар жасау үрдісінде жаңа білім мен білікке ие болады. Осы жұмыстың нәтижесінде:

- тәжірибе алмасу;
- ақпарат алмасу;

- мәселелер шешу әдістерімен алмасу;
- жеке және бірлескен жобалар нәтижелерімен алмасу және тағы сол сияқты сан алуан амал-тәсілдерді жүзеге асыруға мүмкіндік бере алады.

Сонымен қатар әр түрлі жағдаймен сабаққа қатыса алмаған студентпен Интернет, мектеп сайты арқылы қарым-қатынас жасау да жаңа инновациялық технологиялардың бірі деп есептеуге болады. Әр түрлі қатысым құралдарын пайдалана отырып, оқушылар мен ұстаздар электронды пошта арқылы араласа алады. Университет сайтына студентке кластерлер арқылы өткен тақырыпты беруге мүмкіндік тудырады.

Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Сапалы электрондық оқулық қашықтықтан оқытуға, тіл үйренушінің өздігінен оқып үйренуіне мүмкіндік береді.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі — бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет.

Елбасы өзінің қазақстандықтарға арнаған Жолдауында оқу-тәрбие үрдісін ақпараттық технологиялармен барынша қамтамасыз ету міндетін білім беру жүйесінің басты мақсатының бірі және оның болашағы үшін маңызды фактор екенін атап көрсеткен болатын. Оқытудың жаңа инновациялық әдістері мен пәнге байланысты жаңа технологияларды пайдалануға итермелейді. «Инновация» деген ұғым латын тілінде жаңарту, жаңалық, өзгеріс енгізу деген түсінікті білдіреді. Қазіргі таңда оқушы — ақпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік қабілеттерін дамыту үшін мұғалімдер жан-жақты қаруланған болуымыз керек. «Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек» деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек.

Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы жағдайында еңбек сапасына қойылатын талаптың күшеюіне байланысты еліміздегі білім беру саласының жетілдірілуі жөніндегі бірқатар еңбектерді атап өтуге болады. Атап айтқанда, білім беру жүйесін ақпараттандыру мен қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың теориясы мен әдістемесі саласында бірқатар еңбектер жарық көрді. Қазақ тілін өзге тілді оқушыларға оқытуға арналған Ш.Бектұров пен А.Бектұрованың «Қазақ тілі» оқулығы, Л.Екшембаеваның «Қазақша сөйлегіңіз келе ме?» және т.б. әдістемелік кешендер, орыс әдістемешісі, ғалым Е.Пассовтың коммуникативті оқыту технологиясы, Г.А.Китайгородскаяның белсенділікті арттыра оқытуы, Ж.Сариеваның «Қазақ тілінің оқыту әдістемесі», М.М.Жампейісованың «Модульдік технологиясы», И.Кубаеваның «Қазақ тілін орыс мектептерінде еуростандарт негізінде оқыту» және көптеген басқа да әдістемелер қолданылып жүр. Жоғарыда аталған барлық әдістемелермен қатар, тіл үйренушілердің өзіндік қызығушылықтарына жауап беретін ақпараттық технологияларды қолдану жаңа ағынды білім беру талаптарына сай келері анық. Мұндай жаңарулар қазақ тілі сабақтарында өз үрдісін табуда [4].

Заман ағымына қарай сабаққа компьютердің мүмкіндіктерін пайдалану өз нәтижелерін беруде, ол оқушының танымдық белсенділігін ғана арттырып қоймай, логикалық ойлау жүйесін де қалыптастырады, шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасайды.

Қазіргі еліміздің білім беру саласына талап етіліп отырған негізгі міндеттер ретінде: ол ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатынын және әлемдік білім кеңістігіне толығымен ену білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруде білім беру үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу, электрондық оқулықтар мен мультимедиялық бағдарламаларды тиімді және кеңінен қолдану, елдегі ақпараттық инфрақұрылымды әлемдік білім берумен ықпалдастыру, білім беру ұйымдарының байланыстарын нығайту, т.б. негізгі бағыттарды көрсеткен болатын.

Әрбір елдің технологиялық даму дәрежесіне оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сонымен қатар әлдебір елде қазіргі технологияның дамуы мен қолданылуының деңгейі оның материалдық базасының дамуымен ғана емес, негізінен қоғамды парасаттандыру деңгейімен, оның жаңа білімді туындату, игеру және қолдана білу қабілетімен де анықталады. Мұның барлығы елде білім беру ісін дамыту деңгейімен және білімді ақпараттандыру мәселелерімен байланысты.

Экономикалық тұрғыдан озық елдердің дамуына жасалған талдау — білім беру жүйесін ақпараттандыру кейін олардың экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің жедел дамуының басты шарттарының бірі болғанын көрсетеді.

Еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы компьютерлік технологияны жаппай пайдаланумен сипатталады.

Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мұғалімдердің бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр. Тіл үйренушілер неғұрлым көп білгісі келеді, ендеше біздің міндетіміз — оқытудың тиімді жолдарын іздестіре отырып, сапалы сабақ беру. Оқытушының міндеті — түрлі әдістемелік амалдар, технологиялар арқылы оқушының тек дайын білімді ғана емес, өз бетінше ізденуші, жеке тұлға ретінде қалыптастыра білу.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Құсайынов А.К.* Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі // Информатика және компьютерлік техника. — Алматы: Мектеп, 2002. — 456-б.
- 2 *Иманбаева А.* Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі // Қазақстан мектебі. — 2000. — № 2. — 23-б.
- 3 *Абдиева Ш.Д.* Қазақ тілі сабағында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану әдістері // mtdi.kz/kz/makalalar/oku-adistemelik.
- 4 *Түндебаева Н.* Орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін коммуникативтік оқыту технологиясы // Қазақ тілі және әдебиеті орыс мектебінде. — 2007. — № 10. — 3–7-б.

А.А.Ботабек

Использование информационно-коммуникативных технологий в обучении казахскому языку

В статье рассматривается метод проведения занятия в форме преобразования, с использованием информационно-коммуникативных технологий в обучении казахскому языку. Также говорится о том, что информационная технология является не только способом преобразования, обособления, выделения занятия, но и возможностью организации проведения занятия по-новому. Эффективное использование информационно-компьютерных технологий — необходимое условие решения проблемы усовершенствования знаний.

In the article there is considered a method of conducting a class in the form of transformation using information-communicative technologies in teaching the Kazakh language. There is also mentioned that the information technology is not only a method of transformation, isolation, separation of a class, but also a possibility to organize the class conducting in a new way. Informative-computer technology is an actual problem in using pedagogical actions in improving knowledge.

Б.М.Айтбаева, Т.Мұхтарова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Жоғары оқу орындарында қазақ тілінің орыс топтарында берілуі

Мемлекеттік саясаттың маңызды басымдылығының бірі мемлекеттік тілді оқытушылардың әдістемелік құзыреттілігін арттыру болып табылады. Сондықтан қазақ тілін оқытудың тиімділігін жоғарылату мақсатында практик-оқытушылардың әдістемелеріне айрықша назар аударылуда. Мақала авторлары жаңаша технологияларды қолдана отырып, сөйлеу тілін дамытудың әр түріне арналған өз әдістемелерін ұсынды. Мемлекеттік тілді оқытуда заманауи технологияларды қолданудағы мақсат — оқыту үдерісін жандандыру және оның нәтижелілігін арттыру. Ұсынылған әдістемеде сөйлеу және өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға, тіл үйренушілердің танымдық қызметін дамыту, оқыту сапасын жақсартуға ерекше назар аударылған.

Кілтті сөздер: мемлекеттік тіл, мемлекеттік тілді оқыту мен үйрету әдістемелері, тілдік материалдар, тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәні, лингвистикалық дүниетаным, сөйлесім компоненттері, оқылым, таңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім, практикалық дағды, оқыту технологиясы, тілдік қатынас, диалог, монолог, диспут, дидактика.

Қазақстан Республикасының Президенті Жолдауында мемлекеттік тілді еліміздің қоғамдық өмірінде қызмет ету аясын кеңейту, тілді оқу орындарында оқыту мен үйрету әдістемелерінің сапасын жақсарту мәселесіне назар аударды.

Үйретілетін тілдік материалдарға, жалпы оқу бағдарламасына өзгерістер еніп, бұрынғыға қарағанда күрделеніп, тілді үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріліп жатқаны да белгілі.

Қазақ тілінің тәуелсіздікпен қоса жеткен биігі — қоғамдық қызметінің өсуі. Қазақ тілінің қатынас құрал ретіндегі қызметі кеңіді, оны осындай құрал ретінде білуге, үйренуге ұмтылушылардың саны көбейді.

Қазақ тілін оқытудың міндеттері екі бағыт бойынша белгіленеді.

«Танымдық бағыт бойынша: оқушының тіл туралы лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру; тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру; тілдің жеке адам өміріндегі мәнін түсіндіру; сөз мәдениетінің сатыларын таныту; шешен сөйлеу түрлері мен талаптарын таныту» [1].

Практикалық-прагматикалық бағыт бойынша: сөйлесім компоненттері бойынша (оқылым, таңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім) бойынша қатысымдық дағдыларын жетілдіру; әдеби тіл нормаларын меңгерту; тілдік жағдаятқа сай қарым-қатынас жасауға дағдыландыру; тілдік талғамдарын дамыту; шешендік сөз бен пікірталас түрлеріне тән сөйлеу мәдениеті талаптарына сай тілдік құзыреттерін қалыптастыру.

Қазақ тілі де басқа тілдер сияқты танымдық іс-әрекеттердің құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі болып саналады. «Қазақ тілі» пәні арқылы тілдің үш түрлі қызметін:

1) теориялық мәселелердің практикалық дағдының базасы болатынын пайымдауға үйрететін білімдік қызметін;

2) адамзат жинаған тарихи-мәдени, рухани мұраларды тіл арқылы меңгеруге болатынын және өз ойын жеткізудің, өзін-өзі тану мен өзгені танудың бірден-бір құралы тіл екендігіне көз жеткізетін танымдық қызметін;

3) алған білімді практикалық тұрғыда қалай қолдану іскерліктерін жетілдіруге бағыттайтын коммуникативтік қызметін таныту міндеті тұр.

Қазір әдістеме ғылымында оқытудың жаңа технологиясы деген ұғым кеңінен қолданылуда. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланыста. Екеуінің де мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдары. Қазір оқу үрдісінде дәстүрлі әдістермен қатар жаңаша жаңғыртып оқыту әдісі жиі қолданылып жүр, яғни, тіл үйренушінің белсенділігін арттыру, оқыту сапасын көтеру.

Ғалым Қ.Қ.Қадашева былай дейді: «Тілді жаңаша жаңғыртып оқытуда оқытушы-түсіндіруші, ал үйренуші-тыңдаушы немесе оқытушы-үйренуші деген ұғымды мүлдем жояды. Оқытудың бұл түрінде тіл үйренуші оқыту объектісінен білімді меңгеруші, өзі тілді үйренуді іске асыратын субъект қызметіне көшеді» [2].

Яғни, оқытушы бақылаушы бағыт беруші ролінде болады. Тілді жаңаша жаңғыртып оқытуда талап та, қарым-қатынас та өзгереді. Кез келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің қарқындығы мен бел-

сенділігін арттырғандығымен де, кейбір технологияда бұл құралдар басты идеяны және нәтиже тиімділігінің негізін құрап, жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталған, олар: проблемалық оқыту технологиясы, коммуникативтік технология, дамыта оқыту технологиясы, пікірсайыс, ойын әдістері т.б.

Сонымен қатар қазақ тілін үйретуде оқыту әдістемесінің сапасын арттыру үшін жоғары белсенділікті дамыту әдістемесін де қолдануға болады.

«Ғалым Т.Левандовский интеракцияның қарым-қатынас жасау үрдісін синоним ретінде сипаттайды. Бұл әдіс әсіресе сұхбат құруда тыңдаушылардың белсенділігін арттырады. Топ болып, жұп болып жұмыс істеуге үйретеді» [3].

Интерактивтік әдіспен сабақ өткізгенде оқытушы кеңесші рөлін атқарады. Тіл үйренуші ізденуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренеді, тілге деген қызығушылығы артады, яғни өз қажеттілігі үшін үйренуде ынтасы оянады. Оқытушы өзге тілді үйренуде маңызды болып табылатын тыңдаушы мен тыңдаушының арасындағы интеракцияны қалыптастыруға жағдай жасайды.

Оқытушы жұмысты ұйымдастыра білуі қажет: мақсат қою, жұмысты жоспарлау, тапсырманы бөлу, тыңдаушылардың әрекетін бақылау және бағалау, оқытушы тыңдаушының кеңесшісі болады. Жұмысты ұйымдастырып, топқа бөліп, әр топқа тақырып беріп, оларды талқылау көзделеді. Келесі әр студентке жеке-жеке тапсырма беру, одан кейін жұптық тапсырмаға әр түрлі жағдаяттық тапсырмалар немесе сұхбат т.б. беруге болады. Соңында бүкіл топ өз жұмыстарының нәтижесін талқылайды, бір-бірін бағалайды.

Тілді жаңаша жаңғыртып оқытуда тіл үйренуші өз еркімен, сапалы түрде, өзіндік әрекетімен, зорлықсыз тілді өзі үйренеді. Интерактив әдісте рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, яғни жоғары белсенділікті дамыту әдістемелері, қолданылады. Мемлекеттік тілді орыс тілді дәрісханада үйретуде тілді жаңаша жаңғыртып оқыту, интерактив әдістерін оқу үрдісінде қолданып жүрміз. Белгілі ғалым М.Оразбаева былай деп көрсетеді: «... тілдік қатынасты игеру тек тілдік ортаға қатысты тақырыптарды соған сәйкес лексикалық минимуммен сөйлеу үлгілерін сөйлем әрекеттерін үйретумен іске асады. Тілдік қатынас ешуақытта грамматиканы жеке үйретумен жүзеге аспайды. Адамға қажет тақырып, сөйлем, тұрақты тіркес, мәтін арқылы ұсынылып, грамматика сол тілдік қатынастың қажетіне қарай сұрыпталғанда ғана нәтиже береді» [4].

Жаңа әдістерді пайдалануы — бүгінгі күннің талабы. Жаңаша жаңғыртып оқыту, интерактив әдістері тіл үйренушінің танымдық білімдік белсенділігін тудыруға уәдесін тудыруға бағытталған. Қазақ тілін үйренуде бұл әдістер арқылы елеулі нәтижелерге жетуге болады. Бірақ бұның бәрі оқытушылық шеберлігіне байланысты, оқытушы үнемі ізденісте болуы қажет.

Орыс топтарында қазақ тілі сабағының білімдік дәрежесі бүтіндей басқа. Өйткені орыс топтарындағы қазақ тілін оқытудың әдісі де, оған қойылатын талаптары да өзгеше. Мақсаты оқушыларды қазақша сөйлей білуге үйрету болады да, сол сөздерден сөйлем құрау үшін грамматикалық ережелер, анықтамалар сөз үйретудің техникасы ретінде қарастырылады. Қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр пән мұғалімдерінің өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Оқу-тәрбие негізі — сабақ. Сондықтан сабақ тартымды, әсерлі, мақсатты, айқын, қызықты және толық мәнді болуы тиіс. Ол — сонымен бірге басқа ұлт балаларына қазақтың әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын, өнерін насихаттайтын пән. Оқытушы сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп алмайынша дегеніне жете алмайды. Сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін мұқият ойластыруы қажет.

Іскерлік дегеніміз — өмірдің қай саласында болмасын істі байыбына жетіп түсіну зеректігі, мәселені тереңнен қозғай білу көрегенділігі, көпшілік алдына шығып сөйлеу таланты, адамдарды түсіністік қарым-қатынаста іске жұмылдыру қабілеті, осының бәрі тіл өнері арқылы жүзеге асады.

Қазақ тілін оқытуда жүйелілік ұстанымның сақталуына көп мән беру қажет.

Оқушылардың тіл туралы біртұтас білім алуына қажетті мүмкіндіктер өз деңгейінде қызмет атқаруы тиіс. Мәселен, лексика сөздің ішкі мазмұны жағын қарастырса, сол сөздің материалы, яғни, сыртқы жамылғысы болып саналатын тіл дыбыстары туралы мағына беретін фонетика саласы екінші кезекте берілсе.

Қазақ тілін сапалы меңгерту үшін бірінші кезекте оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру мақсат етілген. Сөз — тілдің мәйегі, өйткені тілдің өзіндік ерекшелігін де, өзге тілдерден айырмашылығын да, өзара ортақ белгілерін де ажыратуға негіз болатын бірлік. Одан кейінгі білім жүйесінде сол сөздердің түрленуінің өзіндік заңдылықтары жаңа сөздердің жасалуының түрлі тәсілдері мен жолдары туралы жан-жақты ұғым қалыптастыратын сөзжасам оқытылса. Келесі кезекте сөздің құрамын және ішкі мағынасына, түрлену категорияларының сипатына және сөйлемде атқаратын

қызметіне қарай тілдегі бүкіл сөздердің түрлі талаптарға бөлінуін зерттейтін морфология оқытылса. Сондай-ақ синтаксистің бір арнасы сөз тіркестері, сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері, жалпы сөйлем туралы толық білім беруге бағытталса.

Себебі дидактикадағы жеңілден ауырға қарай, қарапайымнан күрделіге қарай, сатылы сабақтас-тық, білімнің оқушының жас және психологиялық ерекшелігіне сәйкес болуы секілді ұстанымдардың табиғи түрде жымдасып, оқу процесіндегі үзіліссіздіктің сақталып отыруына әкеледі.

«Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» өзге тілді оқушыларға қазақ тілінде «қойылған сұрақты, қайтарылған жауапты түсіну, қысқа мәтінді тыңдап, түсінігін айту, жауап қайта-ра алу» деген талаптар қойылғандықтан, қатысымдық жаттығулар жүйесі тілді практикалық деңгейде меңгеруге бағытталуға тиісті. Сонда қатысымдық жаттығулар жүйесінің оқыту процесінде атқаратын рөлі төмендегідей:

- жүйелі түрде білік пен дағдының қалыптасуын дамытады;
- тілдің ерекше тілдік материалын (фонетика, орфоэпия, орфография, лексика т.б) қолдануы үшін тиісті әрекеттер ескертіледі;
- интерференциялық ықпалға ұшырайтын, тілдің өзіне тән ерекшеліктерін, қиындықтарын мең-геруінің, ана тілі тасымалдауы тиімділігінің процестерін анықтайды;
- жаттығулардың қарапайымнан күрделіге ауысуын жүйелі түрде іске асыруға бейімдейді.

Қорыта келгенде, қатысымдық жаттығулар жүйесі оқыту процесін сапалы өткізуге, оқушының сөйлеу әрекеттерін (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) тез меңгеруіне ықпал етіп, нәтижесінде өз ойын, пікірін, болып жатқан оқиғаны, тағы да басқаларды дұрыс бағалап, айта білуге дағдыланды-рады.

Ал келесі сатысында қазақ тілі пәні осы білімдердің осы оқушының жеке бас мәдениетін дамы-туға тірек ретінде алынуын, яғни тілдік білімнің оқушының коммуникативтік құзырлығын, дамытуды көздесе.

Тіл білімі туралы теориялық мағлұматтарда әр кезеңде қайта еске түсіріп отыру (қайта қарасты-ру) дұрыс емес. Керісінше, білімнен білікке, біліктен мәдениетке қарай бірте-бірте дами отырып иге-рілетін тілдік білімнің пәндік-мазмұндық жүйесін құру қажет. Оқушыға тілдің тек грамматикалық ережелердің жиынтығын ғана емес, тілдің танымдық көкжиегінің кеңдігінің, ұлттық рухани мұраның, жас ұрпақтың болашақ дамуының тетігі екендігін сезіндіретін оқу материалдары негізінде сапалы бі-лім мен сапалы тәрбие беру қажет.

Орыс тілді оқушылар қазақ тілін оқу барысында тілдегі қолданылатын түрлі атауларды ана тілі-нің таңбаларының үстіне қосымша таңбалар ретінде қабылдайды. Мысалы, әріп, дыбыс, сөз т.б. Оқу-шы екінші тілдің таңбаларын нашар меңгерсе, сөз жасаушы қосымшалар сөйлеуді қиындатады. Оқу-шы тек негізгі мәліметтерді есте сақтауы мүмкін. Есте сақтау тілді меңгеру үшін жеткіліксіз. Оқушы-да тілдік таңбаларды дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру керек.

Психологтардың пікірінше, тіл үйретуде оқушының оқу қабілетіне, оның ана тілінен алған білі-міне сүйеніп, екінші тілде сөйлеу дағдыларын сапалы қалыптастыру пайдалы. Сонда ғана қажетті дағдылар орнықты, нық қалыптасады.

Тілді үйренуде оқушының қабылдау үрдісінің қызметі ерекше. Тіл үйренуде есту және қабыл-даудың орны бөлек. Өйткені тіл үйренуде оқушылар алдымен ауызекі сөйлеуге үйренеді. Онда ды-быстарды, сөздерді есту, сөйлеуді қабылдау арқылы үйренеді. Бұл жоғарыда көтерген мәселеге сай келеді, яғни ауызша сөйлеу, таңдау, тілдесу дағдыларын меңгерту.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүд-делі жаңа білім беру өте-мөте қажет» деп Елбасымыз атап көрсеткендей, қазіргі таңда Қазақстанда бі-лім кеңістігінде жаңа бағдар жүйесі жүріп жатыр. Бұл процесс орыс аудиториясында қазақ тілін жүр-гізудің талаптарын өзгертуге жол салады.

Қазіргі уақытта оқу бағдарламасына жаңа үрдістер, жаңа оқу технологиялары енгізіліп отыр. Оқытушы сабақ беруде өз шеберліктерін шыңдап, дамыту үшін жаңа оқу технологиясының алуан түрлерін меңгеріп, оны өзінің күнделікті сабағында қолданып отырады.

Технологияның тиімділігі, оның болашағы маманның психологиялық ерекшелігіне, іскерлігіне байланысты. Бұдан шығатын басты талап субъектінің мән бере оқуы, жеке бастың даму диагностика-сы, жағдайларды жобалау, ойлы ізденістер диалогы, оқулықтағы тапсырмаларды өмірмен байланыс-тырып беру.

Оқу-тәрбие процесінде жаңа технологияның кейбір аспектілерін даралап көрсетуге болады:

1. Тыңдаушылардың оқу үрдісіне қызығушылығын тудыру.
2. Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, оны жетілдіру.

3. Кең көлемде дамытып, білімді терең игеруіне жағдай туғызу.

4. Білім сапасын көтеру.

Инновация дегеніміз — ол тек аудио-, бейне-, компьютер ғана емес, ол жаңа әдіс-тәсілдердің, идеялардың жиынтығы. Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу студенттердің саналы да, сапалы білім алуының бірден-бір шарты. Инновациялық процесті жүзеге асыру үшін төмендегідей жұмыс істелуі тиіс.

Біріншіден, оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану.

Екіншіден, тыңдаушылардың ойлау қабілетін, жаңалықтарды тең қабылдауын қалыптастыру.

Оқытушы көбінесе оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолданғаны жөн. Оқыту технологиялары оқу процесіне, сабақ түріне байланысты жан-жақты: проблемалық оқыту, ойын арқылы оқыту, тірек сигнал арқылы оқыту, компьютерлік оқыту, электронды оқыту, коммуникативтік технологиялар, инновациялық оқыту, жаңа технологиялар бойынша оқыту.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпараттарды білуге жол ашады. Тыңдаушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысын және олардың танымдық белсенділігін арттырады. Орфографиялық, лексикалық дағдыларын қалыптастырады.

Сонымен қатар оқу процесінде ойын алдыңғы орында, яғни, ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын арттыру жеңіл болмақ.

Ойын — қоғамдық тәжірибені қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеттің бір түрі, яғни тәртіпті, өзін-өзі басқаруды жетілдіреді.

Сабақта ойын элементтерін қолдану тыңдаушылардың белсендігін арттырып, оларды ынталандырады, теориялық білімдерін практикада қолдануға үйретеді, іздендіреді. Біз ойын элементтерін сабақта екі түрлі мақсатта пайдаланамыз.

Біріншісі — тыңдаушылардың сабаққа қызығушылығын, ынтасын арттыру, тілін дамыту, екіншісі — тыңдаушыларды тапқырлыққа баулып, зейінін, байқампаздығын арттыру және ойлау қабілетін дамыту.

Қазақ тілін үйретудегі негізгі мақсат тыңдаушылардың тілдік қорын дамыту, іс жүзінде ауызша сөйлей білуге үйрету, сонымен қатар тәрбиелік жағына да мән беру, қазақ халқының мәдениетімен, тарихымен, әдебиетімен таныстыру. Қазақ тілі шет тілі болып табылатын ортада бұл мақсатқа жеткізетін жолдың бірі — коммуникативтік технологияны пайдалану.

Тілдік орта туғызып бағытталған ситуация бойынша сөйлету қарым-қатынас тудырудың мағыналы негізі болса, бағытты түрде меңгертумен сөйлету ерекшелігі жаңашылдыққа жатады.

Тілдік қарым-қатынас тудыру негізінде және байланыстыра оқытуда сөйлету, естіп қабылдау, оқу, жазу тілдерін пайдалану оқытудың негізгі жолының бірі болып табылады.

Оқытудың негізгі мәні, ерекшелігі тілдік байланыс тудыруда жүйелілік түрін (сөйлесу — диалог, әңгімелеу — монолог, диалогпен, диалогтағы монолог, полилог) сақтау болса, сөйлесу барысында (цикл, кезең, микродиалог) сөйлетудегі ауызекі жанры бойынша (монолог — сөйлесу, талдау, дәлелдеу, пікірталас т.б.), сонымен бірге бөліп сөйлетудегі әрекет әсері және түрлі жағдаймен тақырыптар пайдалану оқытудағы түрлі өзгерістерді байқатады.

Коммуникативтік технологияны оқытудың тиімді жағы өте жоғары: оқу жылдамдығы, диалог және монолог құру, тыңдап қабылдау (аудирование) және бақылау жұмыстарында білім сапасы өсіп отырғаны көрінеді. Сөйлеу мәнерінің жақсаруы, тілдік қорының баюы, қарым-қатынас дағдысының қалыптасуы, оқу жылдамдығының өсуі, студенттің ойлау қабілетінің кенеюі, қызығушылығы, өз бетімен жұмыс істеу дағдысының қалыптасуы, бұның бәрі тіл үйренуші білімінің сапасы жоғарылауына әсер етеді.

Коммуникативтік әдіс студент пен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асады. Яғни, бұл әдістің басты мақсаты — тыңдаушылардың практикалық сөйлеу тілін дамыту. Қатысымды сөйлеу жағдаятын (ситуация) тудырудың маңызы зор.

Сөйлеу жағдаятына байланысты бір-екі мысал келтірейік.

1. *Сіз Алматыға билет алайын деп келдіңіз. Кассирден билет сұраңыз.*

2. *Сіз кітапханаға келдіңіз. Өзіңізге қажетті кітапты сұраңыз.*

Мұндай ситуациялық тапсырмалар студенттердің қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, ойлау қабілетін арттырып, сөйлемдер құрастыруына мүмкіндік береді.

Пікірсайыс әдісі шығармашылық ойды, студент пен оқытушының арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырады. Тыңдаушының белсенді жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Пікірсайыстың тақырыбы алдын ала беріліп, студенттер сол тақырып көлемінде дайындалады. Басты шарт — тақырып әр түрлі көзқараста пікірталас туғызатындай болуы керек. Тыңдаушылардың тақырып жөнінде айтылған сөздерінің грамматикалық жағынан дұрыс болуы, тыңдаушылардың сөзінің дәлдігі, ойға сыйымдылығы ескеріліп отырады.

Әр студенттің сайыс кезінде тақырыптан ауытқымай шебер сөйлеу ерекшелігі, тыңдаушының шешендік қасиеті мен сөйлеу мәдениетінің деңгейі бағаланады.

Пікірсайыс белгілі бір мәселе жөнінде жай басталады да, екі жақты дауға ұласады. Әр топ өз көзқарасын дұрыс деп сендіруге тырысады. Пікірсайыстың қолданыс аясы, оның уақыты шектеулі, әр студентке өз ойын дәлелдеу үшін 5–6 минут беріледі. Пікірсайыста төреші жеңімпазды анықтайды.

Пікірсайыс өткізудің маңызы мынада:

1. Шешендік дағдыны жетілдіреді.
2. Талқыланып жатқан мәселені жан-жақты қарап, ойлап толғануға, оның деректерін зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, дәлелдеуге жетелейді.
3. Айтысу этикасын сақтауға және шыншыл болуға тәрбиелейді.
4. Анық, әсерлі, нақты сөйлеуге баулиды.

Бейне арқылы сабақ беру әдісі кейінгі кезде кең тараған әдістердің бірі болып табылады. Видео арқылы тыңдаушыларға қысқа үзінділер көрсетіледі. Жаңа сөздердің аудармасы беріледі.

Бейнеде көрсетілген үзіндідегі сұхбаттың қазақ тіліндегі варианты беріледі де, соңынан осы тақырыптарға байланысты жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Бейнекөрініс бойынша тыңдаушылар қысқаша түсініктерін айтады.

Бейнекөрініспен жұмыс жасау тыңдаушылардың есту мүмкіндігін ғана жетілдіріп қоймай, сонымен бірге көзбен байқау түсінігін де дамытады.

Әдіскер-ғалым Қ.Қадашева бейнематериалдарды тандау, сұрыптау мәселесін былай саралайды:

- бейнематериалдар кімдерге арналған?
- бейнекөріністердің тақырыбы оқу материалдарына сәйкес келе ме?
- жаңалығы, қойған мәселесі, қажеттілігі, мағынасы т.б.;
- сюжеттің өзектілігі, пәрменділігі, түсініктілігі т.б.

Бейнекөрініс бойынша берілген сұраулардың маңызы ерекше. Ол студенттерді сұраққа дұрыс жауап бере білуге төселдіру тәсілі болып табылады. Бейнекөрініс бойынша берілген сұраулар студенттің қызығушылығын арттырып, талқыланатын тақырыптың мазмұнын ашатын болуы керек.

Соңғы кезде қолданылып жүрген технологиялық әдістің бір түрі — *жобалы сабақ өту әдісі*. Жобалы сабақ белгілі бір тақырыпты немесе тарауды өтіп болған соң, жүйелеп қорытындылау түрінде семестр соңында, жыл аяғында өтіледі. Жүйелеп қорытындылау кезінде әр тақырыптан соң тест, бақылау жұмыстары жүргізіліп отырады. Әрбір тақырыптан соң аралық тест, әрбір тараудан соң қорытынды тест алынады.

Бұл әдістің маңызы тыңдаушылардың алған білімін бақылаумен, жүйелеумен, оны іс жүзінде қолдана білуімен ерекшеленеді.

Жаңа технологиялық әдістің бірі — *саралап оқыту әдісі*. Бұл әдіс тіл үйренушінің туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуы мен жан-жақтылығына негізделіп студенттер қабілеті мен қабылдауына байланысты топтарға бөлініп оқытылады. Мұндай әдіс тыңдаушы мен оқытушының шығармашылық қызметін дамытуға тыңдаушыға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді.

Технология — бұл қандай да бір жұмысты, өнерді, шеберлікті іске асыру жиынтығы. Жаңа технологияны меңгеру — ізденіс, ұстаздың қажырлы еңбегі жолындағы ынтасы.

Бүгінде жаңа технологиялар өз қолдауын тауып, оқу үрдісінде қолданылуда. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады. Бүгінгі таңда оқу процесінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар оқытудың жаңа әдістері, яғни инновациялық әдістер де, жиі қолданылып жүр.

Оқу процесінде оқытудың озық технологиясын қолдану — бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Олай болса, бұл технология оқытушылардың шығармашылықпен жұмыс істеп, жаңалықтарды дер кезінде қабылдап, өңдеп, оны өз ісінде тиімді қолдана білуін айрықша талап етеді.

Қазақ тіліндегі сөйлемдер айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрық мәнінде келеді, оларды айту арқылы біз сезім, тілек, өкініш, қуаныш, бұйыру сияқты адамның әр түрлі психикалық көңіл-күйін білдіреміз. Яғни, оқушылар бір-бірімен сөйлеу барысында тілдің эмоциялық жағын, интонация ырғағын ымдау, қол қимылдарын пайдаланады. Тілдің эмоциялық жағын да меңгереді.

Оқушының түрлі сезім мүшелеріне әсер етуде көрнекілік пен техникалық құралдардың әсері өте күшті екенін дәлелдеуді керек етпейді. Дегенмен, оқушының сезім мүшелерінің бәрін іске қосу арқылы тіл үйретудің мәні зор. Көру, есту мүшелері, ойлау, жазу арқылы оқушының зейінін бір мәселеге аудартудың бәрі оқушы сезіміне жан-жақты әсер етуге әкеледі. Ол үшін арнайы амал-тәсілдер, құралдар қолдану арқылы сабақты жақсы жоспарлаудың маңызы ерекше.

Сөйлеу компоненттерінің 5 түрі: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім негізгі құзыреттіліктері оқушының ақпаратты қабылдау және өз ой-тұжырымдарын қорытып шығару әрекеттеріне сүйене отырып, анықталады. Тілді оқыту тілді үйретумен бірге адамды тәрбиелеу үшін қатар жүреді. Тіл арқылы оқушылардың іскерлегін, сөйлеу дағдыларын, әдептерін, қатысым мәдениетін қалыптастырамыз, яғни «Оқу мен тәрбие — егіз» деген қағидаға сүйенеміз. Сабақта оқытушы мен оқушының ынтымағын нығайту мәселесі бірінші орында тұрады. Оқытушы оқушыларға білім алудың қажеттілігін, бірнеше тіл білген адамның болашағының зор екендігіне сенім білдіруі өте тиімді әдіс. «Игі істің басы — тіл, тәрбие басы — тіл», — дейді Махмұт Қашқари. Игі істің бастамасы жақсы болса, соңғысы игі нәтиже беретіні анық. Тіл мәртебесі — ел мәртебесі. Өркениетті елдердің қатарына қосыламыз десек, мемлекеттік тілімізді тиісті деңгейге көтеруге керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Аренова Т.В.* Тілдерді оқытудағы жаңа бағыт // Қазақ тілі: әдістеме. — 2008. — № 1. — 12–17-б.
- 2 *Қадашиева Қ.* Қазақ тілі. — Алматы: Атамұра, 2002. — 224-б.
- 3 *Әбуханова Т.М.* Орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқытудың мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. — 2010. — № 2. — 57-б.
- 4 *Оразбаева М.* Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. — Алматы: Атамұра, 2001. — 102-б.

Б.М.Айтбаева, Т.Мухтарова

Методика обучения казахскому языку в русских группах высшего учебного заведения

Одним из важнейших приоритетов государственной политики является повышение методической компетентности преподавателей казахского языка. В этом плане особое внимание уделяется разработкам преподавателей-практиков с целью интенсификации процесса обучения казахскому языку. Авторами статьи предлагаются собственные методики обучения различным видам речевой деятельности, где особое внимание уделено применению инновационных технологий. Цель применения современных технологий при обучении государственному языку — интенсификация процесса обучения и повышение его результативности. Особое внимание в предлагаемых методиках уделено развитию речевых и коммуникативных навыков, активизации познавательной деятельности обучаемых, систематизации процесса обучения.

In this article the author gives the answer to the question of teaching of Kazakh language as the specialty. Using different methods and types of works. Also shows the effectiveness of using the active words, texts to increasing the interests of students. The persons who trained in this system interact with each other not only on the basis of the similarity of interests, but also on the instructions of teachers, offering them a single project for the study. Because such projects require a different kind of activity, the teacher can assemble temporary groups of students, previously allocated groups, sharing between them the duties and responsibilities, respectively, individual abilities.

ӘОЖ 003.07:323(574)

Г.С.Амангелдиева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Әбіш Кекілбаевтың танымдық публицистикасы

Автор белгілі жазушы және публицист Әбіш Кекілбаевтың публицистикалық шығармашылығымен таныстырады. Материал ретінде оның қазіргі кезеңдегі қазақ халқының өміріндегі оқиғалар мен құбылыстарға және қазақ қоғамына нақты баға берілетін «Жыр сұлтаны туралы сөз», «Ақындықтың асқар шыңы» жарияланымдары таңдалған.

Кілтті сөздер: қазіргі қазақ әдебиеті, заңғар тұлға, көркем ой, қоғамдық-мемлекеттік үрдістер, суреткерлік қайраткерлік еңбектер, көркемдік әлем, үздік туындылар, қаламгерлік-стильдік машық, дара суреткерлік дербестік, сын мақалалар, публицистикалық толғаныстар.

Қазіргі қазақ әдебиетінде жазушы Әбіш Кекілбайұлының орны ерекше. Мұны оның қаламдас ағалары да, құрдастары да, інілері де, тіпті, әр саладағы мың-мыңдаған замандастары да айрықша сүйіспеншілікпен айтатынын естіп те, көріп те жүргенімізді жасыра алмаймыз.

Әбіш Кекілбайұлы — заманымыздың бір заңғар тұлғасы. Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да оңайға түсе қоймас. Өйткені Кекілбаевтың өзі — бір әлем. Шүкір, қазір сол ғажайып әлемді зерттеп, оның ерекшеліктеріне шұқшия үңіліп, Кекілбаевтың шығармашылық өнері туралы пікір білдіріп, еңбек жазғысы келген әрбір адам бұрынғы айтылған сөз, жазылған дүниелерді қайталағысы келмей, тың жол тапқысы келетіні де табиғилық. Кекілбаевтай шешендікпен сөйлеп, Кекілбаевтың шеберлігіндей жазу — тек сол Әбіш Кекілбаевтің үлесіне тиген жеке тұлғалық ерекше қасиет.

Әбіш Кекілбайұлының тәуелсіз еліміздің рухани көркем ой санасын және қоғамдық-мемлекеттік үрдістерін қалыптастырудағы, дамытудағы, өркендетудегі, көркейтудегі ұшан-теңіз суреткерлік әрі қайраткерлік еңбектері халқымыздың көкірегіне мейлінше ыстық қалпында ұялаумен келеді. Мұның ресми түрдегі шынайы көрінісіне 2005 жылғы «Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен наградталуын айтар едік.

XX ғасырдың 60-жылдарынан бері күні бүгінге дейін оның әр кездегі сын мақалалары да, алуан-алуан әңгімелері де, кесек-кесек повестері де, қадау-қадау элеуметтік-философиялық романдары мен «Абылай хан» халықтық қаһармандық драмалық дастаны, сондай-ақ Шекспир, Толстой, Чеховтардың ана тіліміздегі классикалық аудармалары да, көшелі-көшелі публицистикалық ой-толғаныстары да ұлы суреткер Әбіш Кекілбайұлының қазақ әдебиетіндегі ғажайып планетасын — көркемдік әлемін дәлелдейтінін барша қауым, күллі оқырман әбден жақсы білетінін жокқа шығару әсте мүмкін емес!

Әбіш Кекілбайұлы өзінің осынау шығармашылық шалқар болмысына — әрдайым толассыз да тебірене толқитын қалам мұхитына — қыруар қажыр-қайратының берекелі бейнетқорлығымен қол жеткізген.

Ә.Кекілбаевтің үздік туындыларының қай-қайсысында болмасын «бір шөкім бұлт пен бір уыс топырақтың» ғажап сиқыры мен ғажап құдіретінің теңдесі жоқ көркемдік сипатқа шынайы ие болуында сөзбен жеткізе алмайтын тәңірлік бір тылсым жатса керек. Сөйте тұра, оның шығармалары мейлінше нәзік әрі асқақ, мейлінше нақты әрі күрделі!

«Бір шөкім бұлт» повесінен бастау алған қаламгерлік-стильдік машыққа, дара суреткерлік дербестікке — ең алдымен қарымды қаламды, терең ойлы прозаны бірден жатқызған болар едік. Оның

үстіне автордың сын мақалаларында, публицистикалық толғаныстарында әрқашанда басты доминанта — жетекші күш болып табылатын әрі кең өріс тапқан ойшылдық арнасы кейіннен Әбіш Кекілбайұлының бірден бір суреткерлік ерекшелігіне, стиліне, бүкіл шығармашылық болмысына, тұлғасына айналып кетті. Сөйтіп, қазақ көркем сынына, қазақ көркем прозасына жаңа бағыттағы, жаңа сападағы, жаңа тұрпаттағы — философиялық сипаттағы сын мен философиялық тіндегі, философиялық құрылымдағы, философиялық стильдегі әңгімелер, повестер, романдар тәрізді әр алуан кемелді де қуатты дүниелер қосылды. Солардың қатарында «Күй», «Бәсеке», «Ханша Дария хикаясы», «Шыңырау», «Автомобиль», «Құс қанаты», «Бір шоқ жиде», «Шеткері үй» повестері; «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» романдары; үш ұлы бидің бірі — Әйтеке би туралы тарихи-танымдық кітабы, «Абылай хан» халық қаһармандық драмалық дастаны мен ұлы ақын Махамбет жайында «Шандоз» тарихи баяны; «Тасбақаның шөбі», «Есболай», «Керек адам», «Міне, керемет», «Көлденең көк атты», «Ақырғы аялдама», «Ажар», «Аш бөрі» әңгімелері; «Дәуірмен бетпе-бет», «Заманмен сұхбат», «Үш белес», «Ұйқыдағы арудың оянуы», «Талайлы Тараз» атты кітаптарындағы ғажайып көркем эсселері тәрізді алуан-алуан дүниелер қосылды. Қазіргі қазақ әдебиеті осындай туындыларымен көркем ой санасында әлеуметтік қоғамдық, көркемдік руханият кеңістігінде талай рет түледі, талай рет өрістей-өркендей түсті, талай рет сілкінді деп білеміз. Бұл туындылар Әбіш Кекілбайұлының ғажайып суреткерлік таланты мен даңқын алыс және таяу шет елдерге кеңінен мәшһүр етті. Кейбір туындылары өзімізден гөрі өзге елдерге бірнеше рет қайта-қайта басылып, әлемдік көркем сын мен әдеби-мәдени, қоғамдық ортада жұртшылықтың жүрекжарды лебіздеріне ие болып, жоғары бағаланды. Осы орайда, әсіресе неміс және орыс әдеби-көркем сынындағы суреткер шығармашылығы жайындағы әр алуан сын мақалаларының жарияланғанын атап айтқанымыз орынды.

Ә.Кекілбаевтің кез келген шығармасын шартты түрде біртұтас организм десек және сол организмнің бүкіл тіршілік, бүкіл көркемдік талшықтары-түтіктері, ет пен сүйегі, сіңірі мен тамыры, жұлыны мен жүйкесі, қан айналымы мен дем-тынысы — мәңгілік өмірдің мәңгілік ойларынан ғана түзелген тәрізді. Сондықтан болар, ұлы суреткердің ой кешуі де мәңгілік таусылмайды. Әсіресе тәуелсіздік жылдарындағы «Заманмен сұхбат» (1994), «Әдебиет әлемі, өнер өрісі» (1999), «Абылай хан» (1997) халықтық қаһармандық драмалық дастаны мен «Үш белес» (2001), «Талайлы Тараз» (2002) және тағы басқа ой-толғаныстары, мақалалары топтастырылған кітаптарын айтар едік.

Ә.Кекілбаевты біздің қазақ оқушысы, қазақ қоғамы ең алдымен ақын, жазушы ретінде таныды. Кекілбаев толғанса — роман, көсілсе көсемсөз туады. Өндіріп, өнімді жазатын суреткер. Туындыларының көрінісі көркемдігімен, кейіпкер бейнелері шежірелі шешендігімен, оқиғасы тарихи деректілігімен қатар өріліп, астарлы сөз, ой дариясының тұңғиығына шомдырады.

Әбіш Кекілбаевтың әдеби шығармалары, әдебиет туралы өте зерделі сын мақалалары бұрынғы «Лениншіл жас» (бүгінгі «Жас алаш»), «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Жұлдыз» журналында жарық көріп келеді. Сын мақалаларымен қатар Кекілбаевтың көптеген әдеби шығармалары дүниеге келе бастағанда көптеген ізденушілер қажетін тауып, күткені келгендей қуанған. «Күй», «Шыңырау», «Ханша Дария хикаясы» деген жазушының сол кездегі шығармалары оқырманның дүниетанымына жаңа бір рухани серпіліс берген. Осыдан 5–6 жыл бұрын жарыққа шыққан Ә.Кекілбаевтің 25 жасында жазған «Күй» повесі бойынша түсірілген «Кек» фильмін бүгінгі көрермендер де түсініп, жылы қабылдады.

Ә.Кекілбаевтің қоғамдағы феномені — оның толассыз ізденгіштігі мен зерттеушілігі, сол қазынасын жиылған жүк құсатып тең-тең етіп қоймай, түйдек-түйдегімен оқырманына — еліне, жұртына тасқындатып төгіп жатуында. Сондықтан да әдебиет сүйер қауым Әбекең не жазды екен деп күтіп, көңілін қалдырмаған, қаламы демікпеген, шабыты сарқылмаған жазушы, қоғамның сергек сарапшысы. Асқар Сүлейменов өзінің бір мақаласында былай деп жазыпты: «Кекілбаев дарыны мейлінше ғибратты дарын. Оның кеңістігінің өзінен ұғымтал көкірекпен жіті көз адуын өнердің мінезін көреді» [1].

Публицистің «Аңыздың ақыры», «Үркер» және «Елең-алаң» атты тарихи романдары тек тарихи шежіре емес, бүгінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астасып, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына ұмтылатын мінез тәрбиелерлік қуатты шығармалар. Әбіш Кекілбаевтың қай қасиетін сөз етсек те, ең алдымен қазақ санасында оның әдебиет сыншысы, шебер, көркем шығарма жазушылығы алғы кезекке шығады. Әдебиетке бала кезінен мол дайындықпен келгені оның терең шығармаларынан айқын көрінеді. Әдеттегідей жасқана, имене әдебиеттің есігін ашқан жас өскін емес, білімі толық, кемелі келісті, қаламы төселіп, дауысы орныққан дарын иесі екендігі шүбәсіз, нық басқан салмақтылықпен келді. Ол өзінің көркем сөз зергерлігімен біздің рухани өмірімізді байытты, көзіміз-

ді ашты, көкірегімізге ұлттық сенім, сана ұялатты. Жазушы Әбіш Кекілбаевтың көркем шығармаларының қай-қайсысы болсын оқырманын бейжай қалдырған емес. Қоғамның елеулі оқиғасы, құбылысы болып, еніп жатты. Өткен XX ғасырдың 60–70-жылдары қазақ әдебиетінің Қайта өркендеу дәуірі болды десек, қателесе қоймаспыз. Кезінде, көзі тірісінде «Алыптар тобы» атанып, елдің, қоғамның рухани көсемдеріндей болған Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин сынды әйгілі суреткерлердің ізін баса, өкшелес келген Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Әбдіжаміл Нұрпейісов, Ілияс Есенберлин қазақ әдебиетін дамудың жаңа кезеңіне көтерумен бірге қоғам қайраткерлері ретінде танылды. Әдеби шығармалар үздіксіз сұранысқа ие болып, қоғамның қозғаушы ірі күшіне айналды. Әдебиеттің, әдебиет қайраткерлерінің қоғамда мәртебесі артты, беделі өсіп, тұрақтанды. Адамдар олардың зиялы сөз, саналы ойына құлақ асты. Зейін қойды. Осы тұста келіп қосылған жас толқынның екпіні де, сарыны да, әуезі мен үні де ерекше қуатты еді. Олардың өрнегі, қаламгерлігі де жаңа серпінге толы болды. Шоғыр жұлдыздар қатарындағы Әнуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменов, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Сайын Мұратбековтың әрқайсысы бір ой мен сөздің сәнін түзеген жасаулы керуендей әсер қалдырады. Әбіш Кекілбаев туралы сөз айтуға талпынсақ, оның азаматтық қызметінің кең ауқымдылығы мен тұтас тұлғасының жан-жақты, көп салалығымен бетпе-бет келетініміз хақ. Біразын айтып көрейік: Әбіш Кекілбаев — жазушы, философ, тарихшы, аудармашы, шешен, мәдениеттанушы, ғалым, публицист, өнертанушы, әлеуметтанушы, саясаттанушы және қайраткер.

Ә.Кекілбаевтің кез келген ортада, кез келген мінберден тауып сөйлеп, көңілдің хошын көтеріп кететіні туралы оны сүйсініп тындайтын адамдар арасында аңызға парапар әңгімелер айтылады.

Ал басылым беттерінде әдеби саламен өзге де салаларға қатысты дүниелері жарық көрді. Жеке тарихи тұлғаларға арнап жазылған дүниелер де көп. Олардың біразын атап көрсетуге де болады: «Қазақ әдебиетінің» 1999 жылғы 26 ақпандағы санында «Өмірлі өнеге» деп аталған Өзбекәлі Жәнібекке арналған қысқаша мақала жарияланады. Онда автор Ә.Кекілбаев: «Несін айтасыз, жапан түзге жеке біткен көк сеңгірдей дара тұлға еді. Өтіп бара жатқан ғасырда қазаққа талай-талай мүйізі қарағайдай ұл сыйлаған жомарт Құдайдың бір бердім деп берген перен перзенті еді», — деп ұстазын еске алады. Мақала бойы Өзбекәлі Жәнібектің қандай ұлағатты жан болғанын, істеген жақсылықтарының ерен екендігі көрсетіледі. Елі мен жері туралы жүрекжарды сырлары мен ойларының көпшілігі көкірегінде кетті. Бір парасы ғана қағазға түсіп кітап боп қаланып қалды. «Ортамызда жүрмесе де, мерейі үстем, өнегесі өмірлі бола бергей», — деп аяқтайды [2].

Сондай-ақ жазушы 1993 жылы Егемен Қазақстан газетіне «Күй құдіреті» деген көлемді мақала жазады. Құрманғазы Сағырбайұлының 175 жылдық тойы қарсаңында жазылған бұл дүние аталмыш газеттің 1 бетін толық алып жатыр. Газеттің 6 қазанындағы санында «Күй құдіреті» деген тақырыппен тағы бір беттік мақала басылып шығады. Қос материалда автор күй құдіреті туралы, Құрманғазының кемеңгерлігі жайлы толғамды өте бай дүние айтады. Күйшінің кейінгі ұрпаққа қалдырған дүниесінің маңыздылығы жайлы, ұлт, намыс, жігер жайында сөз қозғайды. «Егемен Қазақстан» газетінің сол жылғы 8 шілдедегі санында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 100 жыл толуына орай «Жыр сұлтаны туралы сөз» деген көлемді дүниесі жарық көреді. Мақалада қамшының сабындай қысқа өмірінде артынан өшпес із қалдырып кеткен жас ақын өмірінің жазылмай, айтылмай келген жасырын тұстары көрсетілген. Шындықтың ауылын іздеп жолға шыққан албырт шәкірттің қиуы қиын өмірдің саяси құрбаны болғаны жайлы сөз қозғалады. Мақала соңында мынадай сөз тастайды: «Кәне, халайық, сондай ардағымызды, баршамыз үшін шыбындай жанын шүберекке түйіп, тығырықтай шығар жол іздеген рухани әкеміздің, асыл ұстазымыздың, өнегелі көсеміміздің, абзал ақын — нағыз Жыр сұлтанының өсиеттерін ерекше қастерлейтінімізді білдіріп, ең болмаса, бір ғасырда бір рет есімізге алып, орнымыздан тұрып, өлмес аруағы, өшпес даңқы алдында шексіз риза сезіммен бас иелік.

Рахмет. Ықыластарыңызға Алла разы болсын» [3].

1996 жылдың 11 сәуірінде Мәскеудегі Одақтар үйінің бағаналы залында ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына арналған салтанатты кеште жасаған баяндамасы «Егемен Қазақстан» газетіне басылады. Мақалаға «Ақындықтың асқар шыңы» деген тақырып қойылған. Ә.Кекілбаев бұл баяндамада Жамбыл Жабаевтың ақындық өнері жайында айтып қоймай, ақынның бейкүнәлі екенін дәлелдей түседі. «Алайда бүкіл бір ғасыр бойында әлемде не болып, не қойып жатқанынан атымен бейхабар отырып, бір күнде аяқ астынан қасқағым сәтте не туралы болса да, кім туралы болса да, ең түпкілікті ақиқатты ақи-тақи түгендеп, біліп ала қойған жаңа «көріпкелдер» не айтып, не қойса да, Жамбыл мен оның жарқын поэзиясының басы бәрібір ашық».

Жамбыл большевиктердің саяси көзбояушылығынан жаратылған перзент емес. Жамбыл жалпақтап жаңа өкіметтің етегіне жармасудан атымен аман. Жаңа өкімет Жамбылдың етегіне қайта өзі жармасты» деп басталған мақала ары қарай былай жалғасады: «Ол күнде өздері де өрттей лапылдап қызыл шалғыны мойындарына байлап жүрген қазіргі ауыздарынан ақ ит кіріп, көк ит шығатын көкіме сыншы жерден алып, жерге салып бағуға тырысушылық сауатсыз шал сенген қисындар мен мұраттарға асқан білікті Максим Горький, Николай Бухарин, Пикассо сынды талай ғұламалардың да кәміл сенгендері де өтірік пе еді?! Ендеше, шындықты бетке айтудан тайсалмаған қайсар ақсақал қапелімде ондай мінез байқата қоймаса, большевиктердің асты-үстіне түсіп, арбап-баққандығынан ғана емес еді. Жаңа өкіметтің жұртқа берген уәделерінің көпшілігі көрместі көріп, кенегесі кетуге айналған талайсыз халқына байланысты көптен көңілінде шер боп қатқан армандарымен, үміттерімен дөп түскендігінен еді» [4]. Ә.Кекілбаев ары қарай да ақынның халық үшін жапа шеккендігін аша түседі. Көз жұмғанша еңсесін жықпаған Жамбыл бейнесі мақала бойында толықтай ашыла түседі. Ә.Кекілбаев әрбір тұлға жайында жазғанда әр дерек пен дәйекке ерекше мән беріп, анық та ашық, түсінікті етіп жазады. Әбіш Кекілбаевтың жеке тұлғалар жайында жазған келесі материалы «Азаматтың асыл бейнесі» деп аталады. Мақала «Егемен Қазақстан» газетінде 1996 жылы жарық көрген. Осы жылдың 12 қыркүйегінде ақын Тұманбай Молдағалиев жайлы жазған 1 беттік көлемді мақаласы жарық көреді. Мақала «Әдебиет — ардың ісі» айдарымен «Ақ ниеттің адал жыршысы» деген тақырыппен жарияланады. «Біздің қазақ өзін жылқы мінезді жұртпыз деп түсінеді. Онысы өзін-өзі мақтағаны емес, сынағаны» [5] деп басталған мақала Қорқыт, Асан қайғы, Абай Құнанбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев және Ахмет Байтұрсынов секілді қазақ тарихынан өз орнын алған тұлғалар турасында айта келе, отызыншы, алпысыншы, тоқсаныншы жылдардағы әдебиетке тоқталады. Сол кездегі әлеуметтік жағдайдың әдебиетке әсерін жазады. 50-жылдардан бастап таныла бастаған Тұманбай Молдағалиевтің өлеңдеріндегі лириканың өте шебер үйлескендігі, поэзияның дамуы барысы жайлы жазады. «Махаббат лирикасы, тек қыз-қырқынға ғана арналған жырлар деп ұғылады. Тұманбай ақын лирикасында тек ғашық жар ғана емес, абзал ана, сүйікті қарындас, қимас құрбы ретінде де адамгершілік, сүйіспеншілік пен сыйластық нысанасы ретінде көрініп, адамдық болмыстың ең бір нәзік, ең бір тұңғыық тереңдерінен сыр шертеді» [5] деп, Тұманбай Молдағалиевтің өлеңдері жар мен жардың, ана мен баланың ғана емес, адам мен адамның арасын жымдастырып, адами әлемді тұтастыққа айналдырып тұрғанын жазады.

Әр мақаланы тарихпен сабақтастырып отыратын Әбіш Кекілбаев Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығына орай жазған баяндамасында тарихты тереңнен қазбалайды. «Дүниеге қазақ перзенті болып туып, адамзат перзенті болып аттанған Мұхтар Әуезов тағдыры талай ақиқатқа қапысыз көз жеткізетін тағылым мектебі. Заманамен бірге тебіреніп, мәңгілікпен үндесе білудің айқын өнегесі» деп келтіреді [6].

Әбіш Кекілбаевтың әр мақаласынан көп дүниені танып-білуге болады. Мәселен, жоғарыдағы материалда: «Жеке адамдардың ғана емес, тұтас халықтың иманын қаза қылған қанды қуғын-сүргін жаппай үрейді дүниеге әкелді. Ол үрейді бастан кешпеген бір де бір азамат жоқ. М.Әуезовте сол үрейден өле өлгенше арыла алмай кетті. Сол себепті де ол көкейін тескен азаттық идеясы туралы, сол жолдағы қанды көйлек үзенділестері туралы жұмған аузын аша алмады», — деп жазушының бір қырын ашады [6]. Оның себебін де ашық көрсетеді. Осы секілді мысалды келтіре берсек, көлемді жеке бір дүние шығады. Әуезов құдіреті шексіз құдірет десек, ол жайлы толғану өлшеусіз болмақ. Газеттің екі бетін алып жатқан дүниені артық талдау бізге сын болар. Сондықтан Әбіш Кекілбаевтың келесі көлемді дүниесіне мойын бұрмақпыз.

«Ұстаз ұлағаты» деп аталатын мақала Ахмет Байтұрсынұлы жайында. Аса көрнекті мемлекет қайраткері, жазушы, ғалым, ағартушы турасында автор «Ахмет Байтұрсынов — ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға» десе, келесі бір жерінде «Ахмет Байтұрсынов бірінші кезекте халқының азаттығы, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттілігі жөнінде жан аямаған күрескер» деп келтіреді [7]. Сонымен қатар мақала бойында көптеген деректер айтып, ұлттығымызды сақтап, егемен ел болуға әрекет еткен еңбек жолы жайында бірнеше мысалдар келтіреді. 1917 жылғы құрылтай, мұғалімдік жолы, ұлт үшін деген әрбір әрекеті жайында осы күнге дейін ешкімнің назарына түспеген жатын тұстарды ашып айта келе, «Ахмет Байтұрсынов өз арманы жолында арыстанның аузына, зымыстанның түбіне бара жүріп, халқына қалтықсыз еңбек сіңіре білді» дейді. Мақала соңында Әбіш Кекілбаевтың «Ұлы іс ұстаған ұлғаяды... Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына үлес қосу қазақ баласына міндет. Қай ісіміздің де Құдай сәтін салғай! «Әумин» деп қол жайып, «Әуп» деп күш қосып, «Алла» деп іске кіріселік» деген жолдарымен аяқтайды [7].

Әбіш Кекілбаевтың қай мақаласын алмайық, соңы халықты бір істі бірге істеуге, бірігіп бас қоса жұмылуға шақырады. Оны жоғарыда келтірген мақалалардан көруге болады. Ол өзі дәріс алған ұстаздары жайында да көлемді дүниелер, естеліктерін газет бетінде жариялап келген. Соның бірі «Егемен Қазақстанда» газетінде жарияланған «Дегдар» атты мақала. Әбіш Кекілбаев ардақты ұстазы, аса көрнекті романшы, эссеші, әдебиет теорияшысы, академик Зейнолла Қабдолов туралы қалам тербеген. «Қазір уақыт тегеурінінің қай кездегіден де жіті аңғарып, терең сезінуліміз. Тоғысар жылдардың біреуі босқа келмейді. Біреуі босқа кетпейді. Оған көз жетті. Осымен екінші рет біздің жаңа жылдық қауышуымызда аса бір қымбат дидарды ұшырастыра алмай, аңтарылып тұрмыз. Ақсия күліп, алдымызда жүретін абзал ағаның Атыраудың ақ жал толқынды айдынындай ағынан жарылып, ақтарылып-төгілген ақпейіл мінезін, шуақты әзілі мен шұғылалы лебізін аңсап, дел-сал күй кешудеміз жуырда ғана кезекті мүшелін бастанғы жасағандай, алғаш рет өзі жоқта өткіздік» деп қайғыра, мұңайа Зейнолла Қабдоловты төмендегіше еске алады: «Бұдан екі жыл бұрын орны толмас қазаға ұшырап, қалғанымызға аттаған сайын көзіміз жете түсуде. Иә, біздің Зекең — Зейнолла Қабдолов — елден асқан ерек еді. Өйткені ол жұмыр дүниенің жұлынын дәл танып, жұмбағын дәл табатын зерек еді. Сондықтан да, оның орны ешкімге ұқсамайтын бөлек еді» [8].

Осы мысалдардың қай-қайсысы болмасын жеке алғанда да автордың әдебиетке деген суреткерлік принциптері мен эстетикалық көзқарастарын тайға таңба басқандай анық та кемел қалпында нақты көрсетеді.

Ең бастысы, Әбіш Кекілбаев өзінің ойлы да өміршең эстетикасын іс жүзінде де, яғни өзінің көркем туындыларымен де онан сайын мейлінше тереңдете, мейлінше биіктете, мейлінше нақтыландыра, мейлінше өрістете түседі, ғажайып құлпырмалы болмыс-құбылыстарымен ғажап дәлелдеп береді.

Бір айта кететін жайт, суреткер күні бүгінге дейін әдеби-көркем сыннан әсте қол үзген емес. Оның Төлен Әбдіқұлы, Темірхан Медетбек, Күләш Ахметова, Сауытбек Әбдірахманов, Сабыр Адай және тағы басқа әріптес іні-қарындастары жөніндегі мақалалары қазіргі көркем сынның бүгінгі биігі мен парасатын танытатынына нақты дәлел.

Әбіш Кекілбайұлының көркемдік күдіреті оның шығармашылық таланты мен даңқының қашан болсын әрдайым кемелденіп, бір тылсым күшпен төгілмей, тасымай, туламай өзінің мәңгілік жұмбақ болмысын ақтап, сақтап, арттыра ұстап тұра білетін суреткерлік дара құбылысында жатыр дейміз.

Бұған мемлекеттік және халықаралық әдеби сыйлықтардың, сондай-ақ «Тарлан» сыйлығының лауреаты Әбіш Кекілбайұлы ұлы суреткер, тіпті халықтың сүйікті жазушысы екеніне жоғарыда аталынған немесе аталынбаған көптеген туындыларын, тіпті болмаса, оның Он екі томдық таңдамалы шығармалар жинағындағы» [1] тек бір көркем дүниені ғана немесе барлығын тұтас оқысаңыз да көзіңіз анық жетеді деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. — 1-т. — Алматы: Өлке, 1999. — 399 б.
- 2 Кекілбайұлы Ә. Өмірлі өнеге // Қазақ әдебиеті. — 1999. — 26 ақп.
- 3 Кекілбайұлы Ә. Жыр сұлтаны туралы сөз // Егемен Қазақстан. — 1993. — 8 шілде.
- 4 Кекілбайұлы Ә. Ақындықтың асқар шыңы // Егемен Қазақстан. — 1996.
- 5 Кекілбайұлы Ә. Ақ ниеттің адал жыршысы // Егемен Қазақстан. — 1996. — 12 қырк.
- 6 Редакция алқасы. Әуезов туралы сөз // Қазақ әдебиеті. — 1997. — 30 қырк.
- 7 Кекілбайұлы Ә. Ұстаз ұлағаты // Қазақ әдебиеті. — 1997.
- 8 Кекілбайұлы Ә. Дегдар // Егемен Қазақстан. — 2008. — 9 қаңт.

Г.С.Амангелдиева

Познавательная публицистика Абиша Кекильбаева

Автор статьи знакомит с публицистическим творчеством известного писателя Абиша Кекильбаева. В качестве материала исследования выбраны опубликованные в СМИ материалы: «Жыр сұлтаны туралы сөз», «Ақындықтың асқар шыңы», «Әуезов туралы сөз» и др. Приводятся примеры, в которых дается точная оценка происходящим событиям и явлениям в жизни казахского народа. В статье рассмотрены материалы, повествующие о великих писателях, поэтах казахского народа, таких как А.Байтұрсынов, М.Ауезов, Т.Молдағалиев и Ж.Жабаев.

The author of the article acquaints with publicism work of the known writer and publicist Абиша Кекильбаева. As a research material are chosen published materials in mass-media: «Жыр сұлтаны туралы сөз», «Ақындықтың асқар шыңы», «Әуезов туралы сөз». The author of article does examples of materials which is given an exact assessment to occurring events and the phenomena of life of the Kazakh people. In articles materials are considered written about great writers of the Kazakh people: A.Bajtursynov, M.Auezov, T.Moldagaliev and Zh.Zhabaev.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Айтбаева Б.М.** — қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Акжигитова А.Ш.** — докторант PhD, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана.
- Алтынбекова Ж.М.** — оқытушы, Дарынды балаларға арналған мектеп, Қарағанды.
- Амангелдиева Г.С.** — журналистика кафедрасының магистранты, оқытушы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Аязбаева Б.К.** — доцент кафедры методики и практики русского языка и литературы кандидат филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Ботабек А.Ә.** — қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті.
- Бралина С.Ж.** — профессор кафедры классической и русской филологии кандидат филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Волошина О.А.** — старший преподаватель кафедры общего и сравнительно-исторического языкознания филологического факультета кандидат филологических наук, Московский государственный университет им. М.В.Ломоносова, Россия.
- Жаркынбекова Ш.К.** — доктор филологических наук профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана.
- Жұмағали З.** — қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Жұмағалиева Г.** — философия кафедрасының доценті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Загинайко О.Ю.** — докторант PhD Института магистратуры и докторантуры, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы.
- Иманбаева С.Б.** — магистрант, КГТИ – Лингва Орталық Қазақстан университеті, Қарағанды.
- Каренов Р.С.** — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Кенжеғалиев С.А.** — аға оқытушы филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Қуанышева С.М.** — преподаватель кафедры «Английский язык», Казахский государственный юридический университет, Астана.
- Мұхтарова Т.** — «Маркетинг» мамандығының 1-курс студенті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Нұрғали Қ.** — орыс филология кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана.
- Нұржанова Қ.** — магистрант, КГТИ – Лингва Орталық Қазақстан университеті, Қарағанды.
- Сағатова Г.Қ.** — қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті.
- Шильке В.В.** — магистрант кафедры классической и русской филологии, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.